

2
>

Аида Балаева:
Мемлекет
басшысы
халықтың әр
ұсынысын жеке
өзі қарады



12
>

Ұлттық ұлан
сарбазы
цифрлық
портал
әзірледі



16+



DIDAR

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТИ



1931 жылдың 24 қазанынан шығады

№10 (18570)

5 наурыз 2026 жыл

WWW.DIDAR-GAZETI.KZ

7
>

«БҰҚТЫРМА БАЛЫҚШЫСЫ»: БЕРЕКЕ-БІРЛІКТІ АЙШЫҚТАҒАН МЕРЕКЕ

11
>

Мақпал
Жүнісова
Тарбағатайда
ән салып жүр



20
>

Ата Заң
жобасын
қолдауға
арналған
ауқымды
live-концерт



#ICCAPAP

Аида Балаева: Мемлекет басшысы

Өскемен қаласына «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының өкілдері жұмыс сапарымен келіп, Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде шығармашыл-ғылыми және этномәдени бірлестіктер өкілдерімен, сонымен қатар жастармен кездесті.

Делегацияны Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бастап келді. Кездесуге ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Ұлықбек Тұмашинов пен Сергей Пономарев, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин, «Еуразия» бірінші арнасының баспасөз хатшысы Полина Шиманская және облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов қатысты.

Жиын жаңа Конституция жобасына және 15 наурызда өтетін республикалық референдумға арналды. Үкімет басшысының орынбасары жаңа Ата Заң жобасы жекелеген өзгерістерді емес, еліміздің одан әрі даму жолын стратегиялық тұрғыда айқындайтынын ерекше атап өтті.

– Біз жаңа Конституция жобасын талқылай отырып, тек түзетулер жайында айтып отырған жоқпыз. Біреулер айтқандай, ескіні жаңамен алмасты-

сияқты тұжырымдамалардан тұрады. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлы елдің Ата Заңының басты авторы деп атауға толық негіз бар. Мемлекет басшысы халықтан түскен әрбір ұсынысты жеке өзі қарап, сын-ескертпелерді де назардан тыс қалдырмай, жан-жақты саралап отырды. Сол себепті Конституциядағы көптеген қағидатты өзгерістер оның бастамасымен әзірленіп, Конституциялық комиссияның қарауына ұсынылды, – деп атап өтті Аида Балаева.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов жаңа Конституция жобасы ауқымды қоғамдық диалогтың нәтижесі екенін, азаматтар мен сарапшылар қауымдастығының ұсыныстарына сүйене отырып әзірленгенін айтты.

– Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасы – ауқымды, ашық және шынайы бүкілхалықтық жұмыстың нәтижесі. Елдің Ата Заңы азаматтардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, ғылыми және сарапшылық қауымдастықтың ұсыныстары ескеріліп әзірленді, – деді аймақ басшысы.

Кездесу барысында қатысушыларға жобадан бірқатар институционалдық жаңалықтар, соның ішінде қоғамдық қатысу тетіктері мен басқару жүйесінің тұрақтылығы мәселелері түсіндірілді. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұлықбек Тұмашинов бірқатар институттардың тарихи сабақтастығына және билік сабақтастығын қамтамасыз ету міндеттеріне тоқталды.

– «Құрылтай» атауы – ғасырлар қойнауынан жеткен тарихи ұғым. Хал-



– Біз жаңа Конституция жобасын талқылай отырып, тек түзетулер жайында айтып отырған жоқпыз. Біреулер айтқандай, ескіні жаңамен алмастырып жатқан да жоқпыз. Қандай да бір құқықтық немесе моральдық құндылықтардың қажеттілігі туралы да пікір таластырып отырғанымыз жоқ. Біріншіден, әңгіме – ел дамуының бағытын түбегейлі өзгертетін ауқымды өзгерістер туралы. Екіншіден, тәуелсіздігімізді ең биік құндылық ретінде айқындайтын ұлттық құндылықтарымыздың мәңгілігі жайында сөз болып отыр. Енді біз оны жай ғана қастерлеп қоймай, нық әрі сенімді түрде қорғаймыз. Үшіншіден, жан-дүниесі таза, ой-өрісі жоғары, әлемдік бәсекеге қабілетті қазақстандық жаңа буын туралы айтып отырмыз. Олардың құқықтары мен бостандықтары цифрлық дәуірде ғылым, мәдениет және инновация құндылықтарымен нығая түседі, – деді вице-премьер Аида Балаева.



рып жатқан да жоқпыз. Қандай да бір құқықтық немесе моральдық құндылықтардың қажеттілігі туралы да пікір таластырып отырғанымыз жоқ. Біріншіден, әңгіме – ел дамуының бағытын түбегейлі өзгертетін ауқымды өзгерістер туралы. Екіншіден, тәуелсіздігімізді ең биік құндылық ретінде айқындайтын ұлттық құндылықтарымыздың мәңгілігі жайында сөз болып отыр. Енді біз оны жай ғана қастерлеп қоймай, нық әрі сенімді түрде қорғаймыз. Үшіншіден, жан-дүниесі таза, ой-өрісі жоғары, әлемдік бәсекеге қабілетті қазақстандық жаңа буын туралы айтып отырмыз. Олардың құқықтары мен бостандықтары цифрлық дәуірде ғылым, мәдениет және инновация құндылықтарымен нығая түседі. Сонымен қатар, ұлттың қазіргі жаһандық дамудағы орны мен рөлін қайта пайымдау маңызды. Бұл тағдыршешті кезең халқымыздың мыңжылдық тарихындағы сабақтастықты сақтап, жаңа дәуірге жол ашады, – деді Аида Балаева.

Сонымен қатар Премьер-министрдің орынбасары жаңа Конституция жобасының тұжырымдамасы Президенттің жүйелі әрі жан-жақты ойластырған бастамаларынан тұратынын атап өтті.

– Жаңа Конституцияның тұжырымдамасы Президенттің «Адал азамат», «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан»

қымызда мұндай кеңесу, келісу дәстүрі ертеден бар. Вице-президент институтына қатысты түрлі пікірлер айтылды. Алайда бұл тәжірибе көптеген мемлекеттерге тән. Бізде бұл институт жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталады. «Құрылтай» қалыптасқаннан кейін Президент кандидатура ұсынады, депутаттар оны дауыс беру арқылы қолдайды. Вице-президент жекелеген бағыттарда, соның ішінде халықаралық байланыстар мен келіссөздерде жұмыс істейді, ал төтенше жағдайда билік сабақтастығын қамтамасыз етіп, белгіленген мерзімде сайлауды ұйымдастырады, – деді депутат.

Университет алаңында адами капитал тақырыбына және өңірлік жоғары оқу орындарының білім экономикасындағы рөліне ерекше назар аударылды. С. Аманжолов атындағы ШҚУ ректоры Мұхтар Төлеген Конституцияда адам дамуын негізгі бағыттардың бірі ретінде айқындау технологиялық даму мен өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру секілді заманауи талаптарға сай келетінін айтты.

– 2026 жылғы конституциялық реформа – бұл жай ғана нормаларды жаңарту емес. Бұл Әділетті Қазақстан құру идеясымен үндесетін, биліктің қоғам алдындағы ашықтығы мен жауапкершілігін нығайтатын институционалдық жаң-

ғыру. Конституциялық деңгейде адами капиталды дамыту басымдығын бекіту – елдің стратегиялық таңдауы. Қазіргі кезеңде білім мен ғылым елдің экономикалық өрлеуі мен технологиялық тәуелсіздігін айқындайтын шешуші сала ретінде қарастырылады, – деді ректор.

Пікірталас барысында қатысушылар құжат елдің болашағына айқын бағдар беретінін атап өтті. Мәтінде адами капиталды дамытуға, білім мен ғылымға, инновацияларға, экологиялық жауапкершілікке және келешек ұрпақ алдындағы міндеттерге ерекше мән берілгені айтылды.

Кездесу соңында қатысушылардың барлық сұрақтарына толық жауап берілді.

«КАЗЦИНК» ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫ ҚОЛДАДЫ

«Казцинк» ЖШС алаңында «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері кәсіпорын ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева металлургия саласының Қазақстан экономикасындағы шешуші рөлін атап өтті. Бұл – елдің экспорттық әлеуетін айқындайтын, халықты жұмыспен қамти алатын және құрылыс, машина жасау және энергетиканың дамуына ықпал ететін негізгі салалардың бірі. Ол Ата Заңның жаңа редакциясы еңбек, қауіпсіздік және қызметкерлердің әлеуметтік қорғалу мәселелерін тікелей қамтитынын ерекше айтты.

– Көп жылдан бері «Казцинк» компаниясы Қазақстанның түсті металдар экспорттық нарығында ең жоғары бәсекелестікке төтеп беріп, қарқынды дамып жатқан ұжым. Бұл – сіздердің еңбектеріңіздің, тәртіп пен кәсібиліктің нәтижесі. Алайда, өнеркәсіптің әрі қарай дамуы, білікті мамандардың жұмыс істеуі және шетелдік инвестицияларды тарту үшін ішкі саяси тұрақтылық бізге бұрыннан да маңызды

болып отыр. Өздеріңіз білесіздер, 15 наурызда жаңа Конституция бойынша референдум өтеді. Бұл – жай ресми рәсім емес. Әр азаматтың мемлекеттік маңызы бар мәселелерге атсалысып, өз ұстанымын тікелей білдіру мүмкіндігі. Соңғы жарты жылда Ата Заңның жаңа мәтіні әзірленді. Ел тарихында алғаш рет Егемендік, Тәуелсіздік, ел аумағының тұтастығы мен басқару нысаны өзгермейтіні нақты бекітілді, – деді вице-премьер.

Сонымен қатар, Аида Балаева еңбек ұжымдарына тікелей қатысты нормаларға тоқталды.

– Ата Заңда еңбек ету құқығы, қауіпсіз еңбек жағдайлары және әділ еңбек алу құқығы бекітіледі. Бұл нормалар өндірістік жарақатты азайтуға және қызметкерлердің денсаулығын сақтауға бағытталған. Яғни еңбек жағдайы үшін жұмыс беруші мен мемлекеттің жауапкершілігі ең жоғары деңгейде – Конституцияда бекітіледі. Заң үстемдігі орныққан елде тұрақтылық пен ертеңгі күнге сенім мол болады. Демек, кәсіпорындар мен қызметкерлер отбасыларына жағдай жасай алады. Негізгі өзгеріс ретінде Конституцияда басты орынға азамат – оның құқықтары мен қажеттіліктері, еңбегі қойылғанын көруге болады, – деп атап өтті Аида Балаева.

Кәсіпорын қызметкерлері алдында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сергей Пономарев те сөз сөйледі. Ол жаңа Конституция жобасы цифрлық дәуір кезеңінде және онлайн ортада адам құқықтарын қорғауды күшейтетінін айтты.

– Енді Конституцияда интернеттегі хат алмасу мен коммуникация құпиясын қорғау, зияткерлік меншікті қорғау нормалары бекітіледі. Мемлекет жеке деректерді конституциялық деңгейде қорғауға алады. Бұл деректердің желіге таралмауы, сатылмауы және адамға қарсы пайдаланылмауы үшін өте маңызды. Мемлекет адам құқықтарын, өмірін, денсаулығын, қауіпсіздігін шынайы өмірде ғана емес, онлайн кеңістікте де қорғайды, – деді депутат.

Өнеркәсіп саласының өкілдері де

Халықтың әр ұсынысын жеке өзі қарады



алдағы референдум экономиканың орнықты дамуы мен еңбек ұжымдарының болашағы үшін маңызды екенін сөз етті. «Казцинк» ЖШС Өскемен металлургия кешенінің директоры Тимур Тоқжігітов те пікір білдірді.

– «Казцинк»-те 19 мыңға жуық адам жұмыс істейді, оның 4 мыңы – Өскемен металлургия алаңында қызмет етеді. Жұмысшылардың төрттен бірі – жалпы нәтижеге баршамен тең үлес қосып жүрген әйелдер. Біздің еңбек ұжымы үшін алдағы референдум – жай қоғамдық-саяси оқиға емес, біз еңбек етіп, бала тәрбиелеп, ұзақ мерзімді өндірістік жоспар құрып отырған елдің стратегиялық даму мәселесі. Біз 2026 жылғы 15 наурызда өтетін референдумға міндетті түрде қатысамыз, – деді Тимур Тоқжігітов.

Қызметкерлер атынан Мыс зауытының балқыту цехының аға шебері Аслан Тұрғамбаев та ойын ортаға салды.

– «Казцинк» металлургия өндіріс адамдары. Біз тәртіпке, жауапкершілікке және нақты нәтижеге үйренгенбіз. Бүгінде еңбек адамының рөлін күшейту бағытындағы жүйелі қадамдарды көріп отырмыз. Жаңартылған Конституция жобасы құқықтар мен әлеуметтік кепілдіктерді нығайтып, анағұрлым орнықты әрі әділетті жүйе қалыптастыруға жол ашады. 15 наурызда ұжымымыз дауыс беру учаскелеріне келіп, референдумға қатысады. Біз еңбегі еленетін, ұзақмерзімді нәтижеге жоспар құратын қуатты, тұрақты және дамушы Қазақстанды таңдаймыз, – деді Аслан Тұрғамбаев.

АТА ЗАҢ ЖОБАСЫНЫҢ БИЗНЕСКЕ БЕРЕР МҮМКІНДІКТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері облыстағы шағын және орта бизнестің, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенінің өкілдерімен кездесті.

Кездесуді ашқан Премьер-министрдің орынбасары тұрақты әрі болжамды құқықтық орта қалыптастырудың ма-

ңызына тоқталып, Жаңа Конституция жобасы инвестицияларды қорғауды күшейтуге, сот жүйесіне деген сенімді нығайтуға және орнықты экономикалық даму үшін жағдай жасауға бағытталғанын атап өтті.

– Кәсіпкер ойын ережелері кенеттен өзгермейтініне, инвестицияларының қорғалғанына, сот жүйесі дауларды әділ әрі ашық қарайтынына сенімді болуға тиіс. Осындай жағдайда ғана ұзақ мерзімді стратегиялар қалыптасады, жаңа жұмыс орындары ашылады, өндіріс дамиды. Сондықтан 15 наурыздағы референдум – осы қағидаттарды конституциялық деңгейде бекітудің тарихи мүмкіндігі. Жаңа Конституция жобасында меншік құқығын қорғау кепілдіктері күшейтіледі, заңдардың кері күшіне тыйым салу бекітіледі, мемлекеттік басқарудың неғұрлым ашық әрі жауапты жүйесі қалыптастырылады. Бұл бизнес үшін тәуекелдердің азаюын білдіреді. Ел үшін – тұрақтылықтың нығаюы. Әр азамат үшін – ертеңгі күнге деген сенім, – деді Аида Балаева.

Сөзін жалғастырған вице-премьер «Заң және тәртіп» қағидатының адал бәсекелестік ортаны қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударды.

– «Заң және тәртіп» қағидаты адал кәсіпкерлікті қорғайтын, көлеңкелі схемаларға жол бермейтін әділ бәсекелестік ортаны қалыптастырады. Әділ ережелер – кәсіпкердің басты тірегі. Мемлекет басшысы еңбек адамының маңызын бекер атап көрсетіп жүрген жоқ. Кәсіпкер мен фермер – тәуекелге барып, жұмыс орындарын ашатын, халықты жұмыспен қамтып, ел экономикасының қуатын арттыратын жандар. Жаңа Конституция экономикалық бастамаларды қолдауға және сонымен қатар заң алдындағы, қоғам мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті күшейтуге бағытталған. Қуатты экономика мықты мемлекетсіз мүмкін емес. Ал мықты мемлекет сенімге, әділдікке және еңбекке құрметке негізделеді. Бүгінгі таңдауымыз – ертеңгі Қазақстанның қандай болатынын айқындайды: тұрақты, бәсекеге қабілетті және өз күшіне сенімді ел, – деді Аида Балаева.

Кездесу барысында реформаның

практикалық қыры да айтылды.

– Көп жылдар бойы ауыл шаруашылығы «тәуекелді егіншілік аймағы» деп аталып келді. Біз қуаңшылықпен, бағаның құбылуымен және, өкінішке қарай, бюрократиямен күрестік. Енді елдің Негізгі заңы халықты азық-түлікпен қамтамасыз ететін жандардың мүддесін басты орынға қояды. Жаңа Конституция жобасында жер мен табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені нақты жазылған. Фермер үшін бұл – мемлекет жайылымдарды тозудан қорғау, суару жүйелерін қалпына келтіру және шөлейттенуге қарсы күресу жөніндегі міндеттемені өз мойнына алады деген сөз. Сондай-ақ заңдардың кері күшіне тыйым салынуы техника алуға несие рәсімдегенде немесе инфрақұрылым салғанда ертең ережелер түбегейлі өзгермейтініне құқықтық кепілдік берді. 15 наурызда біз ұжым болып елдің жаңа болашағын қолдаймыз, – деді Людмила Цыбенко.

Экономикалық және салалық мәселелермен қатар, қатысушылар реформаның құндылықтық мәніне де назар аударды. «Samga» даму орталығының жетекшісі Әлия Көңілхан ел үшін тек экономикалық өсім ғана емес, адамгершілік құндылықтар, берік отбасы және болашақ алдындағы жауапкершілік те маңызды екенін атап өтті. «Nietwoman» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Алтынай Төлеухан референдум алдағы ондаған жылдарға арналған мемлекеттік құндылықтар архитектурасын айқындайтынын, ал болжамды әрі ашық ережелер сенім, инвестиция және даму негізін қалыптастыратынын, әсіресе әлеуметтік экономика мен әйелдер кәсіпкерлігінде

ция мен табиғи-мәдени мұраны қорғау ерекше маңызды екенін айтты.

– Табиғатты қорғау қағидатын бекіту үлкен маңызға ие. Бұл туристік сала үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Қоршаған ортаны қорғау тек экологиямен байланысты ғана емес, ұлттық қауіпсіздік пен болашақ ұрпақтың мәселесі. Табиғат – экономикалық ресурс қана емес, біздің ұлттық бірегейлігіміздің, тарихымыз бен мәдениетіміздің бір бөлігі. Оны сақтау – міндетіміз, ал оны жан-жақты дамыту – өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз. Туризм саласы үшін ерекше маңызды дүние – алдын ала пайымдау мен сенім. Инвесторлар мен кәсіпкерлер заңның айқын болуына, меншік құқығының қорғалуына және мемлекеттік шешімдердің тұрақтылығына сенімді болуы тиіс, – деп атап өтті Аида Балаева.

Лұқбек Тұмашинов өз сөзінде туризмнің тұрақты дамуы табиғи аумақтарды қорғаумен қатар, бизнестің инфрақұрылымға, қызмет көрсету сапасына және жаңа бағыттар ашуға инвестиция салуына мүмкіндік беретін құқықтық негіздердің болуын талап ететінін атап өтті.

– Туризм туралы сөз қозғалғанда, әсіресе Шығыс Қазақстан секілді ерекше аймақ туралы айтқанда, бір нәрсе маңызды. Табиғат қорғалуы тиіс, ал кәсіпкер ертеңгі күніне сенімді болуы керек. Экожолдар, сапаржайлар, қызмет көрсету, қауіпсіздік, цифрлық платформалар арқылы дамыту – мұның бәрі сенім мен тұрақты ережелерге негізделген. Егер Конституцияда табиғатқа жауапкершілікпен қарау және «Заң мен тәртіп» бекітілсе, бұл салаға ұзақмерзімді даму мен инвестициялар үшін мықты



бұл аса маңызды екенін жеткізді.

Кездесу соңында шағын және орта бизнес пен агроөнеркәсіп кешені өкілдері конституциялық өзгерістерді қолдау тұрақты ережелерге кепілдік беруден, заңды құқықтарды қорғаумен, өндірісті жаңғыртумен және өңірлердің орнықты дамуына жағдай жасаумен тікелей байланысты екенін атап өтті.

ҚҰРЫЛТАЙ, ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМГЕ ИНВЕСТИЦИЯ

Өскемен қаласындағы Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің базасында, «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы мүшелерінің сапары аясында облыстық туризм саласының өкілдерімен дөңгелек үстел өтті.

Аида Балаева жаңа Конституция жобасы адамды, оның құқықтарын, қауіпсіздігін және болашағын ел дамуының негізгі басымдығы ретінде негіздейтінін атап өтті. Сонымен қатар, жаңа Конституция елдің мемлекеттік құрылымының нығаюы мен экономикалық дамуы үшін құқықтық және институционалдық негіз қалыптастырады. Премьер-министрдің орынбасары туризм саласы үшін құқықтық тұрақтылық, инвести-

негіз береді, – деп атап өтті депутат.

Конституциялық реформа комиссиясының мүшесі Сергей Пономарев бір палаталы парламент – Құрылтай туралы ұсынылған үлгісіне толығырақ тоқталып, өзгерістер артық бюрократияны азайтуды және депутаттардың жауапкершілігін күшейтуді мақсат ететінін айтты.

– Бір палаталы парламент – Құрылтай – бұл тиімді үлгіге көшу. Екі палаталы жүйеде бір заң жобасы бірнеше оқылымнан өтіп, палаталар арасында келісімдер мен қайта қараулар болуы мүмкін, бұл процесс ұзарып, артық әкімшілік кезеңдерге ұласады. Ал бір палаталы жүйеде осы артық әрекеттер азайып, кәсібилік пен нақты жауапкершілікке байсымдық беріледі. «Құрылтай» атауы біз үшін жақын, тарихи мәні бар ұғым. Онда маңызды шешімдер қабылданған. Ал бүгінде бұл заманауи институционалдық құрылымға айналмақ, – деді ол.

Жиын соңында Шығыс Қазақстан облысының туристік сала өкілдері конституциялық реформаны қолдайтындарын білдіріп, алдағы референдумға азаматтардың қатысуы қоғам сенімін арттырып, инвестициялық ахуалды жақсартуға және өңірлердің орнықты дамуына ықпал ететін маңызды қадам екенін атап өтті.



#РЕФЕРЕНДУМ

Берік Асыллов: Бұл құжат жаңа дәуірдің іргетасына айналады

Бүгінде еліміз аса маңызды тарихи уақиға – жаңа Конституцияны қабылдаудың қарсаңында тұр. Осы орайда басты құқықтық құжатымыз Ата Заң жобасының негізгі ережелері мен жаңашыл нормалары жөнінде Бас прокурор Берік Асылловпен сұхбаттасуды жөн көрдік.

– Берік Ноғайұлы, жаңа Конституция жобасының Кіріспе бөлімінде Заң мен Тәртіп қағидаты ерекше аталады. Осыған кеңірек тоқталып өтсеңіз.

– Өткен жылдың қыркүйегінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында жарияланған конституциялық реформа 2022 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан мемлекетті кешенді жаңғыртудың заңды жалғасы екенін атап өткен жөн. Биыл 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдум азаматтардың ерік-жігеріне ең жоғары заңдық күш бере отырып, Негізгі заң жобасы мақұлданған жағдайда ел тарихында жаңа кезеңнің басталуына жол ашады әрі Конституцияның халықтық сипатын айқындай түседі.

Осы сұхбатқа дайындалу барысында бірқатар мемлекеттік конституцияларын зерделедім. Олардың кіріспе бөлімдерінде елдің идеологиялық негізін айқындайтын, саяси келбетін сипаттайтын, тарихи даму жолы мен мемлекеттік құрылымының ұлттық түп-тамырын көрсететін, қазіргі және болашақтағы басты қағидаттарын белгілейтін түйінді факторлар ерекше аталып өтеді. Демек, Кіріспе бөлім – Конституцияның айнасы әрі оның идеологиялық бастауы, жалпыұлттық ой-тұжырымның қайнар көзі. Конституцияның барлық қағидаттары, нормалары мен ережелері өз бастауын Кіріспе бөлімінен алады.

Ал біздің Конституциямыздың жобасына келсек, онда еліміздің құндылық бағдарлары мен саяси-құқықтық дамуының ұзақ мерзімге арналған стратегиялық бағыттары нақты айқындалған. Жобада Заң мен тәртіп қағидаты еліміздің әрі қарай дамуының, азаматтарымыз бен қоғамымыздың күнделікті өмір салтын қалыптастырудың іргетасы ретінде бекітілген.

Бұған дейінгі сұхбаттарымда Заң мен тәртіп қағидаты дегеніміз не, оның мәні мен мазмұны қандай деген мәселелерге тоқталған едім. Тағы да айта кетейін, бұл – мәдени, адамгершілік, этикалық, отбасылық, рухани идеалдардың, конституциялық кепілдіктер мен басқа да құндылықтардың мызғымастығы. Заң мен тәртіп – тек құқықтық ұғымдар емес, қоғамымыздың тұрақтылығы, қауіпсіздігі мен өркендеуін айқындайтын өмірлік бағдарлар.

Бұл қағидатты конституциялық деңгейде бекіту не береді деген сұраққа келсек, Егемендік пен Тәуелсіздікті

қорғау, халықтың әл-ауқатын арттыру және өзге де аса маңызды мәселелермен қатар Заң мен тәртіп идеологемасы мемлекет қызметінің негізгі қағидаттарының біріне айналады. Яғни мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының кез келген шешімі мен іс-әрекеті осы қағидамен сусындалуы керек. Демек, осы қағиданың ажырамас бөлігі ретінде құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» ұстанымы құқықтық үстем дәрежеге ие болмақ.

– Конституция жобасы жаңалықтарының бірі – заң шығару билігін жүзеге асыратын жаңа өкілетті органның құрылымы мен оны қалыптастыру тәртібінің өзгеруі. Бұл жөнінде не ойлайсыз?

– Құрылтайдың тарихи тамыры өте тереңде жатыр. Бұл терминнің шығу тегі мен «Құрылтай» сөзінің этимологиялық мәніне тиісті сала мамандары лайықты баға береді деп ойлаймын. Мен құқықтық тұрғыдан, дала заңдары – әдет-ғұрып және дәстүрлі ережелерге қысқаша тоқталғым келеді.

Тарихта Құрылтай жоғары өкілетті орган қызметін атқарған, халық билігін білдірген, рулар мен тайпалардың мүддесін орындай отырып, билеушіні сайлау, соғыс және бітімгершілік мәселелері, жайылымдарды бөлу, көшіп-қону шекарасын айқындау, әдет-ғұрыпқа айналып кеткен ел арасындағы қатынастарды заңдастырған, сондай-ақ дала заңдары – ережелерді бекіту сияқты көшпелі халық өмірі үшін маңызды мәселелерді шешумен айналысқан. Құрылтайда қазақтың дәстүрлі құқығының негізін қалаған ұлы дала заңдары, соның ішінде «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Жеті Жарғы» бекітілген. Бұл – тарихи дерек.

Бұл туралы ұлттық құқықтану ғылымының патриархы, академик Салық Зимановтың «Қазақтың ата заңдары» атты он томдық еңбегінде кеңінен баяндалған. Сондай-ақ қазақтың дәстүрлі құқығының тарихын зерттеген белгілі ғалым-заңгерлер – Тайыр Күлтеев, Савелий Фукс, Айдарат Таукелев, Александр Леонтьев, басқа да зерттеушілер өкілетті жиналыстың дала заңнамасын қалыптастырудағы рөлін атап өткен. Бұл – Ұлы дала мен оны мекендеген халықтың құқықтық мәдениеті мен дәстүрінің, тұрмыс-салтының тарихи-құқықтық тамыры екенін білдіретін баға жетпес мұрасы.

Қазіргі конституциялық реформа аясында еліміздің жаңа заң шығарушы органы – Құрылтайды құруы Ұлы далада ғасырлар бойы қалыптасқан халық өкілеттігін жаңғырту. Бұл Тәуелсіз Қазақстанның Ұлы далада бұрын болған мемлекеттік құрылымдармен тарихи сабақтастығын білдіреді.

– Бас құжат жобасындағы адам мен азамат құ-

қықтарының кепілдіктерін нығайтуға бағытталған қандай жаңа нормаларды атап өтер едіңіз?

– Өте маңызды сұрақ. Ең алдымен айтарым, Конституция – бұл азаматтар, қоғам және мемлекет арасындағы келісім. Сондықтан Конституцияда адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің жүйесі айқындалып, жеке тұлға, қоғам және мемлекет арасындағы өзара ықпалдасу аумағы нақты белгіленеді.

Қолданыстағы Конституцияда да, жаңа жобада да кепілдіктер топтамасы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, азаматтық және саяси құқықтар, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактілерге және өзге де халықаралық конвенциялық актілерге толық сәйкес келеді. Жалпы, адам өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен кепілдік берудің басымдығын бекітетін негізгі қағидаттар жоба аясында сақталып қана қоймай, күшейтіледі. Әрине, әрбір конституциялық құқық жеке-дара терең талқылауды қажет етеді. Өйткені шағын көлемді нормада тұтас құқықтық жүйе қамтылуы мүмкін. Сондықтан адам құқықтарын қорғауды күшейтуге тікелей әсер ететін бірқатар маңызды жаңа нормаларға тоқталайын.

Мәселен, Конституция жобасына сәйкес әрбір адам ұсталған сәттен бастап оның бостандығын шектеу негіздері мен құқықтары түсіндіріледі. Алғаш қарағанда бұл қалыпты жағдай сияқты көрінуі мүмкін. Алайда оның мәні – егжей-тегжейінде. Бұл ереже бірқатар саланы қамтиды. Адамды қылмыстық немесе әкімшілік сот өндірісінде, көші-қон, кеден заңнамасын, мемлекеттік шекараны бұзғанда, жеке басын анықтау үшін және басқа да жағдайларда ұстауы мүмкін. Осындай кездерде адамға не үшін ұсталғаны, қандай құқықтары бар екені, мысалы, өзін әшкерелейтін түсінік беруден бас тарту, адвокат көмегін пайдалану және басқа құқығы бар екені түсіндіріледі. Егер ұсталған кезде адамға оның құқықтарын түсіндірмеген болса, кейін ол әрекеттер заңсыз деп танылуы мүмкін.

Келесі мәселе, кінәсіздік презумпциясы жаңа конституциялық мазмұнға ие болады. Қазіргі Конституцияда бұл қағидат Сот билігі туралы бөлімде тұр, ал ендігі жоба бойынша ол Негізгі құқықтар мен бостандықтар туралы бөлімге енгізілген. Осылайша, кінәсіздік презумпциясы баршаға ортақ талапқа айналып, адамды қылмыс жасады деп негізсіз айыптау қаупін болдырмайды.

Конституция жобасы «заңның кері күші» қағидатына қатысты ұстанымды түбегейлі өзгертеді. Қолданыстағы Конституцияда да бұл қағидат негізін әкімшілік және қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысты еді. Ал енді оның конституция-



лық шеңбері кеңейтіліп отыр. Аталған норманың құрылымы нақты және түсінікті етіп жазылған. Біріншіден, азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Екіншіден, жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күші болмайды. Үшіншіден, жаңа заң бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін жауаптылықты жоятын немесе жеңілдететін болса, онда жаңа заң қолданылады. Осылайша, аталған қағидаттың қолданылу аясы кеңейіп, кез келген жаңа міндеттерге қолданылады. Сонымен қатар адам қандай да бір шешім қабылдаған кезде кейін бекітілген заңмен оның құқықтық жағдайы өзгермейтініне сенімді бола алады.

Назар аударуға тұрарлық тағы бір маңызды жаңашылдық – жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға қол сұқпаушылықпен қатар, Негізгі заң жобасында дербес деректерді заңсыз әрекеттерден, оның ішінде цифрлық кеңістікте қорғау конституциялық деңгейде бекітеді. Осындай кепілдік банктік операциялар, жеке салымдар мен жинақтар, хат алмасу, телефон және өзге де хабарламалар құпиясына да беріледі.

– Конституция жобасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмысын жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған азаматтар сайлану құқығынан айырылады. Негізгі заңның бұл ережесі қандай салдарға әкеліп соғуы мүмкін?

– Конституция – қатардағы заң емес, бұл қоғам мен мемлекеттің адамгершілік, моральдық-этикалық құндылықтарын қалыптастыратын басты құқықтық құжат. Жобаға енгізілген бұл норма кез келген деңгейдегі өкілетті органдарға, яғни Құрылтайға, жергілікті ферлерде – мәслихаттарға, сондай-ақ Президент лауазымына сайланғысы келетін азаматтарға қолданылады.

Аталған шектеу Біріккен Ұлттар Ұйымының жемқорлық қылмысы үшін сотталған адамдарды мемлекеттік қызметті атқару құқығынан айыру мүмкіндігі көзделген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы ережелерімен де үйлеседі.

Бұл конституциялық тыйым қоғамға мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік қағидатын айқын білдіретін белгі болмақ. Өз

кезегінде азаматтардың билік институттарына деген сенімін нығайтады.

– Онлайн-платформаларды пайдаланушылардың қорлайтын және балағат сөздерді қолданатын жағдайларына қатысты құқықтық ықпал ету тетіктері бар ма?

– Бұл өзекті мәселе бізді ғана емес, бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Маған кейде кейбір адамдар виртуалды әлемнің өздеріне ғана арналған тар кеңістік емес екенін, олардың сөздері басқа пайдаланушылардың жанын жаралап, намысы мен қадір қасиетіне тиетінін түсінбейтіндей көрінеді. Ашығын айтсам, егер адамның мәдениеті құндылық тұрғысынан төмен болса, онда заң мен тәртіп басқаларды оның құқыққа қарсы әрекеттерінен қорғауы тиіс. Әлеуметтік желілерге еркін қол жеткізу мүмкіндігін пайдаланған адам өз іс-әрекетіне жауапты екенін, қорлау, әдепсіздік немесе қоғамға қарсы мінез-құлық заңсыздық екенін түсінуі қажет.

Заңнамада мұндай пайдаланушыларға ықпал ететін құралдар жеткілікті. Мұндай тетіктер мен жауаптылық Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте, Қылмыстық кодексте, сондай-ақ масс-медиа туралы, ақпараттандыру, онлайн-платформалар және онлайн-жарнама, мәдениет туралы және өзге де заңдарда қарастырылған.

Қоғамдық орында балағат сөздерді қолдану, басқаларды қорлайтын әрекеттер жасау, қоршаған ортаны құрметтемеу сияқты кез келген басқа мінез-құлық, яғни қоғамдық тәртіп пен азаматтардың тыныштығын бұзатын әрекет әкімшілік құқық бұзушылыққа жатқызылады.

Ашық интернет кеңістігінде қорлау, балағаттау мәніндегі сөздерді қолдану – қоғамдық тәртіпті бұзудың және басқаларды құрметтемеудің айқын көрінісі. Жылына мұндай әрекеттер үшін бірнеше мың азамат әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Жарияланған материалдардың мазмұнына байланысты, мысалы, әлеуметтік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, сондай-ақ билік өкілін қызметтік міндетін орындау кезінде ашық түрде қорлау сияқты құқық бұзушылықтар үшін қамауға алу немесе бас бостандығынан айыруға дейін қылмыстық жауаптылық қарастырылуы да мүмкін.

Біздің міндетіміз – заңды бұзған адамды жазалау ғана емес, құқық бұзушылықтың алдын алу, заңның бұзылуына жол бермеу, құқықтық мәдениетті көтеру және тәрбиелік жұмысқа баса назар аудару. Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үндеу жасаймыз.

Қазіргі таңда азаматтарды заңнаманы сақтауға, цифрлық ортада қоғамдық мораль мен өзара құрмет нормаларын ұстануға, балағат сөздер, қорқыту, қадір-қасиетті қорлайтын немесе өзге құқыққа қарсы материалдар жарияламауға шақырамын. Менің ойымша, Конституция жобасында сөз бостандығы және ақпаратты тарату бостандығы басқа адамдардың қадір-қасиетіне, қоғамның моральдық нормаларына немесе қоғамдық тәртіпке зиян келтірмеуі керек деген норманы енгізудің негізгі алғышарттары интернетте таралатын осындай қоғамға жат құбылыстарға байланысты болып отыр.

Жаңа конституциялық формула құқықтар мен бостандықтар теңгерімінің әмбебап қағидатын бекітеді. Сөз бостандығы ашықтықты, қоғамдық диалогті және құқықтық мәдениетті дамытуға ықпал етеді. Бұл ұстаным Еуропалық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау конвенциясының нормаларына сәйкес келеді. Конвенцияға сәйкес пікір білдіру бостандығын жүзеге асыру заңмен қарастырылған шектеулерге бағынуы мүмкін және демократиялық қоғамда басқа адамдардың беделі мен құқықтарын қорғау, денсаулық пен моральді сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қажет болуы мүмкін. Әңгіме сөз бостандығы мен оны теріс пайдаланудың аражігін ажырату жайында болып отыр. Пікір білдіру бостандығы мен басқа адамдардың құқықтарын бұзғаны үшін жауаптылық – құқықтық мемлекеттегі бір-бірін толықтыратын элементтер.

Ежелгі ойшылдардың «болашақты болжай білетін көшбасшы – дана басшы» деген қанатты сөзі бар. Президент жаңа Конституция қабылдауға байланысты референдум өткізілетінін жариялады. Оның жобасы заманауи сын-қатерлерге бейімделген. Сонымен қатар онда адамның және азаматтың барлық негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттері айқын әрі нақты көрсетілген.

Жалпы алғанда, жаңа Конституция экономикалық, саяси, әлеуметтік және өзге де салаларды әрі қарай дамыту, билік органдарының халықпен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру, құқықтық жүйенің сапасын арттыру үшін қажет. Жаңа Конституцияны қабылдау басты бағдары адамның әл-ауқаты, болашаққа деген сенімі және бүгінгі күні лайықты өмір сүруі болып саналатын қарқынды өзгерістерді жалғастыруға қуатты серпін беретініне сенемін.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен –
Орынбек ӨТЕМҰРАТ,
«Egemen Qazaqstan»
28.02.2026 жыл

#ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

Өңірде 300 шақырымнан астам жол жөнделеді

Облыста биыл 300 шақырымнан астам автомобиль жолдарын қамтитын жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Бұл туралы Үкімет отырысында облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов мәлімдеді. Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен жиында елдегі жолдың сапасына қатысты сындар мен атқарылған істің нәтижесін сипаттар сандар сараланды.

Бүгінде облыстағы автомобиль жолдарының 94 пайызы нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Былтыр ауылдық елді мекендерге апаратын 90 шақырым кірме жолға 3,8 млрд теңгеге және негізгі туристік-рекреациялық аймақтарға апаратын 160 шақырым жолға 5 млрд теңгеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген.

– Аталған жұмыстар биыл да жалғасады. Туристік бағыттар бойынша 114 шақырым жолды және ауылдық елді мекендерге апаратын 100 шақырымнан астам кірме жолды жөндеумен қамту жоспарлануда. Шығыс Қазақстан облысының автомобиль жолдары

желісінің жалпы ұзындығы 10,6 мың шақырымды құрайды. Оның ішінде өткен жылы жол-көлік инфрақұрылымының нысандарын жөндеу және салу бойынша 30 млрд теңгеге 355 шақырым автомобиль жолдары мен елді мекендердің көшелері қамтылды, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Сондай-ақ, облыс әкімі Шемонаиха қаласындағы Үбі өзені арқылы өтетін көпірді қайта жаңғырту жобасы әзірленгенін атап өтті. Жобаның құны – 7,7 млрд теңге. Бұдан бөлек, Өскемен қаласында Ертіс өзені арқылы өтетін жаңа көпір құрылысының жобасы әзірленіп жатыр. Мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алу осы жылдың шілде айына жоспарланған.

Өңірде жол инфрақұрылымын цифрландыру бағытында да жүйелі жұмыс атқарылуда. «E-Joldar» платформасы аясында облыстық маңызы бар автомобиль жолдарына цифрлық паспорттар әзірленген. Биыл бұл жұмыс аудандық маңызы бар жолдар мен елді мекендердің көше-жол желісінде жалғасады.

Жалпы алғанда, биыл ауыспалы жобаларды іске асырумен қатар, облыстың 300 шақырымнан астам автомобиль жолдары мен көшелерін



қамтитын жаңа жобаларды бастау көзделіп отыр. Аталған мақсаттарға шамамен 20 млрд теңге бағыттау жоспарланған.

Республика көлемінде ақилы жолдар желісі кеңейтіліп, жаңа учаскелерді іске қосу, жол сапасын арттыру және цифрландыру шаралары жалғасуда. Өткен жылы ақилы жолдардан 87 млрд теңге жиналып, қаражат толықтай жолдарды күтіп ұстауға, арнайы техника сатып алуға, ағымдағы жөндеу жұмыстарына және қысқы кезеңде пайдаланылатын материалдарға жұмсалған. Сонымен қатар автоматтандырылған өлшеу стансаларын орнату, су өткізу құбырларын жаңарту және интеллектуалды көлік жүйелерін енгізу жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Үкімет отырысында рес-

публика бойынша жол сапасына қатысты азаматтар шағымының артқаны да көтерілді. Былтыр жергілікті жолдар мен көшелердің жағдайына байланысты 60 мыңға жуық өтініш тіркелсе, биылдың өзінде 7,5 мыңға жуық шағым түскен.

– Сапалы жолдар – жайлы әрі қауіпсіз қозғалыс қана емес, сондай-ақ өңірлердің экономикалық өсуі мен инвестициялық тартымдылығын арттыруға да мүмкіндік береді. Жол құрылыстары мен жөндеу жұмыстарында технологияларды қатаң сақтау, жобаларды уақтылы іске асыру – тек Көлік министрлігінің ғана емес, әкімдіктерге де қатысты мәселе. Оны бірінші басшылар тұрақты бақылауда ұстауы тиіс, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

#ТАСҚЫНҒА-ТОСҚЫН

Көктемгі су тасқынына дайындық күшейтілді

Елімізде көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары басталды. Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен өткен кеңесте өңірлердегі ахуал сараланып, соның ішінде Шығыс Қазақстан облысындағы нақты шаралар назарға алынды.

Жиында «Қазгидромет» РМК ұсынған жаңартылған болжамдық деректер негізінде су тасқыны қаупі жоғары аймақтар айқындалды. Елдегі гидрологиялық жағдай туралы Төтенше жағдайлар, Экология және табиғи ресурстар, Цифрлық даму, Су ресурстары және ирригация, сондай-ақ Көлік министрліктері баяндама жасады.

Вице-премьер көктемгі еріген қар суы кезінде жол инфрақұрылымының тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесіне ерекше тоқталды. Бүгінде республика бойынша 582 су өткізу құбыры салынған. Автожолдарды реконструкциялау аясында 63 көпір тұрғызылды. Ал Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында бес апатты көпірге күрделі жөндеу жүргізілді. Бұл – өңірдегі қатынас қауіпсіздігін арттырып қана қоймай, ықтимал су тасқыны салдарын азайтуға бағытталған нақты қадам.

Шығыс Қазақстан – өзен-

көлдері мол, таулы аймақтар басым өңір. Көктем мезгілінде қар қорының көптігі мен температураның күрт көтерілуі су деңгейінің жылдам өсуіне әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты облыста гидрологиялық жағдайға тұрақты мониторинг жүргізіліп, қауіпті учаскелер ерекше бақылауға алынған.

Сонымен қатар, су тасқыны қаупі бар өңірлерге жасалған іссапарлардың қорытындылары тыңдалды. Азаматтық қорғау күштерінің дайындығы тексеріліп, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шаралары пысықталды. Қазір республика бойынша 39 мыңнан астам адамнан тұратын күштер мен құралдар топтастырылған. Олардың қарамағында 12 мыңнан астам техника, 4 мыңнан астам су сору құралы және 700-ге жуық жүзу құралы бар.

1 наурыздан бастап ТЖМ Жедел штабы тәулік бойы жұмыс істеуде. Су тасқыны қаупі бар аумақтардың жай-күйі күнделікті бақылауда.

Мамандардың айтуынша, алдын алу шаралары уақтылы әрі жүйелі жүргізілсе, көктемгі кезеңдегі тәуекелдерді барынша төмендетуге мүмкіндік бар. Бұл ретте Шығыс Қазақстандағы инфрақұрылымдық жаңғырту жұмыстары өңірдің төтенше жағдайларға төзімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

«Didar» ақпарат

#РЕФЕРЕНДУМ – 2026

Басқа учаскеде дауыс беру тәртібі



Қазақстанда референдум кезінде азаматтар тіркеу мекенжайынан тыс жерде дауыс бергісі келсе, арнайы есептен шығару куәлігін пайдалана алады.

Бұл құжат 2026 жылғы 15 наурызға жоспарланған жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумда дауыс беруге мүмкіндік береді.

Куәлікті беру мерзімі:

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап 14 наурыз күні сағат 18:00-ге дейін (қоса алғанда).

Қайдан алынады:

Тұрақты тіркеу орны бойынша учаскелік сайлау комиссиясынан.

Қандай құжат қажет:

Азамат өзі келіп, жеке куәлігін көрсетуі тиіс. Жеке куәліктің eGov Mobile қосымшасындағы электрондық нұсқасын да ұсынуға болады. Сонымен қатар, жазбаша өтініш беріледі.

Өкіл арқылы алу:

Куәлікті сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі. Мұндай сенімхатты нотариалды куәландыру талап етілмейді.

Маңызды талаптар мен шектеулер:

– Бір елді мекен шегінде басқа учаскеде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігі берілмейді.

– Құжат жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру тәртібі:

Референдум күні азамат таңдаған учаскеге есептен шығару куәлігін және жеке куәлігінің түпнұсқасын немесе электрондық нұсқасын ұсынуы қажет. Осыдан кейін ол сол учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізіледі.

Есептен шығару куәлігі бір рет қана пайдаланылады және дауыс берген соң комиссия тарапынан алынады.

Айта кетейік, куәліктерді беру дауыс беру басталардан бір күн бұрын, яғни 14 наурыз күні жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де тоқтатылады.

#ITB BERLIN 2026


Алтай әлеуеті әлемдік алаңда

Берлинде әлемдік туризм индустриясының ең ірі әрі ықпалды алаңдарының бірі – ITB Berlin 2026 халықаралық көрмесі өтуде.

Көрмеге 180-ге жуық елден мыңдаған экспонент қатысуда. Сарапшылардың бағалауынша, ITB Berlin алаңында жыл сайын 5 500–10 000 аралығында компания өз өнімін таныстырып, үш күн ішінде шамамен 100 мың кәсіби келуші бас қосады. Бұл – жаһандық туристік нарықтағы үрдістер айқындалып, халықаралық келісімдер жасалатын стратегиялық платформа.

Биыл Шығыс Қазақстан облысы ITB Berlin көрмесіне алғаш рет ресми делегациямен қатысуда. Өңірдің қатысуы – халықаралық деңгейдегі маңызды қадам. Айта кету керек, көрмеге шақыру Германия Федеративтік Республикасының Қазақстандағы Елшілігі тарапынан облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов атына жолданған.

– Өңіріміздің әлеуеті бізге



белсенді әрі батыл жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Туризмді дамытуға қажетті барлық алғышарт бар: бірегей табиғат, бай мәдени мұра, туризмнің түрлі бағыттарын дамытуға жағдай жасалған. Облыс әкімдігі жергілікті туристік кәсіпкерлер мен әлемдік операторлар арасындағы байланысты жолға қоюға мүдделі. Саладағы әріптестермен халықаралық деңгейде ынтымақтастық орнату аса маңызды. Осындай өзара іс-қимыл арқылы тұрақты туристік ағын қалыптасып, өңірге деген қызығушылық артады, – деді облыстық туризм басқармасы басшысының орынбасары Ирина Смит.

ШҚО атынан туризм саласына жауапты мемлекеттік орган өкілдері мен Туристік ақпараттық орталық мамандары қатысуда. Сонымен қатар облыстың туристік әлеуетін екі жетекші туроператор таныстыруда. Атап айтқанда, «Gastro Tour VKO» компаниясының негізін қалаушы Мұхтар Тойбазаров өңірдің гастрономиялық туризм бағытын, жергілікті өнімдер мен авторлық маршруттарды ілгерілетсе, «Altay-pro.kz» туристік компаниясының менеджері Екатерина Орлова Алтайдың бірегей табиғи ландшафттарына негізделген белсенді және экологиялық турпакеттерді ұсынуда.

#ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІК ОТЫРЫСЫ

Өңір дамуының өзекті мәселелері: бас жоспарды жаңарту және цифрландыру

✎ **Айдос МЫРЗАХМЕТОВ, Ержан ӘБІШ**

📷 **Жібек НҰРАХМЕТ**

Шығыс Қазақстан облысында елді мекендердің бас жоспарларын жаңарту және цифрландыру мәселесі күн тәртібіне қайта шықты. Бұл – жай ғана құжат айналымы емес, өңірдің кеңістіктік дамуы, инвестициялық тартымдылығы мен инженерлік қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін стратегиялық мәселе.



Есептік мерзімі өткен жоспарлар – дамуды тежейтін фактор. Облыстағы 357 елді мекеннің алтауы – қала, 351-і – ауылдық елді мекен. Алайда бекітілген бас жоспарлармен қамтылу деңгейі небәрі 52 пайызды құрайды. Яғни, 186 елді мекенде ғана тиісті құжаттар бар. Бұл мәселе облыстық әкімдік отырысында кеңінен талқыланды.

Құрылыс басқармасының басшысы Руфат Акрамовтың айтуынша, заңнамаға сәйкес, бас жоспарлардың есептік қолданылу мерзімі 15–20 жылды құрайды. Қазіргі таңда 100-ден астам елді мекенде осы мерзім өтіп кеткендіктен, құжаттарға түзету енгізу қажет. Оның ішінде 104 ауылдық елді мекеннің бас жоспары қайта қарауды талап етеді.

2025 жылы облыс бойынша егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларымен біріктірілген 22 ауылдық елді мекеннің бас жоспары әзірленген. Дегенмен, бұл жалпы қажеттілікпен сәйкестірілгендігіне әлі де жеткіліксіз.

Сараптамалық тұрғыдан алғанда, бас жоспарлардың уақтылы жаңартылмауы – инфрақұрылымдық шешімдердің жүйесіздігіне, жер пайдалану дауларына және инвестициялық жобалардың кешеуілдеуіне алып келеді. Әсіресе, ауылдық аумақтарда әлеуметтік нысандар мен инженерлік желілерді жоспарлау мәселесі күрделене түседі.

ЦИФРЛАНДЫРУ: 53 % – ЖАРТЫ ЖОЛ ҒАНА

Облыста инженерлік желілерді түгендеу және цифрландыру мәселесі де өзекті күйінде қалып отыр. 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамаға сәйкес, облыс аумағында 20 мың гектардан астам жердегі инженерлік инфрақұрылым есепке алынуы тиіс. Бүгінде оның тек 53 пайызы ғана цифрланған.

Облыс қалаларының алты бас жоспарының екеуі ғана цифрландырылып, Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының базасына енгізілген. Бұл көрсеткіштер өңірде цифрлық урбанистикаға көшу процесі

басталғанымен, оның қарқыны әлі де баяу екенін аңғартады. Инженерлік желілердің толық цифрландырылмауы құрылыс саласында тәуекелдерді арттырып, жобалардың өзіндік құнын өсіруі мүмкін.

Жиында облыстың туристік әлеуеті жоғары 40-қа жуық елді мекенінде жаңа бас жоспарлар әзірлеу немесе қолданыстағыларын түзету қажет екені айтылды. Туризм инфрақұрылымы – жол, инженерлік желі, сервис нысандары – барлығы да кеңістіктік жоспарлауға тәуелді.

Яғни, бас жоспарсыз туризмді жүйелі дамыту мүмкін емес. Әсіресе, елді мекен шекарасынан тыс орналасқан туристік аймақтар бойынша нақты алгоритмнің болмауы инвестициялық жобаларды тежеп отырғаны байқалады.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов нақты міндеттер жүктеп, жұмыстың жүйелі әрі сапалы атқарылуы өңір дамуының қарқынына тікелей әсер ететінін жеткізді.

– Елді мекендер шекарасынан тыс орналасқан туристік аймақтар үшін бас жоспарларды әзірлеу алгоритмі дайындалсын. Алтай қаласының бас жоспарын түзету бойынша жұмыстарды биылғы жарты жылдықта қамтамасыз ету қажет, – деді облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов.

Сондай-ақ, аймақ басшысы елді мекендер бойынша қолданыстағы қала құрылысы құжаттамасына талдау жүргізіп, бірінші кезектегі бас жоспарларды айқындау тапсырылды. Бұдан бөлек, өңірде урбанистика орталығын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жүктелді.

Егер арнайы урбанистика орталығы құрылса, бұл тек жобалау құжаттарын әзірлеумен шектелмей, кеңістіктік деректерді жинау, талдау, цифрлық модельдеу және стратегиялық жоспарлауды бір орталыққа шоғырландыруға мүмкіндік берер еді.

Қазіргі ахуал көрсетіп отырғандай, мәселе тек құжат санында емес, олардың сапасы мен өзектілігінде. Бас жоспар – формальді талап емес, ол өңір дамуының ұзақмерзімді векторы.

ШҚО үшін алдағы кезеңде басты сын – бас жоспарларды жай жаңарту емес, оларды нақты экономикалық, туристік және әлеуметтік саясатпен үйлестіру. Сонда ғана цифрландыру мен жоспарлау өңірдің тұрақты дамуына қызмет ететін құралға айналады.

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ НЫСАНДАР САЛЫНАДЫ

Облыста мал ауруларының алдын алу бағытындағы ветеринариялық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Биыл эпизоотиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге 2,07 млрд теңге бөлінді. Қаражат вакцинация, диагностикалық зерттеулер және алдын алу шараларын жүргізуге бағытталған.

ШҚО ветеринария басқармасының басшысы Рамиль Сағындықов мәлімдегендей, 2026 жылға аса қауіпті жеті ауруға қарсы 4,3 млн доза вакцина егу жоспарланған. Қазіргі уақытта облысқа 394,7 млн теңгені құрайтын 2,3 млн доза ветеринариялық препарат жеткізілді, бұл жоспардың 53 пайызын құрайды. Былтыр аса қауіпті аурулар бойынша 1,2 млн диагностикалық зерттеу жүргізілген. Биыл да осы көлемде зерттеу жоспарланып отыр, оның 97,6 пайызы бруцеллезді анықтауға бағытталды.

– Қазіргі уақытта ірі қара малдан алынған 6711 сынама-ның 15-і, ұсақ малдан алынған 3456 сынаманың 4-і оң нәтиже көрсетті. Қосымша зерттеулер нәтижесінде бруцеллез тіркелген Зайсан ауданының 4 ауылдық округінде карантин енгізілді. Сондай-ақ облыста құтыру ауруының бір ошағы анықталып, індеттің таралуына жол бермеу мақсатында сауықтыру шаралары жүргізілуде, – деді басқарма басшысы.

Энзоотиялық аурулардың алдын алу жұмыстары да жалғасуда. Үстіміздегі жылы 140,2 мың емдеу-профилактикалық іс-шара өткізу жоспарланған.

– 2026 жылға арналған вакцинация жоспарын қатаң бақылауға алу қажет. Қаражаттың игерілуіне және қаражаттың нақты игерілуіне мониторинг жүргізілсін. Қалалар мен аудандар әкімдерімен ветеринариялық қызметтерге толық қолдау көрсетілсін, – деді облыс әкімі.

Жалпы өңірдегі эпизоотиялық ахуал тұрақты және ветеринариялық қызметтің жіті бақылауында.

Өңірде ветеринариялық инфрақұрылымдық жаңғырту жұмыстары жалғасуда. 2026–2027 жылдарға арналған жоспар аясында жаңа ветеринариялық станциялар мен пункттер салынып, мал қорындарының саны артады, бұл өңірдегі биологиялық қауіпсіздік пен эпизоотиялық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған.

Трансферттер шеңберінде өңірде бірқатар нысан салу жоспарлануда. Атап айтқанда, аудан орталықтарында 7 ветеринариялық станцияның құ-

рылысы көзделген. Оның ішінде 2026 жылы 3, ал 2027 жылы 4 станция пайдалануға беріледі. Сонымен қатар ауылдық округтерде 70 ветеринариялық пункт салу жоспарланған.

– 2026 жылы – 32, 2027 жылы – 38 нысан бой көтереді. Бұдан бөлек, өңірде 54 мал қорымын салу қарастырылған: 2026 жылы – 25, 2027 жылы – 29 нысан, – деп мәлімдеді ветеринария басқармасының басшысы Рамиль Сағындықов.

2026 жылға жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру өңірдегі эпизоотиялық тұрақтылықты сақтауға, жануарлар ауруларының алдын алуға және биологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

– Қалалар мен аудандар әкімдері ветеринариялық нысандардың құрылысына арналған жер учаскелерін және инженерлік инфрақұрылымдық қолдаумен қамтамасыз етсін, – деді аймақ басшысы.

Жалпы, қазіргі уақытта ШҚО-да 11 мемлекеттік ветеринариялық кәсіпорын мен 99 ветеринариялық пункт жұмыс істейді. Ветеринариялық салада барлығы 572 маман еңбек етеді.

Саланы техникалық жақсартып да кезең-кезеңмен жүргізілуде. Облысқа 133 арнайы автокөлік жеткізілген. Оның ішінде 13 дезинфекциялық қондырғы, 1 инсинератор, 6 мал тасымалдайтын көлік және 1 рефрижератор бар.

Өңір аумағында 157 мал қорымы және 101 сібір жарасы қорымы тіркелген. Барлық нысан қоршалып, тұрақты бақылауға алынған. Өткен жылы Күршім ауданында 5 мал көміндісі салынды.

«TORTTULIK» – МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Жиында айтылғандай, елімізде ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «TortTulik» мобильді қосымшасы іске қосылды. Жаңа цифрлық жоба мал шаруашылығындағы есепті жеңілдетіп, ветеринариялық қызметтердің тиімділігін арттыруға бағытталған. Өңірімізде «TortTulik» қосымшасын пайдаланушылар саны 10 мыңға таяды.

Қосымша шаруа қожалықтарына, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге, жеке қосалқы шаруашылықтарға және өзге де мал иелеріне мал басын түгендеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйедегі деректердің өзектілігін қамтамасыз етіп, ветеринариялық-профилактикалық іс-шараларды уақтылы әрі толық көлемде жүргізуге жағдай жасайды.

– Қосымша арқылы пайдаланушылар ветеринариялық паспорт рәсімдей алады, малды сатып алу-сату мәмілесін тіркей алады, жеке тұтыну үшін сою кезінде жануарды есептен шығара алады, деректерді түзетуге өтінім жолдай алады, – деді ветеринария басқармасының басшысы Рамиль Сағындықов.

#СПОРТТЫҚ МЕРЕКЕ

«Бұқтырма балықшысы» – Шығыс жұртының береке-бірлігін айшықтады

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
📷 Махаббат АХМЕТЖАНОВА

Таңғы шапақпен бірге Алтай ауданының Октябрьский кентіндегі Бұқтырма жағалауы ерекше қарбаласқа бөленді. Таңғы сағат жетіден бастап балық аулауға құмар қауым айдын басына ағылып, табиғат аясындағы үлкен мерекенің куәсіне айналды. Мұнда «Бұқтырма балықшысы» атты республикалық фестиваль екінші рет жалауын көтерді.

Су қоймасының мұз жамылған айдыны бұл күні тек балықшылардың ғана емес, тұтас халықтың басын қосқан мерекелік алаңға айналды. Жарыс алаңына сегіз киіз үй тігіліп, ортаға сәні келіскен үлкен сахна орнатылды, тіпті мерекелік көңіл-күйді айшықтай түскен әуе шары да орналастырылды.

Алғыс айту күнімен тұспа-тұс келген тағылымды шарада облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов жиналған жұртшылықты 1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесімен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Құрметті жерлестер! Сіздерді Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын. Алдымызда республикалық маңызды референдум тұр. «Бұқтырма балықшысы» мейрамы осындай ерекше кезеңде өтіп жатыр. Бұл фестиваль екінші рет ұйымдастырылып отыр. Былтыр Зайсанда өткен шарада 500-ден астам балықшы қатысқан еді. Биыл да қатысушылар қатары қалың. Қармақтарыңыз олжалы болсын! Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді аймақ басшысы.

Салтанатты ашылудан кейін жарыс ережелері түсіндіріліп, еліміздің әр өңірінен келген балықшылар айдын үстіне бет алды. Олар ең ірі, ең сирек әрі бағалы балық түрлерін аулау бойынша сынға түсті.

Фестиваль тек балық аулау жарысымен шектелмей, кең ауқымды мәдени-танымдық мерекеге ұласты.

Жиналған көпшілікке арналып қазақстандық танымал эстрада жұлдыздарының концерттік бағдарламасы ұсынылды, сахнада ән мен күй әуеледі. Сонымен қатар жәрмеңке ұйымдастырылып, атпен серуендеу, ұлттық қолөнер көрмелері мен түрлі отбасылық спорттық жарыстар қатар басталды.

Айрықша атап өтерлігі, фестивальге облыстың аудандары белсене қатысып, өз киіз үйлерін тігіп, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері мен «Ауылдың дәмі» акциясын ұйымдастырды. Бұл өз кезегінде облыс аудандарының береке-сі мен бірлігін, ұлттық дәстүрге деген құрметін айқын көрсеткен мазмұнды шараға ұласты.

Осылайша, Бұқтырма жағалауындағы балықшылар фестивалі табиғат аясындағы жарыс қана емес, ел бірлігін ұлықтаған, алғыс пен ынтымақты дәріптеген шынайы халықтық мерекеге айналды.

АЛЫП ӘУЕ ШАРЫ, ЖОРҒА МІНУ, ХАСКИЛЕР ЖЕГІЛГЕН ШАНАМЕН СЕРУЕН

Бұқтырма су қоймасы жағалауындағы балықшылар мерекесі күннің аяғына қарамастан қызу өтті. 18 бен 78 жас аралығындағы 300-ге тарта әуесқой балықшы бақтарын сынады.

Күршім, Самар, Үлкен Нарын, Алтай аудандары тіккен киіз үйлерде фестиваль қонақтары мен қатысушылар дәм ауыз тиді.

Мұнымен қатар алтайлық кәсіпкерлер су төгілмес жорғалар пен понилер



әкеліп, халықтың атпен серуендеуіне жағдай туғызды. Ал өскемендік кәсіпкерлер шанаға арнайы үйретілген хаски тұқымды иттерді әкеліп, ит жегілген шанаға мінген белсенді демалушылар мұз үстінде атқан оқтай заулады.

Орталықтағы мереке алаңында қалықтаған алып әуе шары да үлкен сұранысқа ие болды.

Ал ортадағы үлкен сахнадан күні бойына әсем әуен мен би, сахналық көріністер бір сәтке де толастаған жоқ.

– Бүгін отбасыммен Серебрянка қаласынан арнайы жарысты тамашалауға келдік. Өте көңілімізден шығып отыр. Атпен серуендедік. Ән тыңдадық. Белгілі эстрада әншілерінің өнерін тамашаладық, олармен суретке түстік. Өзіміз де балық аулауға тырыстық. Осынау көктемнің алғашқы күнінде, Алғыс айту күні мерекесінде тамаша көңіл-күй сыйлаған ұйымдастырушыларға зор алғыс. Осындай береке-бірлігімізді алдағы 15 наурызда болатын республикалық референдум да да көрсетейік. Бүгін нағыз береке-бірліктің мерекесі көрініс табуда, – деді жарысқа қатысушы Берік Нұрланбекұлы.

Ал бүгінгі мерекенің көрігін белгілі эстрада жұлдызы, әнші Еркін Нұржанов қыздырғанын ерекше атаған абзал. Ол жарты сағаттан астам уақыт көктемгі ашық аспан астында танымал хит әндерін шырқап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

– Шығыс Қазақстан облысында өтіп жатқан балықшылар мерекесінде өнер көрсеттік. Көктемнің алғашқы күнінде, Алғыс айту күнінде ән айтудамыз. Халықтың қошеметі керемет. Мерекелеріңізбен, – деді бүгінгі спорттық-мәдени шараның бас хедлайнері Еркін Нұржанов.

Фестивальде облыстық филармония өнерпаздары да әсем әннен шашу шашып, халық көңілін көтерді.

– Көктемнің алғашқы күнінде, референдум қарсаңында керемет шара өткізген облыс басшылығына үлкен рахмет. Жексенбілік жақсы демалыс болды, – деді Аслан Нұрбаев есімді фестиваль қонағы.

ЖАРЫСТЫҢ ЖАЛПЫ ЖҮЛДЕ ҚОРЫ – 2 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ

Әрине, фестивальдің басты оқиғасы – су астындағы балық аулау бойынша жарыс болғаны белгілі. Бас төреші Алексей Моисеев бастаған әділ қазылар алқасы да барынша әділ болуға тырысып, нән шортан, көксеркеден бастап, саусақтай шабақтар, алабұғалар да есепке алынды.

– Ең бірінші кезекте айтарым, мұндай жарыстарда көп балық аулау міндет емес, керісінше, жарысқа қатысу, балық аулаудың атмосферасын сезіну, бүкіл балықшылармен бірге бір

ұжымға айналып кету, жетістігіңмен бөлісу маңызды. Бұл міндет бүгін толық орындалды. Барлықтарыңызды 1 наурыз – Алғыс айту күнімен және алда келе жатқан мерекелермен құттықтаймын. Сонымен қатар алдағы 15 наурызда болатын референдумда тағы да осылай бірге бас қосайық дегім келеді. Келесі жарыстарда кездескенше, – деді ШҚО спорттық балық аулау федерациясының жетекшісі Александр Гуляев.

Сонымен «Бұқтырма балықшысы – 2026» су астындағы балық аулаудан екінші республикалық фестивалінде «Ең үздік балықшы әйел» номинациясында Ирина Анихина жеңімпаз атанды. Келесі «Ең үлкен ауланған балық (Big Fish)» аталымында жас балықшы Ғали Темірғалиев үздік деп танылды.

Ал ауланған балық көлемі бойынша үшінші орын Айқын Нұрмұханбетовке берілді. Екінші орынға Владимир Карпенко лайық деп танылды. Жарыстың бас жүлдесі – бірінші орынды Роман Иванов жеңіп алды.

Жеңімпаздар облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының, облыстық мәдениет басқармасының атынан тағайындалған кубоктармен, медальдармен, Алғыс хаттармен және облыс әкімі Нұрымбет Аманұлының атынан арнайы қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Мұнымен қатар жеңімпаз бен жүлдегерлерге, номинация иегерлеріне облыс кәсіпкерлері атынан өңірдегі қысқы қонақ үйлерге жолдамалар да тарту етілді.

ФЕСТИВАЛЬ КӨПШІЛІКТІҢ БАСЫН ҚОСТЫ

– Жеңімпаз болғаныма өте қуаныштымын. Глубокое ауданынан келіп бірінші рет қатысып, бірінші орын алып, бес жүз мың теңгенің сертификатын иелендім. Бұл отбасым үшін үлкен сыйлық болды. Осы жарысқа қолдау білдіріп, жіберген Глубокое ауданы әкімдігі мен Быструха ауылдық әкімшілігіне алғыс айтамын. Күн аяз болса да, жарыстың қызығына беріліп, аса елей қоймадық. Барлық қатысушыларды мерекемен құттықтаймын. Жарысты өткізген облыс басшылығына үлкен рахмет, – деді Роман Иванов.

Фестивальдің басты хедлайнерлері: эстрада жұлдызы, танымал әнші Еркін Нұржанов, Кубадан келген қонақтар – Umberto Project тобы, сондай-ақ танымал блогер «Алға, Қазақстан!» жобасының авторы Иван Червинский болды.

Мұздағы балық аулау барысы бастан-аяқ алаң ортасында орнатылған үлкен экраннан көрсетіліп тұрғаны, жарыстың жариялы да әділ өтуіне мүмкіндік туғызып, қонақтарға мұзға шық-

пай-ақ жарысты тамашалауға жағдай жасады.

– Жарыс әділ өтті. Қармағыма ала-бұғаның бір-екеуі түсті. Сонымен жүлдеге іліктім. Мереке құтты болсын, осындай жарыстар өткізіле берсін, – деді ауланған ең үлкен балықтың иесі атанған Ғали Темірғалиев.

Фестивальді ұйымдастырушылар негізгі мақсат – балық аулаудан жарыс өткізу болғанымен, сонымен бірге шара елді бірлікке шақырудың, Шығыстағы елдің ұйымшылдығы мен береке бірлігін айшықтаған, алтай қыстың аяқталып, нұрын төккен көктемнің келгенін хабарлаған, ойдағы елмен қырдағы елдің басын қосқан мереке болғанын да сүйіншілей жеткізді.

– Бүгін үлкен мереке, бірліктің мерекесі Алтай ауданында, Бұқтырманың жағасында өтті. Үш жүзге тарта спортшы-балықшылар тіркеліп, мұз үстіне шықты. Бәрі ойдағыдай болды. Ұйымдастыру жағы да мінсіз болды. Сол үшін фестивальге қатысып, қолдау білдірген облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановқа, облыстық Төтенше жағдайлар, департаментіне,



Полиция департаментіне, спорт, мәдениет, денсаулық сақтау басқармаларына рахмет айтамыз. Алтай ауданы әкімдігіне де бек ризамыз. Аязға, жолдың алыстығына қарамай келген қатысушыларға рахмет айтамын, – деді жарысқа Алматы қаласынан келген «Республикалық спорттық балық аулау федерациясының» президенті, балық аулаудан әлем чемпионы Роман Ботабеков.

Көктемнің ашық та сәулелі нұрын төккен алғашқы бұл күні Алтай ауданына жарысқа келген жұртшылықтың есінде ұзақ сақталары сөзсіз.

#КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

Білім мен ғылым – ел дамуының стратегиялық басымдығы

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

📷 Артём ЖИГУЛИН

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов білім беру саласы қызметкерлерімен кездесті. Жиында жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары, оның қоғам дамуына, әсіресе, білім мен ғылым саласына ықпалы кеңінен талқыланды. Кездесу барысында Ата заңға енгізіліп отырған өзгерістердің мазмұны мен маңызы түсіндіріліп, білім беру жүйесін дамытуға бағытталған басымдықтар сөз болды.

Аймақ басшысы атап өткендей, жаңа Конституция жобасы қоғамның кең талқысынан өткен маңызды құжат. Оны әзірлеу барысында азаматтардың, саяси партиялардың, қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ ғылыми және сарапшылық қауымдастықтың ұсыныстары ескерілген.

– Алты ай бойы ел көлемінде ашық қоғамдық талқылаулар ұйымдастырылып, конституциялық өзгерістердің мазмұны жан-жақты сараланды. Конституциялық комиссия жұмысына шамамен 130 сарапшы қатысып, олардың қатарында өңіріміздің де өкілдері болды, – деді Нұрымбет Аманұлы. – Арнайы электронды платформалар арқылы азаматтардан шамамен 10 мыңға жуық ұсыныс түскен. Бұл – қоғамның ел болашағына бейжай қарамайтынын, халықтың мемлекеттік маңызы бар бастамаларға белсенді қатысатынын көрсетеді. Түскен мазмұнды ұсыныстардың барлығы мұқият қаралып, олардың едәуір бөлігі жаңа Конституция мәтінінде көрініс тапты.

Жаңа редакциядағы Ата Заңның басты қағидаты – адам, оның құқық-

тары мен бостандықтары. Сонымен қатар, ел дамуының стратегиялық басым бағыттары ретінде білім, ғылым, мәдениет және инновациялар айқын белгіленіп отыр. Бұл салалар ХХІ ғасырдағы ұлттың бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын негізгі факторлар саналады.

Кездесу барысында білім беру саласына қатысты конституциялық өзгерістерге де ерекше назар аударылды. Адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, оларды қорғау, әділдік пен тең мүмкіндіктер қағидаты білім беру жүйесі үшін әрбір баланың тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына, денсаулық ерекшеліктеріне немесе жеке қабілеттеріне қарамастан сапалы әрі қолжетімді білім алу құқығын толық қамтамасыз ету дегенді білдіреді.

– Әсіресе, бұл қағидат ауылдық аймақтар мен шағын елді мекендер үшін маңызды. Конституциялық кепілдіктер мектеп инфрақұрылымын дамытуға, материалдық-техникалық базаны нығайтуға, білім алушылардың заманауи білім беру ресурстарына қолжетімділі-



гін кеңейтуге мүмкіндік береді, – деді аймақ басшысы. – Сонымен қатар, құжатта үздіксіз білім беру жүйесін дамытуға айрықша назар аударылған. Яғни, мектеп қабырғасынан бастап кәсіби және жоғары білім деңгейіне дейінгі білім алу жолы біртұтас жүйе ретінде қарастырылады.

Жиын барысында жастардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту, педагогтерді қолдау, ғылымды өркендету және білім беру үдерісіне инновацияларды енгізу мәселелері де қозғалды. Мұғалім, тәлімгер және ғалым елдің стратегиялық ресурсы ретінде қарастырылып, олардың мәртебесі мен қолдауын қамтамасыз етуге бағытталған конституциялық негіздер бекітіліп отырғаны атап өтілді.

– Облыс әкімі Конституция жобасы, заң мен тәртіп туралы баяндап, бі-

лім саласындағы қолжетімділік туралы кеңінен айтып берді. Ұстаздар қауымы алдағы референдумда белсенділік танытып, еліміздегі ең елеулі іс-шараға қолдау білдіреді деп ойлаймын. Бүгінгі кездесу білім саласының өкілдері үшін өте маңызды болды, – деді Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының директоры Маржан Жакина.

Цифрлық трансформация жағдайында білім беру жүйесін жаңғырту да маңызды бағыттардың бірі ретінде айқындалған. Конституция жобасында цифрлық сауаттылықты арттыру, заманауи білім беру технологияларына қолжетімділікті кеңейту және білім алушылардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау мәселелері қамтылған.

Кәсіпкерлік пен агросектор: Конституция жобасының экономикалық басымдықтары

✍ Айдос МЫРЗАХМЕТОВ

📷 Артём ЖИГУЛИН

Шығыс Қазақстанда өткен кездесуде жаңа Конституция жобасының шағын және орта бизнеске, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешеніне ықпалы кеңінен сараланды. Облыс басшылығы мен сала өкілдері жаңа Ата Заң жобасындағы экономикалық кепілдіктер мен даму тетіктерін талқылады.

Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов атап өткендей, жобада өңірлік экономиканың тірегі саналатын шағын және орта бизнес пен агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған маңызды қағидаттар қамтылған.

– Жаңа редакциядағы Конституцияда кәсіпкерлік қызмет еркіндігі мен жеке меншікті қорғау кепілдіктері күшейтіледі. Меншікке қол сұғылмаушылық және оның иелік ету нысанына қарамастан тең дәрежеде қорғалу қағидаты бекітіледі. Бұл өз кезегінде тұрақты әрі болжамды құқықтық орта қалыптастырып, инвестиция тартуға, өндірісті кеңейтуге және ұзақ мерзімді жоспарлау жүргізуге қолайлы жағдай жасайды, – деді Нұрымбет Аманұлы.

Кездесу барысында әділдік пен заң үстемдігі қағидаттарының бизнесті дамытудағы маңызына да назар аударылды. Өзара пікірталас кәсіпкерлерді негізсіз араласудан қорғау, заң алдында теңдік, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін



қамтамасыз ету жөнінде болды.

Жаңа Конституция азаматтардың бастамашылдығы мен дербестігін қолдауға бағытталған нормаларды да қамтиды. Бұл бәсекелестік ортаны дамытуға, әкімшілік кедергілерді азайтуға, салық және реттеу саясатын жетілдіруге, сондай-ақ шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау тетіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

– Практикалық тұрғыдан алғанда, бұл кәсіпкерлік қызметтің тұрақтылығын нығайтып, бизнес қауымдастығының қоғамдық диалогқа және шешім қабылдау үдерістеріне қатысуын кеңейтеді. Сонымен қатар, өзін-өзі жұмыспен қамту мен отбасылық кәсіпкерлікті дамытуға жағдай жасап, өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді, – деді

аймақ басшысы.

Кездесуде агроөнеркәсіп кешенінің дамуына қатысты нормалар да талқыланды. Атап айтқанда, жер мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау қағидаттары ерекше маңызға ие екені айтылды.

– Экологиялық жауапкершілік принципін конституциялық деңгейде бекіту ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына, заманауи технологияларды енгізуге және табиғи ресурстарды болашақ ұрпақ үшін сақтауға құқықтық негіз қалайды. Сонымен қатар, әділдік пен тең мүмкіндіктер қағидаты ауылдық аумақтарды дамытуға, фермерлік шаруашылықтарды қолдауға, ауыл шаруашылығы кооперациясын және қайта өңдеу өндірістерін дамы-

туға бағытталған, – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Бұдан бөлек, ғылым мен инновацияға басымдық берілуі аграрлық секторды цифрландыруға, заманауи агротехнологияларды енгізуге, еңбек өнімділігін арттыруға және отандық өнімнің ішкі әрі сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге жол ашады.

– Жаңа Конституция жобасындағы өзгерістер бүгінгі заманда өте қажет. Бұрынғы Ата Заң экономика мен дамуға негізделсе, жаңа жобада адами құндылықтарға, саналы ұрпақ, отбасылық құндылықтар мен жауапкершілік бірінші орынға шығып отыр. Алпауыт елдердің ортасында орналасқан еліміз үшін жаңа серпіліс алуға Жаңа Конституция жобасының маңызы зор. Наурыз айының ортасында болатын референдумға бәріміз атсалысуымыз керек, – дейді «Самға» даму орталығының жетекшісі Әлия Көңілханқызы.

Кездесу қорытындысында жаңа Конституцияда қарастырылған өзгерістер кәсіпкерлік пен агроөнеркәсіп кешенінің дамуына берік құқықтық негіз қалыптастырып, экономикалық өсімнің, халықты жұмыспен қамтудың және азаматтардың әл-ауқатын арттырудың маңызды тетігіне айналатыны атап өтілді. Сарапшылардың пікірінше, бұл бастамалар декларативті сипаттағы нормалар ғана емес, ел экономикасы мен өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін институционалдық ортаны жүйелі түрде нығайтуға бағытталған.

#ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Екі мыңға тарта жеке және заңды тұлғалардың өтініштері қаралды

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ
📷 Руслан АКМАТАЛИЕВ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті 2025 жылы жиыны 1889 жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараған. Оның ішінде еңбек қатынастары бойынша 1807, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 75, ал халықты жұмыспен қамту бойынша 7 өтініш келіп түскен.

Есепті кезеңде 402 тексеру жүргізілсе, оның 373-і жоспардан тыс. 251 ұйғарым берілген. 512 бұзушылық анықталған, 39,7 млн.теңге сомасына 149 әкімшілік айыппұл салынған.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы, полиция департаменті, денсаулық сақтау басқармасы және облыстық кәсіподақтар орталығы арасында өндірістік жарақаттануды жасыру фактілеріне жол бермеу мақсатында өзара ынтымақтастық туралы Меморандумы жұмыс істейді.

Департамент басшылығының айтуынша, өліммен және ауыр зардапты жазатайым оқиғаларға жол берген кәсіпорын басшылары облыстық үш-жақты комиссияның 4 отырысында және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Сараптамалық кеңестің 2 отырысында тыңдалды.

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ



Сонымен қатар «Шығыс Қазақстан облысында Қазақстан Республикасының 2024-2030 жылдарға арналған Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі Жол картасы» бекітілген.

– Еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау 86 кәсіпорында өткізіліп, мыңнан аса жұмыс орнын қамтыды. Өңірде 23 кәсіпорын тапсырыс берушіден мердігерге дейін бақылаудың сатылы моделін енгізді. Олардың қатарында «Промтехмонтаж» Өскемен басқармасы» ЖШС, «Бұқтырма цемент компаниясы» ЖШС, «Service СМУ» ЖШС бастағы кәсіпорындар бар. Облыстың 42 кәсіпорны «VisionZero» нөлдік жарақаттану тұжырым-

дамасына қосылды. Қазақстандық саңыраулар қоғамы «Казцинк» ЖШС-мен бірлесіп, «Халықтық бақылау» жобасын іске асыруда, оның шеңберінде есту қабілеті бұзылған 63 адам бейнебақылау операторы болып жұмыс істейді, бұл қауіпсіздік техникасы талаптарының бұзылуын төмендетуге ықпал етуде, – деді Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департамент басшысы Бақытбек Қизатов.

Шығыс Қазақстан облысында статистикалық деректер бойынша жалдамалы қызметкерлер саны – 191 378 адам, оның ішінде зиянды еңбек жағдайларында 2024 жылы 26,0 мың адам немесе 13,5 % жұмыс істеді.

2024 жылы жұмыс берушілердің зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін өтема-

қы төлеуге жұмсаған шығындарының жалпы сомасы 28,3 млрд теңгені құрады.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы департаменті арқылы 2025 жылы қаралған өтініштер, тексерулер және әкімшілік айыппұлдар бойынша 24,7 млн.теңге өндірілген. Қалған 15,0 млн. теңге өндірілген жоқ, оның ішінде 4,8 млн. теңге жеке сот орындаушыларға жіберілсе, 10,2 млн. теңге бойынша ерікті өндіріп алу мерзімі аяқталмаған.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ

Бақытбек Құрманбекұлы айтып өткендей, облыс кәсіпорындарында 2025 жылы 128



жазатайым оқиға орын алып, 143 адам зардап шеккен, оның ішінде 14-і өліммен аяқталған.

– 75 ауыр және 54 жеңіл зардапты жағдайлар орын алды. 7 топтық жазатайым оқиға болып, онда 22 адам зардап шекті. Өндірістік жарақаттану деңгейі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13,2% өсіп отыр, керісінше, өліммен аяқталғандар – 17,6% азайды. Зардап шеккендердің ең көп саны тау-кен металлургия өнеркәсібінде – 37 адам, бюджеттік ұйымдарда – 34, құрылыста – 14, ауыл шаруашылығында – 13 және басқаларында 45 адам. Жазатайым оқиғалардың негізгі себептері – жұмыс жүргізудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы – 36 %, зардап шегушінің өрескел абайсыздығы – 34 %, еңбек қауіпсіздігі ережелерін бұзуы – 11 %, басқалары – 19% (жол – көлік оқиғасы, еңбек қауіпсіздігі тәсілдерін оқытудағы кемшіліктер және т.б.), – деді департамент басшысы.

Зардап шеккендердің ең көп саны Өскемен қаласында тіркелген, 64 адам. Келесі ретте Риддерде 26, Алтай ауданында 16, Шемонаиха ауданында 15, Ұлан ауданында 11. Өліммен аяқталған жазатайым оқиғалары Өскемен қаласы мен Алтай ауданында 4, Үлкен Нарын мен Ұлан аудандарында 2 фактіден тіркелген.

– Есепті кезеңде 123 арнайы тергеп-тексеру жүргізіліп, 197 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 9 қызметкер жұмыстан шеттетілді. 123 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде 5 лауазымды тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылды («Шығыстүстімет» ЖШС – 2, «Шахтоострой Инжиниринг» ЖШС – 2, «Риддерское геологоразведочное предприятие» ЖШС). Арнайы тергеу қорытындысы бойынша қаза тапқандардың отбасыларына – 88,8 млн. теңге, еңбекке уақытша жарамсыздық парағы бойынша ауыр жарақат алған 75 қызметкерге 89,5 млн. теңге төленді, – деді Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысы Бақытбек Қизатов.

Қосымша айта кетсек, жыл басынан бері облыс кәсіпорындарында 7 жазатайым

оқиға орын алып, 7 адам зардап шекті. Оның ішінде жетеуі де ауыр зардапты. Өндірістік жарақаттану деңгейі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,5% -ға төмендеді, қайтыс болғандар болған жоқ.

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАРДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

Сонымен қатар аймақтағы 29 кәсіпорында профилактикалық бақылау жүргізіліп, 199 бұзушылық анықталған. Оның ішінде еңбек қатынастары бойынша – 119, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша – 77, халықты жұмыспен қамту бойынша – 3. Оның 179 бұзушылығы немесе 90 % орындалды, қалғандары бойынша орындау мерзімі әлі аяқталған жоқ.

Департаментте атап өткендей, 2025 жылдың басынан бастап мамандандырылған ұйымдар 14 кәсіпорында кәсіби тәуекелдерге бағалау жүргізді. Қараша, желтоқсан айларының жоспары орындалған.

– Өңірдегі 5 360 белсенді кәсіпорынның (мемлекеттік ұйымдарды қоспағанда) 97,4%-ы сақтандыру шарттарын жасасты. 191 378 жалдамалы жұмыскердің 93,02%-ның еңбек шарттары бар. Жыл көлемінде кәсіподақтармен бірлесіп, барлығы 699 ұжымдық шарт цифрландырылды (ірі – 115, орта – 355, кіші – 229). Жоспар 538 болған, жылдық жоспар 130%-ға орындалды, – деді департамент мамандары.

ЕҢБЕК ТӘУЕКЕЛДЕРІ КАРТАСЫ

2025 жылғы желтоқсанда Еңбек тәуекелдері картасына 3 865 кәсіпорын енгізілсе, оның ішінде жоғары тәуекел аймағына – 56 кәсіпорын, орташа тәуекел аймағына – 65, тәуекел аймағынан тыс – 3744 (96,8%) кәсіпорын енгізілген.

Қалалар мен аудандар әкімдеріне және ШҚО бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне тәуекелі жоғары кәсіпорындармен жұмыс істеу үшін хаттар жолданып, тексерулер жүргізілген. Нәтижесінде былтыр жоғары тәуекел аймағынан 192 кәсіпорындар шығарылған.

ЖАЛАҚЫ БОЙЫНША БЕРЕШЕК

2026 жылғы 17 ақпандағы мерзімі өткен жалақы бойынша жалпы берешектің қалдығы 3 кәсіпорында 7 қызметкер алдында 14,76 млн. теңгені құрайды. Олар – «Qazconstructions» ЖШС – 1 қызметкер алдында 1,15 млн. теңге, «Спецавтоматика» ЖШС – 1 қызметкер алдында 2,56 млн. Теңге және «LOGYGROUN» ЖШС – 5 қызметкер алдында 11,05 млн. теңге);

Ағымдағы жылдың басынан бері облыс аумағында еңбек жанжалдарына жол берілген жоқ.

ЖҰМЫСКЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУҒА ҰСЫНЫСТАР

Өз кезегінде Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің облыстық департаменті өндірістік жазатайым оқиғаларды болжауға және алдын алуға бағытталған еңбек жағдайларын мониторингілеудің және тәуекелдерді талдаудың цифрлық құралдарын кезең-кезеңімен енгізуді (каска, сақтандыру тростарын, сигналдық кеудешелерді тани отырып камералар орнату; оқыту, нұсқамалардан өту, бұзушылықтар мен медициналық көрсеткіштердің тарихын жүргізу, жарақат алу қаупі жоғары қызметкерлердің ЖИ арқылы анықтау және басқалары) ұсынады.

Сонымен қатар ұсыныстар қатарында өндірістік жарақаттану деңгейін тұрақты түрде төмендетіп отырған жұмыс берушілер үшін экономикалық ынталандыру шараларын дамыту, оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі және мемлекеттік қолдау бағдарламалары аясында көтермелеу тетіктерін енгізу (цифрлық қауіпсіздік жүйелерін енгізген кәсіпорындар үшін сақтандыру жарналарын төмендету және салықтық жеңілдіктер беру де көтерілген.

– Біздің тарапымыздан еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша құқық бұзушылықтардың алдын алу және өндірістік жарақаттануды төмендету мақсатында Еңбек кодексінде тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, мемлекеттік еңбек инспекторларына еңбек заңнамасының сақталуы бойынша жоспарлы тексерулер жүргізу құқығын беру, сондай-ақ жазатайым оқиғалардың алдын алу және профилактикасын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының сақталуын бақылау бойынша тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективтік өлшемшарттар тізбесіне өндірісте арнайы тергеп-тексерілуге жататын жазатайым оқиғаларды енгізу ұсынылады, – деді департамент басшысы.

#ҚОЛӨНЕР

Ерекше балаларды тоқыма ісіне үйретуде

Қазақтың қолөнері – ұлтымыздың тұрмысымен біте қайнасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұра. Соның ішінде тоқыма өнері де бүгінде қайта жаңғырып, жаңа сипатта дамып келеді. Бұл өнерді күнделікті өмірімен сабақтасырып, оны тек кәсіпке емес, өмірлік мәнге айналдырған жандар арамызда аз емес.



Маржан Әуелбекова – №8 арнайы мектеп-интернатының еңбекке баулу пәні мұғалімі. Ол осы білім ордасында 12 жылдай қызмет етіп келеді. Ұстаздың басты міндеті – ерекше балаларды еңбекке баулу, қолөнерге үйрету, олардың өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.

Ұстаздық жолды таңдауы да кездейсоқ емес. Айтуынша, отбасында мұғалімдік – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан жол.

– Біздің әулетте мұғалімдер көп. Әкем де, анам да ұстаз болған. Сондықтан бұл мамандық маған бала кезден таныс әрі жақын болды. Мұғалім болуды ерте жастан армандадым. Ұстаздық қанмен келген қасиет деп ойлаймын, – дейді ол.

Ал қолөнерге, соның ішінде тоқымаға деген қызығушылығы да балалық шақтан бастау алыпты. Уақыт өте келе бұл әуестік оның өмірінің ажырамас бір бөлігіне айналған.

– Тоқыма тоқу – бала кезден хоббиім. Қазір бұл өнер қайта жаңғырып келеді. Тоқымашылардың саны көбейіп жатыр. Тоқыма білетін адам өзіне қажетті дүниені өзі-ақ кез келген уақытта жасап алады, қажет болса сыйлыққа береді, тіпті табыс көзіне айналдыра алады. Қазір қолдан тоқылған бұйымдар бағалы. Сондықтан бұл өнерді меңгерген дұрыс, – дейді ұстаз.

Ол көбіне ілмек бізбен тоқиды. Айтуынша, қолмен жасалған бұйымда ерекше жылулық пен энергия бар. Адам тоқыған кезде бар ойы жинақталып, көңілі тынышталыады. Сондай-ақ тоқыма қолдың моторикасына, жүйке жүйесіне, жалпы денсаулыққа жағымды әсер етеді. Сондықтан бұл өнерді рухани демалыс түрі, сауықтыру тәсілі деп де айтуға болады.

Шебер әр бұйымды тоқу алдында оның кімге арналғанын, жасын, көлемін мұқият ойластырады. Бұл оның жұмысына деген жауапкершілігі мен ұқыптылығын көрсетеді. Әр бұйым иесіне сай болуы керек. Бүгінде оның қолынан шыққан бұйымдарға сұраныс жоғары. Ол аяқ киім, шәлі, балаларға арналған киім топтамалары, жилет, кардиган, моншақпен тоқылған сөмкелер секілді түрлі бұйымдар жасайды.

Ұстаз үшін тоқыма – жай ғана табыс көзі емес. Бұл оның өмірлік миссиясына айналған. Жұмыстан шаршап келсе де, қолына жібін алмаса, көңілі жай таппайды. Жақында ол тоқыма машинасын да сатып алған. Ендігі мақсаты – берілген тапсырысты жылдамдықпен орындап, қолөнерін әрі қарай дамыту.

Балауса Оразалықызы,
студент

#МАМАНДЫҚ

Радиотелефонист болуды бала кезінен армандапты

Арайлым Тоқжасарова құтқару саласында он жылдай қызмет етеді. Оның жұмысы оқиға туралы хабар түскен сәттен басталады. Оқиға жөніндегі бастапқы ақпараттың жеделдігі мен дәлдігі одан арғы нәтижеге тікелей әсер етеді.

– Мен бала кезімнен қайда және кім болып жұмыс істейтінімді білдім. 9-шы сыныптан кейін «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша колледжге оқуға түстім, кейін жоғары оқу орнын тәмамдап, өрт сөндіру бөлімінің радиотелефонисті болдым. Менің міндетіме шақырту орнына күш-құралдарды бағыттау, тіршілікті қамтамасыз ету қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау, гарнизондағы жалпы жедел жағдайды білу және тағы басқа жұмыстар кіреді, – дейді Арайлым.

Диспетчердің жұмысы тек сырт көзге ғана жеңіл болып көрінеді. Ең қиыны – әрбір өрт пен оқиғаны жүрегіңнен өткізуге тура келеді. Бірақ басты міндет – эмоцияға берілмей, дереу әрекет ету.


Себебі әрбір секунд қымбат, ал сол секундтардың артында көбіне адам өмірі тұрады.

Радиотелефонистің жұмыс күндері өте қарқынды өтеді: әр ауысымда бірнеше жүздеген қоңырау қабылданады. Мұнда қаланың түкпір-түкпірінен өрттер, төтенше жағдайлар және басқа да оқиғалар туралы ақпарат келіп түседі. Өрт сөндіру бөлімінің диспетчерлік қызметінде адамдардың өмірін сақтап қалуға бағытталған үлкен, бірақ көбіне көзге көрінбейтін жұмыс атқарылады.

– Мен үшін ең ауыр өрттер – адам шығыны болған жағдайлар, – дейді радиотелефонист Тоқжасарова.

Арайлым жұбайымен бірге үш баланы тәрбиелеп отыр.

– Жолдасым мені әрдайым қолдайды, ол менің жұмысымды қаншалықты жақсы көретінімді біледі. Балаларым құтқару саласында қызмет ететінімді мақтан тұтады. Үйде біз қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыланғанбыз: мен балаларға қалай әрекет ету керектігін үйретемін, олар үйдегі электрді қайдан өшіруді, плата үстіндегі май жанғанда



не істеу керектігін, өрт сөндірушілерді қалай шақыруды біледі, – дейді Арайлым.

ТЖМ-дегі жұмыс жоғары дайындықты, стресске төзімділікті және өзін-өзі бақылауды талап етеді. Сондықтан әр адам жақсы диспетчер бола алмайды. Қызметте ол қиындықтарды ер әріптестерімен тең дәрежеде еңсереді.

– Адам өмірін құтқаратын өрт сөндірушілермен бірге жұмыс істейтініме мақтанамын, – дейді Арайлым.

#ҚҰТҚАРУШЫ

«Батыл жандармен бірге жұмыс істеу – мен үшін абырой»

Құтқарушылардың жұмысы көптеген тәуекелдермен байланысты. Сондықтан оны аса қауіпті және күтпеген жағдайларда өзін көрсете алатын шыңдалған ер адамдар ғана таңдайды. Алайда мұндай оңай емес қызметте де батылдыққа ие және төтенше жағдайлардағы жұмыспен байланысты үлкен жауапкершілікке дайын әйел адамдарға да орын табылады.

ШҚО ТЖД арнайы жұмыс бөлімінің бас маманы Назгүл Тұрсынбекқызы мамандыққа деген сүйіспеншілік қызметтің алғашқы күндерінен бастап пайда болғанын айтады.

Назгүл ТЖД-дағы еңбек жолын 2006 жылы бастаған. Айтуынша, университетте алған заңгер мамандығы оны адамдарға көмектесу мүмкіндігімен қызықтырды.

– Адамдарға көмектесуге деген ұмтылыс менде әрқашан болды. Алдымен Өскемен қаласының №5 өрт сөндіру бөлімінде радиотелефоншы болып жұмыс істедім. Содан кейін «101» қызметіне аға инженер лауазымына ауыстым. Облыс бойынша қоңырауларды қабылдадым. Мұның бәрі мені қатты қызықтырғаны соншалық, мен Ресейдегі Санкт-Петербург университетіне оқуға түсіп, сырттай қауіпсіздік техникасы бойынша инженер мамандығын меңгеріп шықтым, – дейді Назгүл.

Ол кезде еңбек үшін басты сый адамдардың ризашылық сөздері болатын.

– Ол кезде әлеуметтік желілер онша дамымаған, адамдар тікелей қоңырау шалып, төтенше жағдайда көмек көрсеткеніміз үшін алғыс айтатын. Бұл көңілге өте жағымды болатын. Барлық қоңыраулар бізге «112» нөміріне түсетін. Мен адамдарға көмекке келетін қызметте жұмыс істегенімді мақтан тұтамын. Қызметте мен осы күрделі мамандықтың барлық негіздерін түсіндім, – деп түсіндіреді Назгүл.



Назгүл келесі бірнеше жыл ішінде жұмыс бағытын түбегейлі өзгертті. 2011 жылдан 2019 жылға дейін ол аймақ нысандарының өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкестігін тексерумен айналысты. Содан кейін Бас прокуратура академиясын бітіріп, заң ғылымдарының магистрі дипломын алды.

– Мен қазір жұмылдыру және құпия құжаттармен жұмыс істеп жүрмін. Қазіргі ісім ерекше мұқияттылықты талап етеді, барлық әрекеттерді ведомстволар жіті бақылайды. Әр түрлі көптеген заңнамалық актілер бар және бәрін үнемі зерделеп, білу қажет, – дейді Назгүл.

Назгүл Тұрсынбекқызы өз жұмысына деген үлкен сүйіспеншілігіне және кәсіби дамуға деген тұрақты ұмтылысына қарамастан, хоббиге де уақыт табады. Бала кезінен бастап ол үшін басты құмарлық спорт болды. Ол өзі жарыстарға қатыспаса да, жылқы мен көкпарды жақсы көреді. Бірақ алғашқы жылдары ол дзюдомен сәтті айналысып, қалалық және облыстық жарыстарда жүлделер алды. Кейін ТЖ қызметінде жұмыс істе-

ген алғашқы жылдары дзюдодан кетуге тура келді. Бірақ оның орнына жаңа ерекше хобби пайда болды.

– 2024 жылы ескі халық спорты – арқан тарту қайта жанданды. Ұлан ауданының қыздарымен өзіміздің «Ұлан» командасын құруды ұйғардық. Республикалық жарыстарда үшінші орын алдық. Ал өткен жылы ТЖМ-нің алғашқы чемпионаты болды, онда біз күміс медаль иелендік, – деп мақтанышпен атап өтті Назгүл. – Біз екі сағат бойы арнайы модульде үнемі жаттығамыз. Жаттығуды босатуға болмайды, әйтпесе қандай да бір дағдыны үйрене алмай қалуың мүмкін.

Назгүлдің сіңлісі Жанар да ТЖД-дан жұмыс таңдап, қазір «112» қызметінде диспетчер болып жұмыс істейді. Отбасы апалы-сіңлілі екеуін де таңдаған жұмыс жолында қолдап отырады. Назгүл мен сіңлісі сондай-ақ әріптестерінен де үлкен қолдау сезінетінін мойындады.

Назгүлдің айтуынша, қызмет оған жауапкершілікті, кез келген тапсырмаға сауатты көзқарасты, жан-жақты маман болуды, үнемі дамуды үйретті.

#ШУАҚ

Оқушылардың саулығы мен сергектігін ойлайтын жанашыр жан

Дарынды балаларға арналған облыстық Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат – білім беретін мекеме ғана емес, адамгершілік пен жанашырлықты қатар ұстанған тәрбие ордасы. Мұнда әр қызметкердің еңбегі ортақ мақсатқа – оқушының жан-жақты дамуына бағытталған. Шынайы еңбегімен ұжымға жылу сыйлап жүрген жандардың бірі – мектеп асханасының меңгерушісі Гаухар Жексенова.

Гаухар Серғазықызы – адамгершілігі мол, ақкөңіл, пейілі кең жан. Ол асхананың тыныс-тіршілігін мектеп өмірінің маңызды бөлігі ретінде қабылдайды. Аспазшыларға жағдай жасалса, олардың еңбегі жеңілдесе, ең алдымен балаларға пайдалы болатынын түсінеді. Сондықтан әрдайым асхана ұжымының жайын ойлап, қолайлы орта қалыптастыруға жанашырлық танытады.

Оның осы қасиеті бір қарағанда



қарапайым көрінетін сәттердің өзінен аңғарылады. Бірде дүкенге бірге барға-

нымызда, асханаға арналған заттарды көріп тұрып: «Мынаны алсақ, асханаға керемет болар еді. Оқушыларға да өте жақсы ғой» деп көзі жайнап кеткені есімде. Ол әр бұйымға зат ретінде емес, балаға қызмет ететін құрал ретінде қарайды. «Балаларға осындай заманауи, әдемі ыдыстар алсақ қой... Анау да керек, мынау да жарасып тұр» деп өз үйіне алғалы тұрғандай қуанып жүргені оның ішкі мәдениеті мен жауапкершілігін көрсетеді.

Үнемі айналасына позитив сыйлайтын, жүрген жері көңілді, сөзі жылы, ниеті таза ол адамдармен тез тіл табыса біледі. Сондықтан әріптестері құрметтеп, оқушылар ерекше жақсы көреді. Оның қарапайым ғана қарым-қатынасының өзі күнделікті мектеп өміріне шуақ сыйлайды.

Асхана – баланың денсаулығы мен көңіл күйіне тікелей әсер ететін маңызды орта. Мұны Гаухар Серғазықызы терең сезінеді. Сол себепті асхананың тазалығы мен тәртібіне ғана емес, оның керікті, жайлы, заманауи талапқа сай



болуына алаңдайды.

Осындай жандардың арқасында интернат қабырғасында тек білім емес, мейірім мен ізгілік те қатар қалыптасады. Гаухар Серғазықызы көзге бірден көріне бермейтін, бірақ жүректен сезілетін еңбегі арқылы адамдықтың, жанашырлық пен адалдықтың үлгісін көрсетіп келеді. Мектеп өмірінің жылуы мен берекесі де дәл осындай жандармен өлшенеді.

Арман Сапарғалиев

#ӨНЕР ИЕСІ

Мақпал Жүнісова Тарбағатайда ән салып жүр

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Әйгілі әнші Мақпал Жүнісованы күллі халық біледі. Ал біздің айтпағымыз Тарбағатайдағы балықшылар ауылы Тұғылдың Мақпалы. Әнші қыз 1985 жылы Кәрімхан мен Риза Жүнісовалардың махаббатқа толы шаңырағында дүниеге келген.



Жарық дүние есігін өңі жұқа, аққұба болып ашқан қызына әкесі мақпал матасындай жұмсақ та жайлы мінезді қыз болсын деп Мақпал деген есімді таңдаған екен.

– Ол кездерде әнші Мақпал Жүнісованың өнерде енді танымал болып жатқан шағы екен. Кейіннен ата-анамның ақ дастарханында бас қосқан тілеулес достары қазаққа танымал Мақпал Жүнісовадан күміс көмей, сұлу әнші болсын деп шуласып, бірінен соң бірі тілек білдірген екен. Көпшіліктің шын тілеуі қабыл болғаннан соң ба, мен балабақша қабырғасынан-ақ әнге жақын болдым. Мектеп қабырғасында да әр түрлі кештерде, қыз сыны байқауларында да өз өнерімді паш етіп, ән шырқап жүрдім, – дейді тұғылдық әнші.

Бүгінде әнші Мақпал өмірлік серігімен бақытты тұрмыс кешіп жатқан аяулы жар. Бір ұл, үш қыздың анасы. Отбасылық жағдайымен біраз жыл өнерден

алшақтаса да, бүгінде өз ортасын қайта тапқан. Алматы облысы Қаскелең қаласындағы мәдениет колледжіне түсіп, кітапхана ісі мамандығын тәмамдаған.

– Өнер деген арқаны қоздырып, тесіп тұрады ғой. Жұмысым басқа салада болса да, өз ауылымның құдалық, қыз ұзату тойларының шашбауын көтеріп, тойдың сәніне айналып жүрдім. 2024 жылдың сәуір айында аудандық «Жеті қазына» атты көркемөнерпаздар сайысы өтіп, сол сайыста дәстүрлі әнші ретінде Ақан серінің «Балқадиясын» орындап, көрермен көзайымына айналдым. Сол бір сәтте менің орным кітапхана емес, сахнада, өнерде екенін нақты түсіндім, – дейді өнерпаз.

Сол бір түбегейлі ішкі шешімінен соң Мақпал Кәрімханқызы 2025 жылдың қаңтар айынан бастап, жұмыс орнын Тұғыл мәдениет үйіндегі әртіс қызметіне ауыстырып, өнерпаздар ортасына оралады. Аз ғана уақыт ішінде жаратқанның берген өнерімен түрлі концерттік кештердің сәніне айналды. Еңбегі елеңіп, ауыл әкімі Қанат Свеновтің, аудан әкімі Дархан Жөргекбаевтың алғыс хаттарымен марапатталады.

Әнші Мақпал домбырада да, гитарада да еркін ойнап, ән шырқайды. Оның үстіне жүрегінен жыр төгілген жазба ақын. Казіргі таңда «Тұғыл мәдениет үйі» жанынан құралған «Сөз сарайы» көркемөнер үйірмесінің жетекшісі. Үйірмеде 15 бала болса, оның екеуі жас ақындар. Осылайша, әнші шәкірт тәрбиелеуге де үлгеріп жүр.

– Шәкірттерім түрлі мүшәйраларға қатысып, көркемөнер оқуларында жүлделі орындар алып жүр. Ақындар айтысына қатысып жүрген бір шәкіртім аудандық ақындар айтысынан жүлделі орындар иеленді. Бұйырса, облыста 13 наурызда өтетін жасөспірімдер арасындағы ақындар айтысына қатысамыз. Қазақстан Республикасының халық әртісі Мақпал Жүнісова болса, мен Тарбағатайдың Мақпал Жүнісовасымын. Әнші апайыммен кездесу де үлкен арманымның бірі. Өз туған өлкемнің мәдениетін асқақтатуға үлес қосып жүргенім, мен үшін үлкен мәртебе, – дейді Мақпал.

Біз де Тарбағатайдың Мақпал Жүнісовасын алда келе жатқан мерекесімен құттықтап, «өнерде тек өрге жүзе бер» деп тілек айтамыз.

#ТАБИФАТ ТЕРЕЗЕСІ

Марқакөлдің майқанын зерттеп жүрген жас маман



Өскеменнен Ұранқай ауылына көшіп келген Диана Қабдрахманова жоғары оқу орнын экология мамандығы бойынша бітіргендіктен, алған білімін тәжірибеде қолдану және табиғатты қорғауға үлесін қосу үшін Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығында жұмыс істеуді саналы түрде таңдаған. Қорықта Диана ихтиолог болып жұмыс атқарады.

– Марқакөл қорығында жұмыс істеу өмір ырғағымды өзгертіп, табиғатқа жақын болуға, туған өлкемнің бірегей табиғатын сақтауды көздейтін пайдалы іспен айналысуға мүмкіндік берді, – дейді Диана.

Ихтиологтың негізгі міндеттері – өзен-көлдегі балықтарды зерттеу, саны мен жай-күйіне мониторинг жүргізу, ғылыми деректерді жинап, талдау, сондай-ақ су экожүйесіне қатысты табиғат қорғау талаптарының сақталуын бақылау.

– Ең сүйікті ісім – табиғатта жүргізілетін далалық зерттеулер, себебі бұл кезде экожүйеде болып жатқан үдерістерді терең түсінуге, еңбегіңнің нақты

нәтижесін көруге болады. Ең күрделісі – күн райының қолайсыз жағдайларында және жетуі қиын аумақтарда жұмыс істеу, сондай-ақ ғылыми бақылауларда жоғары дәлдіктің талап етілуі, – дейді ол.

Диана «Марқакөл көліндегі майқан (ленок) және сібір қарауызының көбеюі» ғылыми жұмысын аяқтады. Зерттеу барысында Диана балықтың уылдырық шашу ерекшеліктерін, жай-күйін бақылап, маңызды деректер жинады. Жұмыстың ғылыми мәні зор, ол балық түрлерін сақтауға көмектеспек.

– Мен Марқакөлдегі эндемик – майқан туралы және басқа да балықтар туралы ғылыми-танымдық фильм түсіргім келеді. Бұл адамдарға осы түрлердің тіршілігін көруге, өңір табиғатын сақтаудың маңызын түсіндіруге мүмкіндік берер еді. Мен үшін бұл – тек біліммен бөлісу емес, басқаларды табиғатты қорғауға шабыттандыру, – дейді ол.

Марқакөл табиғатының сұлулығы мен алуан түрлілігі, мұндағы таулар мен ормандардың керемет үйлесімі орналасқаны Диананы таң қалдырады, шабыттандырады, қорықтағы жұмысын мәнді әрі құнды етеді.

– Табиғат сұлулығын көру үшін қорыққа міндетті түрде келуге кеңес берем. Мұнда мөлдір көл мен биік тауларға қарап, тыныштықтан ләззат тануға болады. Ең бастысы – табиғатты сыйлау, қорық ережелерін сақтау. Мен табиғатқа өз үйімдей қараймын. Жұмысым маған табиғатқа қамқорлық жасауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл – тек кәсіби міндетім емес, мен өзімді осында әсем табиғаттың бір бөлігі ретінде сезінем, – дейді Диана.

Қорықта жұмыс істегісі келетін жандарға Диана ең алдымен табиғатты жақсы көріп, жауапты еңбекке дайын болуға кеңес береді. Бұл жұмыс шыдамдылықты, мұқияттылықты және үнемі үйренуге ұмтылуды талап етеді.

Жанна Жолдыбаева,
Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының экскурсия жүргізушісі

#АНА ҮЙІ

Бала үшін ең қолайлы орта – өзінің туған отбасы

Евгений ЩЕТНИКОВ

Аймақтық Жастар ресурстық орталығының ғимаратында өңірдегі медициналық ұйымдар әлеуметтік қызметкерлерінің қатысуымен әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мәселелеріне арналған кездесу өтті.

Іс-шараға республика аумағында 10 жылдан астам уақыт бойы отбасыларды қолдау және балаларды өз туған отбасында сақтап қалу бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келе жатқан «Ана үйі» қоғамдық қоры бастамашы болды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, талқылаудың негізгі өзегі – ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту және мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес сектордың күш-жігерін біріктіру.

– Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу – тек мемлекеттік міндет қана емес, ортақ әлеуметтік жауапкершілік аймағы. Өртүрлі сала мамандарының серіктестігі ғана дағдарысты жағдайларды дер кезінде анықтап, баланың туған отбасынан ажырап қалмауына мүмкіндік береді, – дейді республикалық «Ана үйі» қоғамдық қоры өңірлік ресурстық орталығының психолог-координаторы Мария Лилисон.



Кездесу барысында қатысушылар ынтымақтастықтың нақты тетіктерін, қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларды сүйемелдеу барысында туындайтын өзекті мәселелерді және ерте әрекет ету жүйесін тиімді құру жолдарын талқылады. Әсіресе, балалардан бас тартудың алдын алу жүйесіндегі негізгі буындардың бірі ретінде медициналық ұйымдардың рөліне ерекше назар аударылды.

– Бала үшін ең қолайлы орта – отбасы. Өкінішке қарай, біз көбіне салдарымен ғана күресеміз. Ал шын мәнінде, қауіпсіз ортада балалық шақты сақтау үшін кәсіби ресурстарды біріктіріп, алдын алу бағытында жұмыс істеуіміз қажет. Сондықтан бұл диалогтың стратегиялық мақсаты – Қазақстанда әлеуметтік жетімдікті жай ғана азайту емес, тұрақты салааралық ынтымақтастық арқылы оны біртіндеп, түбегейлі жою. Өзіңіз ойлаңызшы, баланы кешке балабақшадан тәрбиешінің күтіп алуы бір басқа да, өз ата-анасының келіп тосып алуы мүлдем басқа ғой. Ал оны кішкентай болса да, сәбилер жақсы түсінеді, – деді кездесуді ұйымдастырушылардың бірі, республикалық «Ана үйі» қоғамдық қоры өңірлік ресурстық орталығының үйлестірушісі Наилия Оңғарбаева.

Анықтама ретінде айта кетсек, «Ана үйі» қоғамдық қоры 13 жылдан бері жетімдіктің алдын алу және жыл сайын балалар үйлеріне түсетін балалар санын азайту мақсатында қайырымдылық қызметін жүзеге асырып келе жатқан қор.

«Ана үйі» жобасы жаңа туған сәбиімен бірге қиын өмірлік жағдайға тап болған аналарға үздіксіз көмек көрсетуде. Жобаның мақсаты – ананың баласынан бас тартуына жол бермеу және сәбиді туған отбасында сақтап қалу.

Бүгінде Қор Қазақстанның 16 өңірінде 18 «Ана үйі» орталығын ашып, нәтижелі жұмыс жүргізуде. 2013 жылдан бері көрсетілген уақтылы көмектің арқасында 11 136 бала өз отбасында тәрбиеленіп келеді.

#«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

Экологиялық жобалар мектеп оқушыларының көзімен

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті базасында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында «Green Minds ЕКТУ: болашақтың экологиялық жобалары» атты мектеп оқушыларына арналған байқау өтті.

Білім ордасы Шығыс Қазақстан және Абай облыстарынан келген 7-11 сынып оқушыларын біріктіріп, олар өңірдің экологиялық өзекті мәселелеріне арналған ғылыми жобаларын ұсынды.

Байқауды Жер туралы ғылымдар мектебі, Green Campus жобасының жетекшісі және университеттің тұрақты даму кеңсесі ұйымдастырды. Қазылар алқасы жобаларды экологиялық мәселенің өзектілігі, ғылыми негізділігі, шешімдердің жаңашылдығы, жоғары оқу орны базасында жүзеге асыру мүмкіндігі және таныстырылым сапасы бойынша бағалады.

Жалпы саны 47 педагогтің жетекшілігімен 106 қатысушыдан 55 жоба келіп түсті. Оның ішінде 7-9 сыныптар арасында 27, ал 10-11 сыныптар арасында 28 жоба ұсынылды.

Жобалар нақты әрі тәжірибеге бағытталған бағыттарды қамтыды. Олардың ішінде – өнеркәсіптік аймақтардағы топырақ пен ауаның ауыр металдармен ластануын зерттеу, Өскемендегі шағын өзендердің жағдайын талдау, су қоймаларындағы микропластикті анықтау және оны тазартатын құрылғылар жасау, Smart City аясында атмосфералық ауаның сапасын цифрлық бақылау, қалдықтарды қайта өңдеу және «ақылды» сұрыптау жүйелерін әзірлеу, қауіпсіз жану технологиясы бар экологиялық пештер жасау, биопластик пен баламалы ма-



Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ

териалдарды дамыту, Ертіс пен Үлбі өзендеріндегі ластану деңгейін төмендету, автоматтандырылған мини-экожүйелер, «ақылды» жылыжайлар және экологиялық қалалық шешімдерді енгізу тақырыптары бар.

Байқау жеңімпаздары 7-9 сыныптар санаты бойынша: 1 орын – Таисия Крашенинникова (Өскемен қ., №34 мектеп-лицей), 2 орын – Вероника Байгузина (Глубокое ауданы, Д. Қонаев атындағы орта мектеп), 3 орын – Нұртас Серікбол, Ернур Жанатбек, Ақбар Сайдалимов (Өскемен БИЛ)

10-11 сыныптар санатында: 1 орын – Максим Беков (Алтай қ., №11 орта мектеп), 2 орын – Никита Чайкин, Ерәли Жаныбеков (Өскемен қ., №9 орта мектеп), 3 орын – Ринат Қадылбеков, Заңғар Сейілханов, Әли Қабдыкәрім (Өскемен БИЛ).

Арнайы номинацияларда: Ең үздік визуализация – Жанерке Самарханова («Ақылды жылыжай»), Үздік

макет – Артур Звонов, Даниил Когай («TazaBot»), Ең үздік перспективалы идея – Ислам Халел («Node.OSK»).

Байқау аясында бірқатар мектептерге қалдықтарды бөлек жинауға арналған эко-бокстар табысталды, бұл экологиялық мәдениетті қалыптастыруға жасалған нақты қадам екені даусыз.

Іс-шараға әлеуметтік жауапты серіктестер – Согра ЖЭО, Development Group және Plasma Science қолдау көрсетіп, оқушылар сыйлықтар мен ынталандыру жүлделеріне ие болды.

Байқау қорытындысы облыстағы оқушылардың зерттеушілік деңгейінің жоғары екенін және өңірдің экологиялық мәселелерін шешуге деген шынайы қызығушылығын көрсетті.

Сонымен қатар университет пен мектептер арасындағы байланысты нығайтып, білім, ғылым және практикалық экологиялық шешімдер арқылы тұрақты болашақты қалыптастыруға ықпал етпек.

#ЦИФРЛАНДЫРУ

Ұлттық ұлан сарбазы цифрлық портал әзірледі

Ұлттық ұланның сарбазы әскери қызметшілерге арналған цифрлық портал жасап шықты.

ІІМ Ұлттық ұланының баспасөз қызметі мәлімдегендей, жобаның авторы – 5573 әскери бөлімінің мерзімді қызметтегі әскери қызметшісі, қатардағы жауынгер Ким Хён У. Ол Алматы қаласының тумасы. Сарбаз «ақпараттық технологиялар» мамандығы бойынша білім алған және алдағы уақытта кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін «Срочник 2.0» бағдарламасы аясында білім грантын иеленуді жоспарлап отыр.

Дәл осы кәсіби білімі мен цифрлық шешімдерге деген қызығушылығы оған әскери бөлімнің ішкі процестерін жетілдіруге белсенді араласуға мүмкіндік берген.

Аға офицерлердің жетекшілігімен қатардағы жауынгер Ким бөлім қызметіне талдау жүргізіп, цифрландыруды қажет ететін бағыттарды анықтады. Зерттеу барысында ақпарат алмасу жүйесін жетілдіру қажеттігі айқындалды.

Нәтижесінде бұрын негізінен саптық алаңда жеткізілетін маңызды мәліметтер енді портал арқылы жедел жариялануы отырады. Бұл құжат айналымын жеңілдетіп, бұйрықтардың уақытылы жаңартылуын және деректердің өзекті-



лігін қамтамасыз етті.

Сонымен қатар психологиялық қызметтің жұмысына ерекше көңіл бөлінді. Ким Хён Удың қатысуымен мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің тест нәтижелерін автоматты түрде өңдейтін алгоритм әзірленді.

Әскери психологтардың айтуынша, енгізілген жүйе жарты жылдың ішінде шамамен 500 жұмыс сағатын үнемдеуге мүмкіндік берген.

– Әскер мен үшін нағыз шыңдалу

мектебі болды. 5573 әскери бөлімінде мерзімді қызметтегі сарбаздарға барлық жағдай жасалған. Тәртіп пен жоғары талаптардың арқасында өзін дамытуға кең мүмкіндік бар. Мен бір жылдық қызметімді барынша тиімді пайдаланып, жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруді көздеп отырмын, – деді гвардияшы.

**Бетті әзірлеген –
Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ**

#«ШЫҒЫС МАМАНЫ»

Қолжетімді баспана: жоспарлы жинақтан нақты нәтижеге дейін

✍ Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Тұрғын үй мәселесі – тек әлеуметтік саладағы кезекті көрсеткіш емес, өңірдің дамуына тікелей әсер ететін стратегиялық фактор. Себебі баспанасы бар адам туған жерінде тұрақтайды, еңбек етеді, бала тәрбиелейді, ертеңгі күнін жоспарлайды. Ал баспанасыздық – кадр тұрақсыздығының, көші-қонның, әлеуметтік алаңдаушылықтың басты себептерінің бірі.

Сондықтан соңғы жылдары өңірде тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру бағытындағы саясат тек құрылыс көлемін ұлғайтумен шектелмей, қаржылық тетіктерді әділетті әрі қолжетімді етуге бағытталып отыр. Осы үдерістің өзінде 22 жылдан астам уақыт бойы үздіксіз жұмыс істеп келе жатқан Отбасы банкі тұр.

Отбасы банкінің тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі – Қазақстанда баламасы жоқ, ұзақ жылдар бойы өзінің тиімділігін дәлелдеген қаржылық модель. Бұл жүйенің философиясы қарапайым: алдын ала жоспарлау – тұрақты шешім.

Азамат бірден үлкен қарызға кірмейді. Керісінше, өз табысына сай мөлшерде депозитке қаражат жинай отырып, болашақтағы баспанасына біртіндеп жақындайды. Нәтижесінде жылдық 3,5%-дан 8,5%-ға дейінгі төмен пайызбен тұрғын үй несие алу мүмкіндігіне ие болады.

– Бұл жүйе адамды қарызға тәуелді етпейді, керісінше қаржылық тәртіпке үйретеді. Уақыт өте келе азаматтың өзі де жоспарлы өмір салтына көшеді. Жүйе іске қосылғалы бері елімізде 635 мыңнан астам отбасы баспаналы болды. Бұл – 2,5 миллионға жуық адамның өмір сапасы жақсарды деген сөз. Әсіресе Шығыс Қазақстан сияқты өңірлер үшін бұл көрсеткіштің әлеуметтік салмағы ерекше, – дейді банк мамандары.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙАҚЫ – АЗАМАТҚА БЕРІЛГЕН НАҚТЫ ДЕМЕУ

Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің басты артықшылықтарының бірі – мемлекеттік сыйақы. Мемлекет жыл сайын салымшының депозитіне 200 АЕК-тен аспайтын сомаға 20% көлемінде сыйақы қосады. Бұл – жинақтаушы азаматқа көрсетіліп отырған нақты қаржылық қолдау. Яғни мемлекет «сен жина, мен қолдаймын» деген қағиданы ұстанып отыр. Мұндай тетік жинақтау мерзімін қысқартып, тұрғын үйге қол жеткізуді жеделдетеді.

Отбасы банкінің тағы бір маңызды ерекшелігі – жүйенің өзара қолдауға құрылуы. Салымшылардың жинақтары тек өздеріне ғана емес, басқа азаматтарға да төмен пайызбен несие ретінде беріледі.

Осылайша әрбір салымшы: өз баспанасына қадам жасайды, басқа бір отбасының да үйлі болуына жанама түрде үлес қосады.

Жүйенің негізгі қағидасы – тұрғын үй құнының кемінде 50%-ын алдын ала жинау. Дәл осы талап банкке ұзақмерзімді тұрақтылық беріп, пайыздық мөлшерлемені төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдардағы ең маңызды өзгерістердің бірі – тұрғын үйде үлесі бар кезектегілерге қатысты қабылданған шешім. 2026 жылдың ақпанынан бастап мұндай азаматтар да әлеуметтік тұрғын үй бағдарламаларына қатыса алады.

Бұған дейін ата-анасынан қалған



бірнеше шаршы метрлік мұрагерлік үлес те азаматты мемлекеттік қолдаудан шеттететін. Алайда бұл үлес көп жағдайда толыққанды баспана мәселесін шешпейтін.

– Бұл қоғамда көптен бері айтылып жүрген әділетті талап еді. Енді нақты тұрғын үй жағдайы есепке алынады. Енді мұндай азаматтар 2% немесе 5% мөлшерлеменен жеңілдетілген ипотекаға, сатып алу құқығымен немесе онсыз арендалық тұрғын үйге үміткер бола алады. Бұл – әлеуметтік саясаттың шынайы адамға бағытталғанын көрсететін қадам, – дейді сала мамандары.

Президенттің тапсырмасымен іске қосылған «Наурыз» бағдарламасы тұрғын үй нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың тепе-теңдігін сақтауға бағытталған. Бағдарлама шарттары халық үшін барынша түсінікті:

- бастапқы жарна – 10–20%, мөлшерлеме – 7–9%, өңірлерде несие сомасы – 30 млн теңгеге дейін, мерзімі – 19 жылға дейін.

Маңызды ерекшелік – барлық тұрғын үйлер Vaspara Market платформасы арқылы ұсынылады. Бұл механизм бағаның жасанды өсуіне жол бермей, нарықтағы ашықтықты қамтамасыз етеді.

Өңірімізде іске асырылып жатқан «Шығыс маманы» бағдарламасы өңір үшін стратегиялық маңызға ие. Себебі бұл бастама кадр тапшылығы бар салаларға бағытталған.

Соңғы екі жылда бағдарламаға 2,6 млрд теңге бөлінді, 100-ге жуық маман баспаналы болды.

Бағдарлама білім, медицина, мәдениет және өртке қарсы қызмет саласының өкілдерін қамтиды. Шарттары: жылдық мөлшерлеме – 5%, бастапқы жарна – 10%, алғашқы және екінші нарықтағы тұрғын үй қолжетімді.

Бұл – жас мамандарды өңірде ұстап қалудың нақты тетігі.

«ҰМАЙ» ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?

Шығыс Қазақстандағы тұрғын үйге қолжетімділік мәселесінде әйелдер қауымын алаңдатқан тақырыптың бірі – «Ұмай» әйелдер ипотекалық бағдарламасының қайта іске қосылу мерзімі. Қазіргі таңда бұл бағдарлама әлі іске қосылған жоқ. Бүгінде «Отбасы банкі» мен Азия даму банкі арасында бас келісімге қол қою процесі жүріп жатыр. Аталған құжатқа қол қойылғаннан кейін ғана «Ұмай» бағдарламасының

жаңартылған шарттары ресми түрде жарияланып, іске қосу мерзімі нақты айқындалады.

Айта кетейік, «Ұмай» ипотекалық бағдарламасы алғаш рет 2021 жылы іске қосылып, 2023 жылға дейін табысты жұмыс істеді. Кейін бағдарлама уақытша тоқтатылған болатын. Жоба Азия даму банкінің қолдауымен жүзеге асырылады және осы серіктестікке байланысты келісу рәсімдері белгілі бір уақытты талап етіп отыр.

Бұған дейін бағдарламаны 2025 жылдың басында қайта іске қосу жоспарланған, алайда түрлі техникалық және келісімдік себептерге байланысты мерзім кейінге шегерілді. Соған қарамастан, бағдарлама толығымен жабылған жоқ және оны қайта жандандыру күн тәртібінен алынған емес.

Алдын ала жарияланған талаптарға сәйкес, «Ұмай» бағдарламасына:

- жасы 18 бен 65 жас аралығындағы әйелдер;
- ресми табысы бар;
- соңғы кемінде 6 ай бойы зейнетақы аударымдары жүргізілген азаматшалар қатыса алады.

Сонымен қатар, тұрғын үй сатып алу үшін несие сомасының 20 пайызына дейінгі бастапқы жарнаны «Отбасы банкі» депозит ретінде жинақтау көзделген. Бұл талап бағдарламаның негізгі қағидаттарының бірі ретінде сақталуы мүмкін.

Мамандардың айтуынша, «Ұмай» ипотекасы – әйелдердің экономикалық дербестігін арттыруға, жалғызбасты аналар мен көпбалалы әйелдерге тұрғын үй алу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған маңызды әлеуметтік бағдарлама. Сондықтан оның қайта іске қосылуы еліміздің түкпір-түкпіріндегі мыңдаған әйел күтіп отыр.

Отбасы банкі тұрғындармен кері байланысты күшейту мақсатында [otbasybank.kz](https://www.instagram.com/otbasybank.kz) Instagram парақшасын іске қосты. Мұнда тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар үшін барлық жаңалықтар, өзгерістер мен түсіндірмелер уақтылы жарияланып отырады.

Облыста тұрғын үйге қолжетімділікті арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыс – есеп үшін жасалып отырған шаралар емес. Бұл – нақты адамдардың тағдырына әсер етіп отырған әлеуметтік саясат. Мемлекет, өңірлік билік және Отбасы банкінің бірлескен іс-қимылы нәтижесінде баспана алу біртіндеп қолжетпес арман емес, жоспарлы әрі қол жететін мақсатқа айналып келеді. Ең бастысы – мүмкіндікті көре білу, ақпараттан хабардар болу және бүгіннен бастап әрекет ету. Себебі баспана – күтетін емес, алдын ала жоспарлайтын өмірлік шешім.

#«АУЫЛ АМАНАТЫ»

Өңір азаматтарына арналған мүмкіндік

Биыл республика көлемінде «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыруға 100 млрд теңге бөлу қарастырылған. Бұл – ауыл тұрғындарының табысын арттырып, шағын кәсіпті дамытуға берілген нақты мүмкіндік. Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан облысына бөлінген қаржы көлемі, құжат қабылдау мерзімі мен бағдарламаға қатысу шарттары айқындалып, түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Биыл бағдарлама аясында басты басымдық ауыл шаруашылығы бағытындағы жобаларға беріледі. Әсіресе, ауыл шаруашылығы және тұтыну кооперативтерін құру, мал шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісі қолдауға ие болмақ. Сонымен қатар, техника мен құрал-жабдықты лизинг арқылы жаңарту мүмкіндігі қарастырылған.

Бағдарлама шеңберінде әр ауданның ерекшелігіне қарай нақты бағыттар белгіленген. Мәселен, Катонқарағай ауданында мал шаруашылығы мен туризм саласына басымдық берілуде. Өрел ауылдық округіне қарасты Еңбек және Аршаты ауылдарында қой және ет бағытындағы ірі қара өсіру, сондай-ақ экотуризмді дамыту көзделген. Бұл елді мекендерде жеке қосалқы шаруашылық жақсы дамыған, жайылымдық жер жеткілікті, табиғи аймақтарға жақын орналасуы туризмге жол ашады.

Белқарағай ауылдық округінде төрт елді мекен бар. Мұнда етті-сүтті бағыттағы мал шаруашылығы негізгі сала саналады. Белқарағай ауылында етті ірі қара, жылқы шаруашылығы және қымыз өндіру ісін жолға қою жоспарланса, Өрнек ауылында қой шаруашылығы мен ет өңдеу бағыттары өзекті. Согорное ауылында картоп өсіру мен туризмді қатар дамыту мүмкіндігі бар. Ал Топқайында сүт-тауар фермаларын ашу, форель шаруашылығын дамыту, мал азығын өндіру және техника жаңарту мәселесі маңызды.

Катонқарағай ауылдық округі ауданның әкімшілік және экономикалық орталығы болып саналады. Мұнда туристік инфрақұрылымды дамыту, қонақүй, қоғамдық тамақтану орындарын ашу, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жобалары қолдау табады. Қабырға, Жаңа-Үлгі, Мойылды, Шыңғыстай ауылдарында экотуризм, этнотуризм, қонақ үйлер ашу, қымыз өндірісі мен мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік мол.

Аққайнар ауылдық округінде де мал және өсімдік шаруашылығы негізгі тірек сала. Аққайнар ауылында ет және сүт бағытындағы ірі қара өсіру, заманауи технология енгізу жоспарланса, Қызылжұлдызда қой және құс шаруашылығын дамытуға басымдық беріледі. Қайыңдыда ара шаруашылығы мен бал өнімдерін өңдеу, Ақмаралда марал шаруашылығы мен сауықтыру туризмі дамытуға мүмкіндік бар.

Жамбыл ауылдық округінде жылқы шаруашылығы, ауыл туризмі, қонақ үйлер ашу бағыттары қарастырылған. Берел ауылында тарихи-мәдени нысандарға байланысты туризмді дамыту өзекті. Ал Рахман қайнары аумағында санаторий-курорттық қызметті жетілдіру, экологиялық туризмді кеңейту жоспарланған.

Ақсу ауылдық округінде мал шаруашылығымен қатар ара және марал шаруашылығы дамыған. Мұнда табиғи таза орта туристік бағыттарды дамытуға қолайлы. Сол сияқты Коробиха ауылдық округінде де бал өндіру, марал өсіру, шағын фермерлік шаруашылықтарды дамыту және агротуризмге басымдық берілмек.

Бағдарламаға қатысу және қосымша кеңес алу үшін ауыл тұрғындары аудандық әкімдіктерге, «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ кеңсесіне, «Oskemen-Atameken» микроқаржы ұйымына, өңірлік «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының филиалдарына жүгіне алады.

«Didar» ақпарат

#ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Биометриялық деректер арқылы несие рәсімдеген



Өскеменде алаяқтық жасады деген күдікпен ер адам ұсталды. Қылмысты Шығыс Қазақстан облысының Полиция департаменті қызметкерлері «Anti-Fraud» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында анықтаған.

Тергеу мәліметінше, күдікті жәбірленушіні алдап, оның банк қосымшасы арқылы биометриялық верификациядан өткен. Осы тәсілмен жәбірленушінің атына қымбат тұрмыстық техникалар сатып алу үшін бірнеше тауарлық несие рәсімдеген.

Келтірілген шығын көлемі шамамен 2 миллион теңгені құрайды.

Полицейлердің мәліметінше, кейін күдікті алынған тауарларды ломбардқа өткізген. Жауап алу кезінде ол өз кінәсін толық мойындаған.

Аталған дерек бойынша Қылмыстық кодекстің «Алаяқтық» бабы негізінде сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр. Күдіктіге қатысты келу міндеттемесі түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалды.

Полиция департаменті тұрғындарды цифрлық қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауға шақырады. Мамандар жеке деректерді, банк қосымшаларындағы растау кодтарын және биометриялық мәліметтерді бөгде адамдарға бермеу қажеттігін ескертеді.

«Didar» ақпарат

#«ТАСЫМАЛДАУШЫ»

Полицейлер мыңнан астам заң бұзушылықты анықтады

Ержан ӘБІШ

«Тасымалдаушы» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында мыңнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу дерегі анықталды. Полицейлер заңсыз тасымалдаушылардың қызметін тоқтатып, қауіпті көліктерді пайдалануға шектеу қойды.

ШҚО Полиция департаменті 21-25 ақпан аралығында өткен «Тасымалдаушы» жедел-профилактикалық іс-шарасының қорытындысын шығарды. Іс-шара барысында жол жүрісі қағидаларын бұзудың 1186 дерегі тіркелді. Жолаушылар мен багаж тасымалдаған 93 көлік құралын пайдалануға тыйым салынды. Сондай-ақ 28 автомобиль мамандандырылған тұрақтарға қойылып, 65 мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі тәркіленді.

Рейд нәтижесінде 32 заңсыз тасымалдаушының қызметі тоқтатылды. Оның ішінде 30-ы – такси жүргізушілері. Тексеру

кезінде төрт жүргізушінің жолаушыларды заң талаптарына қайшы, рөлі оң жақта орналасқан автокөліктермен тасымалдағаны анықталды.

Сонымен қатар полицейлер көлік құралын масаң күйде басқарудың 14 фактісін, қарсы бағытқа шығудың 10 жағдайын тіркеді. Техникалық ақауы бар көліктерді пайдаланудың 133 дерегі және жолаушылар тасымалы талаптары мен қауіпсіздік белдігін пайдалану қағидаларын бұзудың жүздеген жағдайы анықталды.

Жалпы 29 автобус паркі мен өзге де ұйымдардың қызметі, сондай-ақ 1228 жүргізуші тексерілді. Кейбір жағдайларда медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдардың көлік құралын басқаруға жіберілгені белгілі болды.

Полиция департаментінің мәліметінше, жолаушылар қауіпсіздігі ең алдымен тасымалдаушылардың тәртібі мен жауапкершілігіне байланысты. Осы бағыттағы бақылау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасады.



ШҚО ПД

#ПРОФИЛАКТИКА

Заңды құрметтеу – әр жастың міндеті

Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ

Жыл басынан бері Қазақстанда жасөспірімдер арасындағы қылмыс деңгейі 30 пайызға төмендеді. Бұл – құқық қорғау органдары мен білім беру ұйымдарының, жергілікті атқарушы құрылымдардың бірлескен жүйелі жұмысының нақты нәтижесі. Мамандардың айтуынша, алдын алу шараларының күшеюі мен құқықтық тәрбиенің артуы оң көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік берген. Облыста құқық-бұзушылықтың алдын алу, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Соның бір айғағы – Алтай ауданында ұйымдастырылған көрсетілім сот отырысы.



«Заң және тәртіп» идеологиясын нығайту аясында Алтай аудандық прокуратурасы мен жергілікті атқарушы органдардың бастамасымен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабы 1-бөлігі – «Бөтеннің мүлкін ұрлау» фактісі бойынша көрсетілім сот процесі өтті. Іс-шараға Алтай қаласындағы колледж студенттері мен №11 орта мектептің оқушылары қатысты.

Көрсетілім сот отырысы рөлдік ойын форматында, шынайы сот процесіне барынша жақын үлгіде ұйымдастырылды. Сценарий бойынша колледжде орын алған ұялы телефон ұрлығы қаралды. Сот талқылауының барлық кезеңдері зерттеу, тараптарды тыңдау, жарыссөз, айыпталушының соңғы сөзі және үкім шығару рәсімі.

Сот айыпталушыны кінәлі деп танып, оның кінәсін мойындауын, жасаған ісіне өкінуін және келтірілген залалды өтегенін ескере отырып, 40 сағат қоғамдық жұмысқа тарту және пробацациялық бақылау белгілеу туралы үкім шығарды.

Іс-шара барысында Алтай ауданы әкімінің орынбасары Жанна Асқарова сөз сөйлеп, құқықтық тәрбиенің қоғамдағы орнына ерекше тоқталды.

Бүгінгі көрсетілім сот отырысы – жай ғана сахналық қойылым емес, бұл – өмірлік сабақ. Жастар заң талаптарын тек оқулықтан емес, осындай тәжірибелік формат арқылы тереңірек түсінеді. Құқықтық сауаттылық – әр азаматтың қорғаны. Заңды білу және оны құрметтеу арқылы ғана біз тәртіпті, әділетті қоғам қалыптастыра аламыз. Сіздердің белсенділіктеріңіз бен қызығушылықтарыңыз бізді қуантады. Осындай іс-шараларға қатысу арқылы өз болашақтарыңызға жауапкершілікпен қарайтындарыңызды көрсетіп

саты – тек жаза тағайындау емес. Ең маңыздысы – заңға бағынатын, жауапкершілігі жоғары азамат тәрбиелеу. Алдын алу жұмыстары осы тұрғыда ерекше рөл атқарады. Жастар заң талаптарын түсініп, құқықтық нормаларды саналы түрде қабылдаса, құқық бұзушылықтың саны да азаяды. Сондықтан мұндай шаралардың маңызы зор, – деп атап өтті сот төрағасы.

Айта кетерлігі, елімізде жүйелі профилактиканы жалғастыру мақсатында 2026-2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы әзірленіп, бекітілді. Аталған құжат балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқықтарын қорғауға және олардың жан-жақты дамуына қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Тұжырымдама аясында елімізде кешенді профилактикалық жұмыстар жүргізу көзделген. Атап айтқанда, түрлі түсіндіру акциялары ұйымдастырылып, құқық қорғау органдары өкілдерінің тұрғылықты жері бойынша реттік шаралары жүзеге асырыла-



отырсыздар, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар, Жанна Асқарқызы жастарды заң бұзушылықтан аулақ болуға, әрқашан адалдық пен әділдікті ту етуге шақырып, белсенді қатысқан студенттер мен оқушыларға арнайы алғыс хаттар табыстады. Алтай аудандық прокуроры Ержан Рыспаев та жастар алдында сөз сөйлеп, мұндай форматтағы іс-шаралардың тәрбиелік мәніне тоқталды.

Көрсетілім сот отырысы – құқық бұзушылықтың салдарын көзбен көріп, нақты түсінудің тиімді жолы. Жасөспірімдер кейде заң талаптарын толық сезіне бермейді. Ал осындай ашық әрі түсінікті формат олардың жауапкершілікті тереңірек ұғынуына мүмкіндік береді. Заңды құрметтеу мен құқықтық мәдениетті ерте жастан қалыптастыру – қоғамның тұрақты дамуының кепілі. Әр азамат өз іс-әрекетінің салдарын білуге тиіс, – деді аудан прокуроры.

Ал аудандық сот төрағасы Айнұр Садыкова әділеттіліктің мәніне кеңінен тоқталды.

– Сот жүйесінің басты мақ-

ды. Сонымен қатар мектептер мен колледждерде құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған дәрістер мен кездесулер өткізіледі.

Бұдан бөлек, «Түнгі қаладағы балалар» және «Жасөспірім» жедел-алдын алу іс-шаралары тұрақты түрде ұйымдастырылмақ. Бұл шаралар кәмететке толмағандардың түнгі уақытта заңсыз жүруінің алдын алуға, бейәлеуметтік ортаға түсу қауіпін азайтуға және құқық бұзушылықтардың жолын кесуге бағытталған.

Мамандардың пікірінше, жасөспірімдер қылмысының төмендеуі – тек жазалау шараларының емес, ең алдымен, профилактикалық жұмыстың тиімділігін көрсетеді. Құқықтық мәдениетті ерте жастан қалыптастыру, ата-ана, мектеп және қоғамның бірлескен жауапкершілігі – қауіпсіз әрі саналы ұрпақ тәрбиелеудің басты кепілі.

Көрсетілім сот процесі жастар арасында заңдылық мәдениетін қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған маңызды тәрбиелік шара болды.

#АТА ЗАҢ ЖОБАСЫ

Ғылым мен инновацияға ерекше назар аударылған

☑ Руслан АКМАТАЛИЕВ

Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде облыстық әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелерінің қатысуымен «Жаңа Конституция – азаматтық және әйелдер бастамасын нығайтудың құралы» атты дөңгелек үстел жұмысы ұйымдастырылды. Басқосуда комиссия мүшелері Конституция жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды.

Шығыс Қазақстан облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы, Конституциялық комиссияның мүшесі Аяжан Әшімова еліміздің Ата Заңының жаңартылған жобасындағы өзгертулерге тоқталды. Заңгерлердің айтуынша, қолданыстағы Конституцияның қазақ тіліне аударылуы кезінде кейбір баптар мен сөздердің мағынасында алшақтықтар болған және бұл тәжірибеде қиындықтар туғызған.

– Сол себепті жаңа Конституцияның жобасын екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде бір мезетте әзірлеу қолға алынды. Осы жұмысқа өзім де қатысқандықтан, әрбір жұрнақ не жалғаудың баптың жалпы мазмұнын қалай өзгертіп жіберетініне өзім куә болдым. Сондықтан лингвистер, филологтар және ғалымдар әрбір сөзді мұқият әрі ойластырып қолдануға ерекше назар аударды. Бұл жұмыс барысында сөздердің дәлдігі мен мағынасының сақталуы үшін барлық қатысушылар үлкен жауапкершілікпен және ұқыптылықпен жұмыс істеді, – деді Аяжан Әшімова.

Спикер атап өткендей, комиссия жұмысының тікелей эфирде көрсетілуі де әлемде бұрын-соңды болмаған тәжірибе. Бүкіл әлемдік қауымдастық Қазақстанның осы қадамын жоғары бағалап отыр.

– Тікелей эфир арқылы жүргі-

зілген жұмыс бізге тыңдаушылардан көптеген кері байланыс алуға мүмкіндік берді. Олардың сұрақтарын біз ғалымдарға тікелей қойып, кейбір ұсыныстарымызды іске асыра алдық. Бұл жұмысқа қатысу біз үшін үлкен тарихи жауапкершілік әрі мақтаныш. Мен, филолог бола отырып, сөздің мағынасының қаншалықты маңызды екенін осы жолы айрықша сезіндім. Әрбір сөздің орны мен мағынасы үлкен жауапкершілік артып отыр. Біздің ұсыныстарымыз Конституцияның жаңа мәтініне енгізіліп, осы өзгерістердің бір бөлшегіне айналды. Бұл біздің болашақ ұрпақтың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды қадам екеніне сенімдімін, – деп атап өтті қоғам белсендісі.

Өзгерістерге келетін болсақ, спикер отбасылық құндылықтарға ерекше назар аударылып, оны қорғауға байланысты маңызды өзгерістер енгізілгенін тілге тиек етті. Егер халық қолдап дауыс берсе, Конституциямыздың 30-бабында отбасы мәселесі мен отбасылық құндылықтарға ерекше орын беріледі. Бұл өзгерістер еліміздегі әлеуметтік саясатқа, әсіресе отбасы мен бала мәселелеріне әсер етеді. Конституцияға енгізілетін өзгерістердің маңыздылығы зор. Әсіресе, адамдардың құқықтары мен еркіндігі бірінші кезекке қойылды. Бұрын осы сияқты мағынаға қатысты өзге-



рістер көп кездеспейтін, бірақ қазіргі уақытта адам құқығын қорғауға бағытталған нақты қадамдар жасалды.

Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры Сәуле Рахметуллина атап өткендей, жаңа Конституцияда ғылым мен инновацияға ерекше назар аударылған.

– Атап айтқанда, Конституцияның үшінші бабында ғылыми даму мен инновацияның маңызы нақты көрсетілген. Біздің университет үшін бұл өзгеріс өте маңызды. Себебі білім беру және ғылыми қызмет – бұл адами капиталды дамытуға және оны инновациялық процестерге бағыттауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда осы бағытта қол жеткізілген жетістіктер мен алдағы жоспарлар Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту мен ғылыми инновацияны дамыту бойынша үлкен мүмкіндіктерге жол ашады, – деді ректор. – Сонымен қатар, жаңа Конституцияда отбасы мен әйел құқықтарына да ерекше көңіл бөлінген. Отбасылық құндылықтар мен теңдік мәселесі, әсіресе әйел адамның құқығын қорғау бойынша,

30-бапта айқын көрсетілген. Бұл өзгерістердің қоғамға тигізетін әсері зор, себебі олар гендерлік теңдікті қамтамасыз етіп, әйелдердің қоғамдағы ролін арттыруға бағытталған.

Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі Гүлнар Қапасованың пікірінше, жобада «зайырлы білім беру» ұғымының нақтылануы жоғары оқу орындарын дін мен идеологияның қысымынан қорғауға мүмкіндік береді.

– Ғылым негізінде дәлелдер болуы керек, ал адамның шындықты іздеу еркіндігі қамтамасыз етілуі тиіс. Біз болашақ ұрпақты сыни ойлау дағдыларымен тәрбиелеп, дұрыс ақпаратты талдай білуге үйретеміз. Бұл – мемлекеттің дамуы үшін маңызды қадам, себебі білімді азаматтар ғана қоғамды дұрыс бағалап, еліміздің тұрақтылығы мен прогресіне үлес қосады, – деді Гүлнар Қапасова.

Университеттің аға оқытушысы Жанар Садвакасова Конституция жобасында адам құқықтары мен жауапкершілігі туралы мәселелер өте маңызды орын алғанын айтады.

– Қоғамда жеке еркіндіктің шектеулерін дұрыс реттеу қажет, өйткені еркіндік әрқашан екінші адамның құқығын бұзбауы керек. Әрбір сөз бен ісімізге жауапты болуымыз қажет. Конституцияда белгіленген ережелерге сәйкес, қоғамның дамуында заңдар мен тәртіп маңызды рөл атқарады. Әрбір азамат білім алуға міндетті, бұл – сауатты қоғамның негізі. Егер балалар мен жастар білімсіз болса, қоғам да, заңдар да дұрыс жұмыс істемейді. Қорыта келгенде, еркіндік пен жауапкершілік арасында теңгерім болуы керек. Заңдар мен ережелер тек мемлекет үшін емес, қоғам үшін де қажет, себебі тек сауатты және тәртіпті қоғамда ғана дамуға мүмкіндік болады, – деген пікірде Жанар Садвакасова.

Қоғам белсенділерінің пікірінше, өміріміз міндетті түрде өзгереді, бірақ өзгерістер бір сәтте, саусақпен шырты еткенде болмайды. Заң мен тәртіп жұмыс істегенде, қоғам да өзгереді. Бұрынғы заңдарда, өкінішке орай, жеке адамның ықпалы көбірек болды. Қазіргі Конституцияның басты мақсаты – жеке адамның әсерінен гөрі заңның әсерін бірінші орынға қою. Заң жұмыс істесе, әрқайсымыз өз құқықтарымыз үшін сенімді боламыз. Ал болашақта, заңның тиімділігі мен тәртіптің сақталуы арқасында жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

Жалпы, жаңа Конституцияның ең басты жаңалығы – ғылым мен инновацияға, адами капиталды дамытуға және отбасы мен әйел құқықтарын қорғауға бағытталған нақты өзгерістердің енгізілуі. Бұл еліміздің болашағына үлкен ықпал етіп, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қоғам талқысынан – жалпыұлттық шешімге

☑ Жалғас САКАДИЕВ

Өңірлік коалиция мүшелері «Өскемен водоканал» мемлекеттік кәсіпорнының ұжымымен кездесіп, Жаңа Конституция жобасын талқылады. Кездесу барысында конституциялық реформаның негізгі бағыттары, енгізілетін өзгерістердің мазмұны және алдағы референдумның маңыздылығы жан-жақты түсіндірілді.

Өңірлік коалиция мүшесі, Өскемен қалалық мәслихатының төрағасы Александр Светаш өз сөзінде конституциялық өзгерістердің бастауын Мемлекет басшысының халыққа Жолдауымен байланыстырды. Оның айтуынша, өткен жылдың қыркүйек айында Президент Қазақстан халқына арнаған Жолдауында елдің саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған ауқымды реформаларды ұсынған.

–Бүгін біз сіздерге Конституцияға енгізілетін өзгерістер туралы, не үшін жаңа редакция қажет болғаны жөнінде түсіндіру үшін келдік. Бұл бастамалар елдің саяси жүйесін жетілдіруге, Парламент қызметін оңтайландыруға бағытталған, – деді Александр Светаш.

Оның атап өтуінше, қазіргі таңда әлем елдерінің басым бөлігінде екі палаталы парламент федеративті мемлекеттерге тән болса, Қазақстан

– унитарлы мемлекет. Осыған байланысты бір палаталы Парламент құру туралы ұсыныс көтеріліп, бұл бастама қоғам тарапынан қолдау тапқан. 8 қазан күні конституциялық реформа бойынша жұмыс тобы құрылып, негізгі заңға енгізілетін өзгерістерді әзірлеу жұмыстары басталған.

Өңірлік коалиция мүшесі Шынар Боранғалиева өз кезегінде Жаңа Конституция жобасының мазмұнына кеңірек тоқталды.

– Алғашында қолданыстағы Конституцияның 40 бабына өзгеріс енгізу жоспарланған болатын. Алайда Еgov платформасы арқылы түскен он мыңнан астам ұсыныстың негізінде жобаны қайта әзірлеу қажеттілігі туындады. Соның нәтижесінде Жаңа жоба қолданыстағы Конституцияның 84 пайызын жаңартты, – деді ол.

Оның айтуынша, жаңа ре-

дакцияда экология мәселесіне ерекше назар аударылған. Енді Қазақстан Республикасының азаматтары қоршаған ортаны қорғауға және табиғатты сақтауға міндетті екені нақты көрсетіледі. Сонымен қатар адвокатура қызметіне қатысты жаңа нормалар енгізіліп, адвокаттардың құқықтары мен қызмет тәртібі заң жүзінде айқындалған.

Қоғамда кең талқыланған неке мәселесіне де нақты анықтама берілген.

– Жаңа нормаға сәйкес, неке – ерікті және тең құқықты ер мен әйелдің арасындағы одақ ретінде айқындалады. Бұл – отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған маңызды шешім, – деді Шынар Бақытқанқызы.

Бұдан бөлек, жаңа жоба аясында Құрылтай, Халық кеңесі секілді жаңа институттарды енгізу, сондай-ақ Вице-президент лауазымын қарастыру мәселелері қамтылғаны айтылды.

Кездесу барысында сөз алған «Өскемен водоканал» мемлекеттік кәсіпорны директорының орынбасары Әсел Оспанова ұжым атынан пікірін білдірді.

– Біздің ұжымға өңірлік коалиция мүшелері келіп, Жаңа Конституция жобасы бо-



йынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Біз жоба мазмұнымен таныстық. Алдағы 15 наурызда өтетін референдумға ұжым болып қатысып, өз ұстанымымызды білдіреміз, – деді ол.

Жиын барысында референдумның маңыздылығы ерекше атап өтілді. Конституция – мемлекеттің негізгі заңы, елдің саяси, құқықтық және әлеуметтік дамуының іргетасы. Сондықтан референдумға қатысу – әр азаматтың ел болашағына деген жауапкершілігінің көрінісі. Өз таңдауын

жасау арқылы халық мемлекет дамуының жаңа кезеңіне тікелей ықпал ете алады.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтіп, ұжым қызметкерлері көкейдегі сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды. Ұйымдастырушылар барша азаматтарды 15 наурыз күні өтетін референдумға қатысып, ел болашағы үшін маңызды шешім қабылдауға шақырды.

**Бетті әзірлеген –
Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ**

#ЗАҢ

Қылмыстық жауапкершілікке тартылды

Құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуінің ажырамас және міндетті бөлігі – сот актілерін орындау. Атқару құжаттарындағы талаптар жеке және заңды тұлғалардың барлығынан да міндетті түрде орындалуға тиіс. Оларды орындамау немесе елеулі қолданыстағы заңнама нормаларын бұзуға және заңдылықтың негіздерін, әділеттілік принципін құлдыратады.

Алимент төлеуден қасқан жалтару – ең маңызды және өткір әлеуметтік мәселелердің бірі. Қылмыстық кодекстің 139-шы бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларды, мүгедек ата-аналарды немесе жұбайларды асырау жөніндегі міндеттерді орындамау қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырады. Аталған әрекеттер сот актісін орындаудан жалтару ретінде қарастырылады және қоғамдық жұмыстар, бостандықты шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалуына алып келуі мүмкін.

Өткен жылдың өзінде облыс бойынша қылмыстық қудалау органдары Қылмыстық кодекстің 139-шы бабы бойынша 35 қылмыстық құқықбұзушылықты тіркеген. Тергеу қорытындысы бойынша 23 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды (балалардың күтіміне қаражат төлеу міндеттемелерін орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналарға, еңбекке қабілетсіз әйелге (ерге) қаражат төлеуден жалтару). Осы жылғы қаңтар айында 12 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді.

Статистикалық деректер сот актілерін орындамау үшін жауаптылықтың формальды сипатта емес, мемлекеттік мәжбүрлеудің нақты құқықтық механизмдерімен қамтамасыз етілгенін нақты көрсетеді.

Атап айтқанда, сот шешімдерін орындау – заңдық міндеттілік қана емес, сонымен қатар сот жүйесіне қоғамның сенімін нығайтудың негізі. Заң талаптарының қатаң сақталуы ғана кәмелетке толмағандар мен қолдауға мұқтаж өзге де адамдардың құқықтарының тиісінше қорғалуын қамтамасыз етеді.

Мемлекет әр баланың, еңбекке жарамсыз ата-ананың немесе жұбайының заң бойынша тиісілі ақшасын алуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені қабылдайды. Аталған міндеттерді орындамаған кезде қатаң жауапкершілік көзделеді. Осыған байланысты қарыздар заңдық салдарлардың, оның ішінде қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралардың және жасалған іс-әрекетсіздік үшін моральдық жауапкершіліктің қажеттілігін түсіну керек.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу департаменті

#САУДА ҚАТЫНАСЫ

Мемлекеттік органға дер кезінде жүгінген сатып алушы өз құқығын қорғап қалды

Шығыс Қазақстан облысы бойынша сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті кез келген дауды алдымен сотқа дейінгі тәртіппен шешуге көмектеседі. Мәселен жуырда департамент мамандарының көмегі арқылы тұтынушы өзінің келісімінсіз көрсетілген қызмет үшін төлеген ақшасын толық қайтарып алды.

Тұтынушылар құқығын қорғау департаментіне облыс тұрғыны сатып алынған ноутбук үшін ақшалай қаражатты қайтару мәселесі бойынша жүгінді. Тауарды сатып алу кезінде тұтынушының келісімінсіз бағдарламалық жасақтаманы орнату бойынша қосымша қызмет көрсетілген екен. Бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін төленген ақшаны қайтару



depositphotos.com

туралы ауызша талап қойылғаннан кейін сатушы қаптама-ның ашылуын және орнату жұмыстарының жүргізілгенін алға тартып, қаражатты қайтарудан бас тартқан.

Сатушыдан бас тарту жауабы алғаннан кейін тұтынушы көмек сұрап департаментке жүгінді. Ведомство қызмет-

кері тауарды сатып алудың барлық мән-жайын нақтылай отырып, сотқа дейінгі наразылықты сауатты құрастыруға көмек көрсетеді.

– Мән-жайды анықтау барысында дүкен қызметкерінің тұтынушы келісімінсіз тауарды белсендіру және бағдарламалық жасақтаманы

орнату жұмыстарын жүргізгені белгілі болды. Сондай-ақ сатып алу кезінде тауар дүкен сөресінде ашық күйінде тұрған, ал оның зауыттық қаптамасы сатып алынғанға дейін бұзылып, тауар сол күйінде сатылған екен, – дейді департамент басшысы Асхат Сағидолдин.

Наразылық білдірілгеннен кейін сатушы дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеді: тұтынушыға ноутбук үшін 586 970 теңге және бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін 92 990 теңге көлеміндегі қаражат толықтай қайтарылды.

Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті мемлекеттік органға уақтылы жүгінуге қажеттілігін еске салады. Департамент мамандарының кеңесі оң нәтижелерге қол жеткізуге және тұтынушының құқықтарын қорғауға көмектеседі.

#ӘДІЛДІК

Тауар мерзімінде жеткізілмеді: дау сотқа дейін шешіліп отыр

Сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті әлеуметтік желі арқылы балалар кереуеті мен матрасына тапсырыс берген тұтынушының өтінішін қарады. Тауар келісілген мерзімде жеткізілмегендіктен, тұтынушы ақшасын қайтаруды талап етті. Департамент араласуымен төленген қаражат толық қайтарылып отыр.

Төленген тауардың келісілген мерзімде жеткізілмеуі – сатушы тарапынан келісім-шарттық міндеттемелердің бұзылуының көрінісі.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау

департаментіне тұтынушыдан өтініш түсті. Мәселе Instagram әлеуметтік желісі арқылы балалар кереуеті мен матрасына тапсырыс беруге қатысты болған. WhatsApp мессенджеріндегі жазысқан мәліметтерге сәйкес тауарды жеткізу мерзімі 20 желтоқсанға дейін деп уәде етілген, бірақ тапсырыс уақытында жеткізілмеген.

– Сатушы тауарды жеткізбеген, сонымен қатар кешіктіру себептері мен мерзімді ауыстыру туралы уақтылы хабардар етпей, тұтынушының толық және шынайы ақпарат алу құқығын бұзған. Тауар бала үшін бірінші кезектегі қажеттілік заты болғандықтан, жеткізудің кешігуі бұл сатып алудың өзектілігін жоғалтты. Осыған байланысты тұтыну-



шы тапсырыстан бас тартқан, бірақ сатушы ақшаны қайтармаған, – деп түсіндіреді департамент басшысы.

Өтінішті қарау аясында департамент дүкен басшылығымен түсіндірме жұмыстарын

жүргізіп, мәселені сотқа дейінгі тәртіппен шешуге ықпал етті.

Қарау нәтижесінде тұтынушының талаптары қанағаттандырылып, жеткізілмеген тауар үшін төленген 60 790 теңге иесіне қайтарылды.


#ЗАҢ ТАЛАБЫ

Ас үй жиһазын уақытында жасамаған кәсіпкер тұтынушыға ақшасын қайтарды

Тұтынушылар құқығын қорғау департаментіне облыс тұрғыны жүгінді. Ол ас үй жиһазын дайындау және орнату жөнінде шарт жасасқанын, тіпті алдын ала соманың 70 пайызын төлеп қойғанын, бірақ тапсырысының әлі де орындалмағанын айтып шағымданады. Міндеттемелер мерзімінде орындалмағандықтан, департаменттің араласуымен тұтынушының алдын ала төлеп қойған ақшасы толық қайтарылып отыр.

Белгілі болғандай, тұтынушы орындалу мерзімі 30 күн болатын ас үй гарнитурын дайындау және орнату туралы шарт жасасқан. Шарт сомасының 70 пайызы алдын ала төленген. Биылғы 5 ақпанда шарт мерзімі аяқталғанымен, міндеттемелер орындалмаған, яғни өлшеулер жүргізіл-

меген, материалдар бекітілмеген және сатып алынбаған, дайындау жұмыстары басталмаған, көрсетілген мекенжай бойынша жиһазды монтаждау жұмыстары іске асырылмаған. Тұтынушының ақшаны қайтар деген ауызша талабынан кейін де қайтарым жасалмаған.



– Тұтынушы құқығын қорғау туралы заңның 34-ші бабына сәйкес егер орындаушы жұмысты орындау (қызмет көрсету) мерзімдерін – жұмысты орындаудың басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ аралық мерзімде-

рін бұзса, оның мерзімінде аяқталуы мүмкін еместігі анық болса, онда тұтынушы шарттан бас тартуға және залалды өтеуді талап етуге құқылы, – дейді департамент басшысы Асхат Сағидолдин.

Өтінішті қарау аясында департамент заңнамаға сәйкес орындаушымен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеуге ықпал етті. Тұтынушыға 492 мың теңге қаражаты толық қайтарылды.

**Бетті әзірлеген –
Ержан КЕҢЕСҰЛЫ**

#ЭКОТУРИЗМ

Катонқарағайда саяхаттың жаңа бағыттары ашылмақ

✍ Ержан КЕҢЕСҰЛЫ

Шығыс Қазақстан облыстық кәсіпкерлер палатасында өткен кеңесте Катонқарағай ауданында экологиялық туризмді жүйелі түрде дамыту үшін нақты маршруттар іске қосылып, инвестициялық жобаларды инфрақұрылыммен қатар жүзеге асыру қажеттігі баса айтылды. Жиынға қатысқан мемлекеттік органдардың, ұлттық парктің, жергілікті атқарушы құрылымдардың және бизнестің өкілдері ашық әріптестікті күшейтуге уағдаласты.

Кеңесте Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы экологиялық туризмді дамыту тұжырымдамасы таныстырылды. Парктің бас директорының орынбасары Александр Кобзев нақты туристік маршруттар мен жоспарланып отырған нысандарға кеңінен тоқталды.

– Катонқарағай ұлттық паркі – бүгінде тек қорғалатын табиғи аумақ емес, сонымен қатар экотуризмнің тартымды орталығы. Біз туристерге Алтай табиғатымен танысуға мүмкіндік беретін, табиғатқа зиян келтірмейтін бағыттарды дамытуды ұсынамыз, – деді Александр Кобзев.

Оның айтуынша, басым бағыттың бірі – қашықтығы 34 шақырымды құрайтын, атпен және жаяу жүретін «Ақ Берел» туристік маршруты. Бұл бағыт парк аумағындағы көрікті жерлермен, соның ішінде Қаракөл (Язевое) көлі маңымен өтеді және жазғы маусымда 7-10 күнге арналған. Маршрут бойында глэмпингтер, киіз үйлер мен қысқа мерзімді шатырлы лагерьлер салу жоспарланған.

– Бұл маршрут жаппай туризмді емес, табиғатқа терең бойлауды қалайтын туристерге бағытталған. Біз шағын топтар, экологиялық орналасу форматары және аумаққа түсетін



жүктемені қатаң бақылау туралы айтып отырмыз, – деп атап өтті спикер.

Сондай-ақ қашықтығы 30 шақырым болатын «Орман жолдары» маршруты да перспективалы бағыт ретінде аталды. Бұл бағыт 2-3 күнге арналған жаяу, атпен және автокөлікпен саяхаттауға лайықталып, маусымнан қыркүйекке дейін жұмыс істейді. Жоба аясында бақылау алаңдарын, демалыс орындарын, автотұрақтар мен санитарлық аймақтарды абаттандыру көзделген.

Жиынға қатысушыларға Ақберел өзені бойымен су туристік маршрутын құру, сондай-ақ белсенді және отбасылық туризмнің жаңа бағытына айналуы мүмкін Бұқтырма көліне туристік-экзкурсиялық маршрут ашу жоспарлары да таныстырылды.

Кеңестің бір бөлігі ұлттық паркке іргелес ауылдық округтер аумағындағы инвестициялық жобаларға арналды.

– Бүгінде бизнес экотуризмді дамытуға тұрақты қызығушылық танытып отыр. Бұл – эко-қонақ үйлер, глэмпингтер, киіз үй қалашықтары, сондай-ақ ұлттық парк маршруттарымен үйлесімді жұмыс істейтін сервистік нысандарды құру, – деді Катонқарағай ауданы

кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Жанна Асқарова.

Оның айтуынша, мұндай жобаларды жүзеге асыру туристер ағынын арттырып қана қоймай, жергілікті тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға және аудан бюджетінің кірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Кеңеске қатысушылар Катонқарағай ауданында экологиялық туризмді дамыту жолдар мен көпірлерді салу және жөндеу, байланыс пен инженерлік желілерді дамыту жұмыстарымен қатар жүргізілуге тиіс деген ортақ пікірге келді.

– Біздің міндет – инвестициялық жобалар ашық түрде әрі табиғатты қорғау талаптарын сақтай отырып іске асуы үшін мемлекет пен бизнес арасындағы диалогты жолға қою, – деп атап өтті ШҚО Кәсіпкерлер палатасының өкілдері.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және Катонқарағай ауданында экологиялық туризмді дамытудың қолайлы жағдайларын қалыптастыру бағытында бірлескен жұмысты жалғастыруға келісті. Экотуризм бұл өңірдің орнықты дамуының негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылып отыр.

#«ХАЛЫҚ БУХГАЛТЕРІ»

Акция аясындағы ашық есік күні

✍ Дәурен АЛЛАБЕРГЕНҰЛЫ

Өскемен қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында Қаржы министрлігінің бастама-сымен ұйымдастырылған «Халық бухгалтері» республикалық акциясы аясында салық төлеушілерге арналған Ашық есік күні өтті.

Іс-шараны Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мен Өскемен қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы бірлесіп ұйымдастырып, жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне тегін консультациялық көмек көрсетуге бағытталды.

Ашық есік күні барысында мамандар жаңа Салық кодексінің нормаларын, салықтық есептілікті тапсыру тәртібін, жаңа арнайы салық режимдеріне көшуге қатысты өтпелі ережелерді, қосылған құн салығы бойынша есепке қою және есептен шығару тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерінде жұмыс істеу мәселелерін түсіндірді.

Шара барысында салық төлеушілердің жиі қойылатын сұрақтарына толық әрі жан-жақты жауаптар берілді.

– Кеңес беру барысында такси қызметін жүзеге асыратын тұлғалардан түскен сұрақтарға ерекше назар аударылды. Аталған санаттағы салық төлеушілер үшін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар режиміне көшу тәртібі, тіркелу ерекшеліктері, салық салу және салықтық міндеттемелерді орындау мәселелері жиі көтерілді. «Халық бухгалтері» акциясы аясында өткізілген Ашық есік күні мемлекеттік кірістер органдарының жұмысында сервистік тәсілді дамытуға, салықтық сауаттылықты арттыруға және салық заңнамасын бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған маңызды қадам болды, – деді облыстық Мемлекеттік кірістер департаменті Түсіндіру жұмысы және байланыс орталығы басқармасының басшысы Гүлмира Сабралимова.

Қоса кетейік, «Халық бухгалтері» акциясы 2026 жылғы 30 маусымға дейін жалғасады. Салық төлеушілерге арналған кеңестер бекітілген кестеге сәйкес тұрақты негізде жүргізілмек.

Жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне арналған «Халық бухгалтері» акциясын өткізу мерзімі – 2026 жылғы 5 қаңтар – 30 маусым аралығы. Акция жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне арналған.

Келесі мәселелер бойынша түсінікті әрі практикалық кеңестер беріледі:

- бухгалтерлік есеп;
- салықтық есептілік;
- ақпараттық жүйелерде жұмыс істеу.

Жұмыс форматы: Негізгі формат – Өскемен қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында офлайн қабылдау (мекенжайы: Назарбаев даңғылы, 86, 3-қабат). Облыстың басқа қалалары мен аудандарындағы салық төлеушілерде сұрақтар туындаған жағдайда – 87711238084 телефон нөмірі арқылы бейнеқоңырау жасау мүмкіндігі қарастырылған.

Кеңес беру кестесі:

2026 жылғы қаңтар, ақпан, аптасына – 3 рет (дүйсенбі, сәрсенбі, жұма) сағат 10:00–13:00.

2026 жылғы наурыздан бастап – аптасына 2 рет.

Кеңес берушілер:

- кәсіби бухгалтерлер мен аудиторлар;
- бухгалтерлік қауымдастықтардың өкілдері;

• заңнама нормаларын түсіндіру үшін мемлекеттік кірістер органдарының тәжірибелі қызметкерлері.

«Халық бухгалтері» акциясы – салық төлеушілермен жұмыс істеуде бақылау моделінен сервистік сүйемелдеуге көшу жолындағы алғашқы қадам.

#ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Сауда сөрелеріне қолжетімділік: үшжақты меморандумға қол қойылды

Облыстық кәсіпкерлер палатасында сауда саласындағы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша кеңес өтті. Іс-шараға сауда департаментінің өкілдері, сауда желілері мен ірі дүкендердің басшылары, сондай-ақ жергілікті өндірушілер мен дистрибьюторлар қатысты. Кеңестің басты мақсаты жеткізушілер мен сауда нысандары арасындағы өзара іс-қимылды біріздендіру және отандық өнімдердің сауда нысанына қолжетімділігін қамтамасыз ету болды.

Кеңесті аша отырып, облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының экономика жөніндегі орынбасары Сәкен Абдуллин ішкі нарықты дамыту жергілікті өндірушілерді қолдаумен тікелей байланысты екенін атап өтті.

– Біздің міндетіміз – сауда желілері мен өндірушілер арасында сындарлы диалог орнату. Ел заңнамасы сауда сөрелеріне тең қолжетімділік шарттарын көздейді және бұл нормалар іс жүзінде



сақталуға тиіс, – деді Сәкен Абдуллин.

Бизнес өкілдері тарапынан жеткізу шарттары, көлем талаптары және маркетингтік төлемдерге қатысты сұрақтар қойылды. Өндірушілер шағын кәсіпорындар үшін бөлшек сауда желілеріне шығу өсудің негізгі шарты екенін атап өтті.

Сауда департаментінің өкілдері Сауда қызметін реттеу туралы заңның ережелерін қатаң сақтау қажеттігін, оның ішінде жеткізушілерге қатысты кемсітушілік жағдайларға жол бермеу және шарттық қатынастардың ашықтығын

қамтамасыз ету талаптарын еске салды.

Кеңес қорытындысы бойынша тараптар қол жеткізілген келісімдерді құжат жүзінде бекітуге дайын екендерін білдіріп, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, өңір өндірушілері және сауда департаменті арасында үшжақты меморандумға қол қойды. Құжат отандық өнімдердің сауда нысандарына қолжетімділігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ сауда қызметі саласындағы қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауға бағытталған.

Бұзушылықтар анықталып, жауапкершілік күшейтілді

2025 жылы ШҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 52 аудиторлық іс-шара өткізілді. Аудитпен 20 478,9 млн теңге бюджет қаражаты қамтылды, аудитпен қамтылған бюджет қаражатынан жалпы сомасы 19 861,9 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар жалпы сомасы 13 396,6 млн теңгені құрады.

Департамент бақылаудың келесі негізгі бағыттары бойынша сапалы оң динамикаға қол жеткізді. Сәйкестік аудиті бойынша анықталған бұзушылықтар көлемі 8,5%-ға (5 194,2 млн теңгеден 5 637,9 млн теңгеге дейін) өсті, бұл бақылау іс-шараларының нәтижелілігін, атаулылығын және нысаналылығын арттыруды айғақтайды.

Сондай-ақ, 2025 жылы баланс валютасы 58,1 млрд теңгені қамтитын екі бюджеттік бағдарлама әкімшісінде қаржылық есептілік аудиті аяқталды. Аудит нәтижелері бойынша елеулі қателерсіз сенімді қаржылық есептілік жасалды және оң аудиторлық есеп қабылданды, бұл қаржылық тәртіпті нығайтудың және аудит объектілерінде есеп жүргізу сапасын арттырудың жалпы үрдісін көрсетеді және превентивті механизмдердің тиімді жұмыс істейтінін көрсетеді.

2025 жылы мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылықтар 2068,7 млн теңгені құрады. 2025 жылы қабылданған шаралармен 2 850,1 млн теңге өтелді және қалпына келтірілді, 47 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке және 41 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 26,9 млн теңге сомасына айыппұл салынды, оның 24,3 млн теңгесі (немесе 90,2 %) өндірілді.

Қорыта айтқанда, есепті кезеңде ішкі мемлекеттік аудит органы жұмысының негізгі көрсеткіштері бойынша тұрақты оң динамика байқалады.

ШҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті

**ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА:
MARKETING@ALTAINEWS.KZ**

ШҚО бойынша ІМАД 2025 жылғы камералдық бақылау қорытындысы

ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен 2025 жылы жалпы сомасы 284,2 млрд. теңгені құрайтын сатып алулар рәсімін камералдық бақылаумен тексеру қамтамасыз етілді.

Нәтижесінде, 35,2 млрд. теңге сомасына бұзушылықтар анықталып, бюджеттік міндеттемелерді заңсыз қабылдау және келісім-шарт жасалмай, қаражат аударылмай тұрып-ақ тоқтатылды.

Сонымен қатар, Департамент камералдық бақылаумен жалпы сомасы 6,7 млрд теңгеге бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу бойынша негізсіз келісім-шарттар жасау фактілерін тоқтатты, бұл тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды бәсекелестік ортаға енгізуге, сол арқылы әлеуетті өнім берушілерге сатып алуға қатысуға тең мүмкіндіктер береді.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алуға жұмсалған қаражаттың оңтайлы және тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету мақсатында 1,1 млрд теңге сомасына қосымша келісімдерді негізсіз жасау фактілерін анықталып тоқтатылды.

Талдау көрсеткендей, жиі кездесетін бұзушылықтар – стандарттарды көрсетпеу, мерзімдерді көрсетпеу, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасын орналастырмау, заңда көзделмеген жағдайларда үлгілерді, тауар белгілерін және қызмет көрсету белгілерін көрсете отырып, дұрыс емес демингтік көрсеткішті белгілеу және басқа бұзушылықтар.

Тікелей шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу жүзеге асырған жағдайда тапсырыс берушілер «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚР Заңының 16-бабында көзделген тиісті негіздерсіз бұл әдісті таңдауға жиі жол береді.

Жекелеген жағдайларда, хабарламаларды орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін лауазымды тұлғаларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы 42 іс қозғалған.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу, ескерту және дер кезінде анықтау бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

Шағын және орта бизнес субъектілерінің назарына!

Шығыс Қазақстан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің №16,17 және 22 республикалық мемлекеттік мекемелері шағын және орта бизнес субъектілерін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің өнеркәсіптік аймағының аумағында өндірістер ашуға шақырады.

Артықшылықтары:

- * ең төменгі еңбекақы төлеу кезінде сотталғандарды жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне байланысты экономикалық пайда;
- * өндірістік үй-жайлардың, жұмыс істеп тұрған цехтардың болуы;
- * жалдау ақысының болмауы;
- * объектілерді күзетуді қамтамасыз ету және дабыл орнатудың не күзет қызметкерлерінің қажеттілігінің болмауы;

* қызметкерлерді тұрақты шығарумен қамтамасыз ету, жұмыстан негізсіз кету, сабаққа келмеу, кешігу және т.б. мүмкіндігі алынып тасталады.;

* кәсіпкердің қолда бар мүмкіндіктерді ескере отырып, еркін үй-жайды өзі таңдау мүмкіндігі;

* дайын инфрақұрылымның болуы;

* білікті персоналды іріктеу үшін жұмыспен қамту органдарына жүгінудің қажеті жоқ, мекеме әкімшілігі мен қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындары кәсіпкерге ұсынылуы мүмкін мамандардың есебін жүргізеді.

Шарттар шағын және орта бизнес субъектісінің Қызмет түріне және мүдделілігіне қарай жасалады (сенімгерлік басқару шарты (бұдан әрі – КҚБ) үй-жайды жалдау төлемінсіз беруді көздейді).

Бұл ретте қолданыстағы заңнамаға сәйкес ДДҰ шартын жасасу кезінде таза табыстың (пайданың) кемінде 50% төлеу жүзеге асырылады. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу нақты жұмсалған коммуналдық қызметтерге, сондай-ақ атқаратын алаңына байланысты мемлекеттік мекеменің тарифтері бойынша жүзеге асырылады (электр энергиясы-1 кВт үшін ҚҚС-пен 68 теңге (есептеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша), №16-20138 мекеме бойынша жылу энергиясы, 11 теңге, №17-26587 мекемелер, 53 теңге, № 22-5370 мекемелер, 10 теңге 1 Гкл үшін (алынған квадратураға сәйкес). Тарифтер 2023 жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша хабарландыру жарияланған кезде көрсетілген.

Осыған байланысты қылмыстық-атқару жүйесі кәсіпорындарының бос алаңдарында өз өндірісіңізді ашуды ұсынамыз.

Есептелетін бос өндірістік алаңдардың саны туралы ақпарат Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД №№ 16,17,22 мекемесінің балансында.

№ филиалдың атауы	бос алаң	еңбекке қабілетті адамдар саны
1 Мекеме № 16 (ШҚО, Өскемен қаласы, Малдыбаев көшесі, 170)	2018,0 кв. м.	500
2 Мекеме № 17 (ШҚО, Өскемен қаласы, Чкалов көшесі, 34)	1691,4 кв.м.	700
Барлығы:	3 709,4 кв. м.	1 380

Сізді қызықтыратын сұрақтар бойынша «№ 16 мекеме» РММ-не хабарласуыңызды сұраймыз, телефондары: 55-36-30; «№ 17 мекеме» РММ тел. 78-91-07 немесе Шығыс Қазақстан облысы бойынша ҚАЖД департаментіне 8-(7232)-56-03-07 телефон нөмері бойынша, ҚАЖД департаментінің Шығыс бойынша сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобына.

«Өскемен қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы қаулы жобасына БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 124-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» № 590 қаулысына сәйкес бөлімнің ережесін бекіту қажеттілігі туындап отыр.

Аталған шаралар мемлекеттік функцияларды тиімді жүзеге асыруды және бөлім жұмысының ұйымдастырушылық деңгейін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ереже белгіленген тәртіппен қарауға және бекітуге ұсынылатын болады.

Көрсетілген қаулы жобасының қабылдау «Өскемен қаласының мәдениет тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту үшін қажет.

Қаулы бюджеттен қаржылық шығындарды қарастырмайды және теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкелмейді.

Қаулы жобасының толық мәтінімен Өскемен қаласы әкімдігінің ресми сайтында танысуға болады.

Сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-oskemen/documents/details/973915?lang=kk>

2025 жылдан 2030 жылға дейін Өскемен қаласының аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызметтерді жеткізушіні айқындау жөніндегі хабарландыру

2026 ж. бастап 2030 ж. қоса алғанда «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ Өскемен қаласының аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызметтерді жеткізушіні айқындау жөніндегі тендер өткізілетіні туралы хабарлайды. Ол 2026 жылғы 16-наурызда сағат 10:00-де ШҚО, Өскемен қаласы, Пермитин көшесі, 17 мекенжайы бойынша өтеді.

Конкурсқа келесі лоттар (учаскелер) қойылады:

№	Учаске №	Учаскелердің шекаралары	Халық саны (адам)
1	1	Меновное а., Ахмер а., Жаңа-Ахмер а., Ново-Явленка а., Прудхоз а., 22 шағын аудан, 23 шағын аудан, 28 шағын аудан, 20 шағын аудан, 21 шағын аудан, 25 шағын аудан, 27 шағын аудан, Самсоновка а., Жібек Жолы, Сәтбаев (жұп жағы), Сәтбаев (Премьера ТК, Жаным ТК), Өтепов, Жастар, Қазыбек би, Әл-Фараби, Есенберлин, Prime Park ТК, Көкжал Барак, Уәлиев	89 358
2	2	Сол жағалау к., Рижская, Ульяновская, Ульяновский к. (18 шағын аудан), Күленов к. (16 шағын аудан), Молдағұлова (16 шағын аудан), Энтузиастов (16 шағын аудан), Халықтар достығы (16 шағын аудан), Шарипов, Жыланды к., ЖМК шағын ауданы (тақ жағы), Сәтбаев (тақ жағы), Ново-Троицкое а.	23 979
3	3	Әуешай, Прохладная, Кирзавод, Назарбаев (Бражий бұлағынан Прохладный шағын ауданына дейін), Защита шағын ауданы, Нефтебаза шағын ауданы, Щербатов, Бажов, Казанская, Косарев, Филатов, Тынышпаев, Теміржолшылар, Вострецов, Братская, Макаренко, Беспалов, Ломоносов, Добролюбов (жұп жағы емес), Б.Гагарин (Микояннан Карбышевқа дейін), Микоян, Беспалов, Маяковский, Карбышев, Восточная, Виноградов (жұп жағы емес), Севастопольская, Серікбаев (студ. қалашығы), Мирный к.	85 913
4	4	Красин к., Комсомольский к, Комсомольский к. саяжайлар, Шмелев лог, Северный к., Леваневский, Бабкина мельница к., Полевая, Грибоедов, Гвардейская, Волгоградская, Абай (Кіші айналма жолдан Сограға дейін), Қайсенов, А.Чехов, К.Либкнехт, Чернышевский, Нұрмағамбетов, Пермитин, Жеңіс, Тоқтаров, М. Горький, Қазақстан (Қабанбай Батырдан Бейтерек айналасына дейін), Қабанбай батыр (жұп жағы емес), Бейбітшілік, Славский, Протозанов (Қабанбай Батырдан Славскийға дейін), Крылов, Әуезов, Согра шағын ауданы, Радужное тұрғын алабы, Бобровская, Усть-Каменогорская, Егоров, Вешний, Шахметов, Постышев, Фасадная, Долгая деревня, Стройплощадка, Краснознаменная, Заводская, Рабочая, Ново-Рабочая, Калинин, Промышленная, Чистяков, Гастелло, Куйбышев, Тюлений, Стаханов, Гоголь, Металлургтер, Чернов, Тихая, Белинский, Достоевский, Шәкәрім, Ғарышкерлер, Абай (басынан бастап Тракторнаяға дейін), Бажов (Абайдан өткелге дейін), Назарбаев (Үлбі көпірінен Бражий бұлағына дейін жұп жағы), Менделеев, Красин, Михаэлис, Алматинская, Тимирязев, 30-шы Гвардиялық дивизия, Астана, К. Бітібаева, Ө. Қашаубаев, Потанин, Добролюбов (жұп жағы), Б.Гагарин (Назарбаев даңғылынан Микоян көшесіне дейін), Л.Чайкина, Виноградов (жұп), Назарбаев, Серікбаев, Промбаза, Индустриальная, Геологическая, Аблакетка, Челюскин, Шлюзная, Правда, Физкультурная, Островский, Пахомов, Мамедов, Глинка, Громов, Больничная, 3-ші Аллейская, Аллейская	207 557
5	5	Қабанбай Батыр (жұп жағы), Қабанбай Батыр, 13,15,17, Лев Толстой, Новаторлар, Буров, Мыза, Протозанов 1-ден 41-ге дейін, Қазақстан (Қабанбай батыр қиылысынан Мызаға дейін), Загородный к., Арматурный, Свобода, Машиностроителей	45 211

Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, тендерлік құжаттама шарттарына сәйкес келетін кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не тендерлік құжаттар жиынтығын алуға жазбаша өтінім ұсынады: мекенжайы - ШҚО, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі 27, № 302 каб.

Тендерге қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 16 наурыз, сағат 09:00-ге дейін.

2026 жылғы 16 наурыз сағат 10:00-де конкурстық Комиссия конкурс өткізу мәселелері бойынша конкурс алдындағы конференция өткізеді.

Анықтама алу үшін байланыс телефоны: 8 (7232) 26-40-58.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«BEDROCK» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысының «Шұбаршілік» учаскесінде 17 блок: «М-45-99-(10г-5а-12); М-45-99-(10г-5а-13); М-45-99-(10г-5а-14); М-45-99-(10г-5а-15); М-45-99-(10г-5а-17); М-45-99-(10г-5а-22); М-45-99-(10г-5а-23); М-45-99-(10г-5а-25); М-45-99-(10г-5в-11); М-45-99-(10г-5в-16); М-45-99-(10г-5в-21); М-45-99-(10г-5г-1); М-45-99-(10г-5г-6); М-45-99-(10г-5г-11); М-45-99-(10г-5в-5); М-45-99-(10г-5в-10); М-45-99-(10г-5в-15)» шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына Экологиялық рұқсат алу үшін материалдар» бойынша ашық жиналыс нысанында **қоғамдық тыңдаулар** өткізілетіні туралы хабарлайды.

«Шұбаршілік» учаскесі Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданында орналасқан, жақын елді мекендер: Майемер ауылы, «Шұбаршілік» учаскесінен оңтүстік-шығысқа қарай 5,1 км жерде. «Шұбаршілік» учаскесінің ауданы-36,72 км2.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 49° 02' 00" с.ш., 85° 04' 00" в.д.; 2. 49° 06' 00" с.ш., 85° 04' 00" в.д.; 3. 49° 06' 00" с.ш., 85° 05' 00" в.д.; 4. 49° 07' 00" с.ш., 85° 05' 00" в.д.; 5. 49° 07' 00" с.ш., 85° 02' 00" в.д.; 6. 49° 06' 00" с.ш., 85° 02' 00" в.д.; 7. 49° 06' 00" с.ш., 85° 03' 00" в.д.; 8. 49° 05' 00" с.ш., 85° 03' 00" в.д.; 9. 49° 05' 00" с.ш., 85° 01' 00" в.д.; 10. 49° 08' 00" с.ш., 85° 01' 00" в.д.; 11. 49° 08' 00" с.ш., 85° 06' 00" в.д.; 12. 49° 02' 00" с.ш., 85° 06' 00" в.д.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты - 09.04.2026 ж., сағат 10:00, Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен Нарын ауданы, Алтынбел а.о., Майемер а., ауылдық клуб.

Бейнеконференция сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/81854555525?pwd=DvAlGQdYks8o1vitVv0pc1XB9Hd2lU.1>

Конференция идентификаторы: 818 5455 5525

Кіру коды: 052262

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган – Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті. 070003, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 12 үй, телефон - 8 (7232) 76 76 82, сайт - https://egov.kz/cms/ru/articles/ecology/dep_eco.

Тапсырыс беруші: «BEDROCK» ЖШС, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 36 үй, 41 пәтер. БСН 250840004775.

Әзірлеуші: «ЭкоОптимум» ЖШС, Астана қ., Момышұлы даңғылы 12, «Меруерт Тау» БО, 302-кеңсе, БСН 090140012657.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 070004, Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі, 19, email – g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, телефон - 8(7232) 25-73-20.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылады: «Didar», «Рудный Алтай» газеттерінде, «Altai» телеарнасының эфирінде, сондай-ақ ауылдық клубтың хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«BEDROCK» ЖШС Шығыс Қазақстан облысының «Шұбаршілік» учаскесінде 17 блок: «М-45-99-(10г-5а-12); М-45-99-(10г-5а-13); М-45-99-(10г-5а-14); М-45-99-(10г-5а-15); М-45-99-(10г-5а-17); М-45-99-(10г-5а-22); М-45-99-(10г-5а-23); М-45-99-(10г-5а-25); М-45-99-(10г-5в-11); М-45-99-(10г-5в-16); М-45-99-(10г-5в-21); М-45-99-(10г-5г-1); М-45-99-(10г-5г-6); М-45-99-(10г-5г-11); М-45-99-(10г-5в-5); М-45-99-(10г-5в-10); М-45-99-(10г-5в-15)» шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлері туралы есеп» бойынша ашық жиналыс нысанында **қоғамдық тыңдаулар** өткізілетіні туралы хабарлайды.

«Шұбаршілік» учаскесі Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданында орналасқан, жақын елді мекендер: Майемер ауылы, «Шұбаршілік» учаскесінен оңтүстік-шығысқа қарай 5,1 км жерде. «Шұбаршілік» учаскесінің ауданы-36,72 км2.

Учаскенің географиялық координаттары: 1. 49° 02' 00" с.ш., 85° 04' 00" в.д.; 2. 49° 06' 00" с.ш., 85° 04' 00" в.д.; 3. 49° 06' 00" с.ш., 85° 05' 00" в.д.; 4. 49° 07' 00" с.ш., 85° 05' 00" в.д.; 5. 49° 07' 00" с.ш., 85° 02' 00" в.д.; 6. 49° 06' 00" с.ш., 85° 02' 00" в.д.; 7. 49° 06' 00" с.ш., 85° 03' 00" в.д.; 8. 49° 05' 00" с.ш., 85° 03' 00" в.д.; 9. 49° 05' 00" с.ш., 85° 01' 00" в.д.; 10. 49° 08' 00" с.ш., 85° 01' 00" в.д.; 11. 49° 08' 00" с.ш., 85° 06' 00" в.д.; 12. 49° 02' 00" с.ш., 85° 06' 00" в.д.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты - 09.04.2026 ж., 10:00, Шығыс Қазақстан облысы, Үлкен Нарын ауданы, Алтынбел а.о., Майемер а., ауылдық клуб.

Бейнеконференция сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/86850771967?pwd=HGmbH9aF7LtlW5r36TFuSDbPUaFbs.1>

Конференция идентификаторы: 868 5077 1967

Кіру коды: 006013

Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz

Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган – Шығыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті. 070003, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 12 үй, телефон-8 (7232) 76 76 82, сайт - https://egov.kz/cms/ru/articles/ecology/dep_eco.

Тапсырыс беруші: «BEDROCK» ЖШС, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 36 үй, 41 пәтер. БСН 250840004775.

Әзірлеуші: «ЭкоОптимум» ЖШС, Астана қ., Момышұлы даңғылы 12, «Меруерт Тау» БО, 302-кеңсе, БСН 090140012657.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 070004, Өскемен қаласы, К. Либкнехт көшесі 19, email – g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz, телефон - 8(7232) 25-73-20.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылады: «Didar», «Рудный Алтай» газеттерінде, «Altai» телеарнасының эфирінде, сондай-ақ ауылдық клубтың хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«BEDROCK» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысындағы Громотушка учаскесіндегі қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлері туралы есеп 17 блок шегінде: М-45-110-(10v-5b-9); М-45-110-(10v-5b-14); М-45-110-(10v-5b-19); М-45-110-(10v-5b-20); М-45-110-(10v-5b-25); М-45-111-(10а-5а-13); М-45-111-(10а-5а-14); М-45-111-(10а-5а-16); М-45-111-(10а-5а-17); М-45-111-(10а-5а-18); М-45-111-(10а-5а-19); М-45-111-(10а-5а-20); М-45-111-(10а-5а-21); М-45-111-(10а-5а-22); М-45-111-(10а-5а-23); М-45-111-(10а-5а-24); М-45-111-(10а-5а-25).

Учаскенің географиялық координаттары: Солтүстік ендік: 1) 48° 55' 00", 2) 48° 56' 00", 3) 48° 56' 00", 4) 48° 59' 00", 5) 48° 59' 00", 6) 48° 59' 00", 7) 48° 57' 00", 8) 48° 58' 00", 9) 48° 58' 00", 10) 48° 57' 00", 11) 48° 57' 00", 12) 48° 55' 00".

Шығыс бойлық: 1) 84° 59' 00", 2) 84° 59' 00", 3) 84° 58' 00", 4) 84° 58' 00", 5) 84° 59' 00", 6) 84° 59' 00", 7) 84° 58' 00", 8) 85° 02' 00", 9) 85° 04' 00", 10) 85° 04' 00", 11) 85° 05' 00", 12) 85° 05' 00".

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 10 сәуірде сағат 15.00-де өтеді. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Маралды ауылдық округі, Үшбұлақ ауылы, ауылдық клуб ғимаратында. Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы керек.

Қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде де қолжетімді болады.

Тыңдауларға онлайн қатысу үшін Eco Optimum сізді жоспарланған конференцияға шақырады, сілтеме бойынша өтіңіз:

ZOOM конференциясына қосылыңыз:
<https://us06web.zoom.us/j/89909934704?pwd=yjZO4KaiPJZbA3z4s7PwCfVdfa4EDR.1>

Конференция идентификаторы: 899 0993 4704

Кіру коды: 122613

Тапсырыс берушінің бастамашысы «BEDROCK» ЖШС, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 36-үй, 41-пәтер. БИН 250840004775. ИИККЗ218562203147895303КЗТАҚ Центр Кредит Астана БИК КСЖВКЗКХ

Директор: Зенг Ки

Әзірлеуші: Астана қаласы «ЭкоОптимум» ЖШС, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12, «Меруерт-Тау» БО, 202-кеңсе, тел. 8 775 931 98 96

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz>; <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы және пошталық мекенжайы: «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі: 070004, Өскемен қ., К. Либкнехт көшесі, 19, тел: +7 (7232) 25-73-20, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы 070004, Өскемен қ., К. Либкнехт көшесі, 19, тел: +7 (7232) 25-73-20, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылады: «Алтай» телеарнасы және «Didar», «Рудный Алтай» газеттері.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«BEDROCK» ЖШС жобаға әсер ету үшін экологиялық рұқсат алу үшін материалдарға (ҚОҚБ, ӨЭБ, ҚББ, РЕШН, ҚОҚЖ) қатысты ашық жиналыс түрінде қоғамдық **тыңдаулар өткізеді** «Шығыс Қазақстан облысы 17 блок шегінде: М-45-110-(10v-5b-9); М-45-110-(10v-5b-14); М-45-110-(10v-5b-19); М-45-110-(10v-5b-20); М-45-110-(10v-5b-25); М-45-111-(10а-5а-13); М-45-111-(10а-5а-14); М-45-111-(10а-5а-16); М-45-111-(10а-5а-17); М-45-111-(10а-5а-18); М-45-111-(10а-5а-19); М-45-111-(10а-5а-20); М-45-111-(10а-5а-21); М-45-111-(10а-5а-22); М-45-111-(10а-5а-23); М-45-111-(10а-5а-24); М-45-111-(10а-5а-25) орналасқан Громотушка учаскесінің қатты пайдалы қазбаларын барлау жоспары». Учаскенің географиялық координаттары: Солтүстік ендік: 1) 48° 55' 00", 2) 48° 56' 00", 3) 48° 56' 00", 4) 48° 59' 00", 5) 48° 59' 00", 6) 48° 57' 00", 7) 48° 57' 00", 8) 48° 58' 00", 9) 48° 58' 00", 10) 48° 57' 00", 11) 48° 57' 00", 12) 48° 55' 00".

Шығыс бойлық: 1) 84° 59' 00", 2) 84° 59' 00", 3) 84° 58' 00", 4) 84° 58' 00", 5) 84° 59' 00", 6) 84° 59' 00", 7) 85° 02' 00", 8) 85° 02' 00", 9) 85° 04' 00", 10) 85° 04' 00", 11) 85° 05' 00", 12) 85° 05' 00".

Тыңдау 10.04.2026 жылы сағат 16.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы, Маралды ауылдық округі, Үшбұлақ ауылы, ауылдық клуб ғимаратында. Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы керек.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференциялар арқылы онлайн режимінде қолжетімді болады. Онлайн тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту керек, Eco Optimum сізді жоспарланған конференцияға шақырады: конференцияға қосылу:

<https://us06web.zoom.us/j/84380009973?pwd=MDUyYEOtNjBloxplE4MPRT52lp8sBru.1>

Конференция идентификаторы: 843 8000 9973

Кіру коды: 937865

Тапсырыс берушінің бастамашысы «BEDROCK» ЖШС, 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 36-үй, 41-пәтер. БИН 250840004775. ИИККЗ218562203147895303КЗТАҚ Центр Кредит Астана БИК КСЖВКЗКХ

Директор: Зенг Ки

Әзірлеуші: Астана қаласы «ЭкоОптимум» ЖШС, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12, «Меруерт-Тау» БО, 202-кеңсе, тел. 8 775 931 98 96

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz>; <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы және пошталық мекенжайы: «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі: 070004, Өскемен қ., К. Либкнехт көшесі, 19, тел: +7 (7232) 25-73-20, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы 070004, Өскемен қ., К. Либкнехт көшесі, 19, тел: +7 (7232) 25-73-20, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылады: «Алтай» телеарнасы және «Didar», «Рудный Алтай» газеттері.

КӨҢІЛ АЙТУ

Шығыс Қазақстан облысының еңбек сіңірген металлургі, тыл еңбеккері **Боқай Сейілғазиннің** дүниеден өтуіне байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Боқай Сейілғазин 1930 жылы Ұлан ауданының Қызыл әскер колхозында дүниеге келген. Ел басына қиын кезең келгенде тылда еңбек етіп, жастайынан маңдай терін төкті. Кейін саналы ғұмырын металлургия саласына арнап, ұзақ жыл жемісті еңбек етті.

Ол сіне мығым, сөзіне берік, абыройлы азамат еді. Адамгершілігі, жауапкершілігі мен еңбекқорлығы оны әріптестері мен замандастары арасында қадірлі етті. Өнегелі өмір жолы мен есімі ел жадында сақталады.

Орны толмас қазаға байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына сабыр мен төзімділік тілейміз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болсын!

Құдалары – Комбаевтар әулеті

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕЛУДЕ

■ ШҚО, Глубокое ауданы, Опытное поле ауылы, Молодежная көшесі, 20/1 мекенжайында тұрған **Амренов Саби** (туған жылы 10.02.1941) 06.04.2017 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар нотариус О.П.Потаповаға ШҚО, Глубокое ауданы, Глубокое кенті, Попович көшесі, №30 үй, №16 кеңсе мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел: 8 (72331) 28-061, 8-777-372-95-07.

ЖАРНАМА БӨЛІМІНІҢ
ТЕЛЕФОНЫ: 8 777 23 97 682

#РЕФЕРЕНДУМ ҚАРСАҢЫНДА

Ата Заң жобасын қолдауға арналған ауқымды live-концерт өтті

✍ **Елизавета СЕДЫХ**
📷 **Артём ЖИГУЛИН**

Өскемен қаласындағы Maxi Mall сауда-ойын-сауық орталығында жаңа Ата заң жобасын қолдауға арналған live-концерт ұйымдастырылып, қала тұрғындары мен қонақтарын жинады. Іс-шараның басты мақсаты алдағы референдумның маңызын кеңінен түсіндірумен қатар, азаматтық белсенділікті арттыру және қоғам назарын конституциялық өзгерістердің мәніне аудару болды.

Алдағы референдум – елдің құқықтық және саяси дамуындағы жаңа кезеңді айқындайтын маңызды жалпыхалықтық шешім. Оның басты мақсаты – Ата заңды заман талабына бейімдеу, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру және қоғамдағы әділеттілік қағидаттарын институционалды тұрғыдан нығайту.

Ұсынылып отырған конституциялық өзгерістер жекелеген нормаларды жаңартумен шектелмей, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік тетіктерін нақтылауға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтуге бағытталған. Бұл түзетулер Ата заңның стратегиялық рөлін күшейтіп, қоғам мен мемлекет арасындағы жауапкершілік теңгерімін жаңа деңгейде айқындауға мүмкіндік береді.

Концерт басталардан бұрын-ақ сауда орталығына қала тұрғындары мен қонақтары көптеп жиналды. Көрермендердің қарасы қалың болғанына қарамастан, келгендердің барлығы кештің басты сахнасы орналасқан кең холдан немесе сахнаға жақсы көрініс ашылатын екінші қабаттан орын таба алды.

Көрермендерге референдумды қолдауға бағытталған мазмұнды концерттік бағдарлама мен түрлі шығармашылық нөмірлер ұсынылды. Кеш



шымылдығы музыкалық қойылымдармен ашылды. Қонақтарға естелік жалаушалар мен алдағы референдум туралы ақпараттық буклеттер таратылды.

Айта кетейік, кештің хедлайнерлері – танымал әншілер Садраддин, Мирас Жүгінісов және Еркін Нұржанов. Сондай-ақ сахнада жергілікті өнерпаздар – Эльдар Уадинов, Апош Сарбаз, Нұргүл Қабдоллаева, Арника Байбусинова, Ерасыл Ринатов, Анара Шөкенова, Юлия Юрочкина, Роман Хохлов, Әсем Рыспаева, Евгений Выблов және Влад Лоскутов өнер көрсетті.

Концерт барысында көрермендер жергілікті әртістер мен шақырылған жұлдыздардың өнерін тамашалап қана қоймай, алдағы референдумның маңызы туралы тағы бір мәрте ой елегінен өткізуге мүмкіндік алды.

Кеш барысында сахнадан облыстық мәслихат төрағасы Денис Рыпаков жастарға арнайы үндеу жасап, олардың ел болашағындағы рөліне тоқталды.

– Сіздер – біздің байлығымыз, біздің күшіміз, еліміздің болашағысыздар. Баршаңызды жаңа Ата заң үшін, Әділетті Қазақстан үшін дауыс беруге шақырамын, – деді ол.

Бұл үндеу жастар тарапынан қызу қолдау тапты. Іс-шарадағы жалпы ат-

мосфера азаматтық жауапкершілік пен қоғамдық бірлік идеяларымен астасып, мәдени форматтағы насихат жұмыстарының тиімділігін аңғартты.

– Конституцияның толық мәтінін де, жаңа жобасын да оқып шықтым. Жалпы өзгерістер қажет деп санаймын. Референдумға міндетті түрде қатысамын. Әр азамат дауыс беруі керек деп ойлаймын, – дейді қала тұрғыны Анель Рамазанова.

– Концертке қызыммен және ініммен бірге келдім. Жоғары деңгейде өтті, халық өте көп. Көпшілікке ұнағаны көрініп тұр, осындай шаралар жиі ұйымдастырылса екен, – деді қала тұрғыны Алмат Аханов. – Конституция жобасымен алдағы күндері толық танысып білемін, референдумға қатысамын.

Осылайша мәдени форматта өткен концерт тек ойын-сауық шарасы ғана емес, алдағы референдумның маңызын түсіндіруге бағытталған қоғамдық диалог алаңына айналды. Бұл, өз кезегінде, Ата заңға енгізілетін өзгерістердің мазмұны мен ел дамуының құқықтық бағдарына қатысты халықтың белсенді қатысуын ынталандыратын маңызды ақпараттық-идеологиялық іс-шара ретінде бағаланды.

Жұлдыз-жорамал
(9 – 15 наурыз)

ТОҚТЫ Бұл апта сіз үшін қозғалыс пен шешім қабылдау кезеңі болмақ. Жұмыста немесе оқуда бастама көтерсеңіз, басшылық тарапынан қолдау табуыңыз мүмкін. Дегенмен асығыстық танытпай, әр қадамыңызды ой елегінен өткізіңіз. Апта соңында өзіңізге демалыс ұйымдастырған дұрыс.

ТОРПАҚ Бұл кезең тұрақтылық пен сабырды талап етеді. Қаржылық мәселелерге ерекше көңіл бөліп, артық шығыннан аулақ болыңыз. Жұмыста баяу болса да, сенімді алға жылжу байқалады. Отбасымен уақыт өткізу сізге күш береді.

ЕГІЗДЕР Қарым-қатынас пен жаңа ақпарат бұл аптада басты рөл атқарады. Келіссөздер, кездесулер және таныстықтар сәтті өтеді. Идеяларыңызды батыл ұсыныңыз, олар қолдау табуы мүмкін. Алайда эмоцияға берілмей, нақты дерекке сүйеніңіз.

ШАЯН Сезімталдық күшейіп, ішкі жан дүниенің көбірек көңіл бөлесіз. Отбасылық мәселелер бірінші орынға шығуы мүмкін. Жақындарыңызбен ашық сөйлесу көп түйінді шешеді. Жұмыста асықпай, сабырмен әрекет еткен жөн.

АРЫСТАН Бұл аптада сіздің беделіңіз артуы мүмкін. Көпшілік алдында сөйлеу немесе өз жобаңызды қорғау сәтті өтеді. Шығармашылық идеялар молаяды. Дегенмен өзіңізді тым жоғары қойып жібермеңіз, қарапайымдылық табысқа жеткізеді. Қаржы мәселесінде табыс болуы ықтимал.

БИКЕШ Жоспарлау мен тәртіп сіздің басты қаруыңыз болады. Құжаттар, есептер немесе маңызды тапсырмалармен айналысуға қолайлы уақыт. Ұсақ-түйекке бола уайымдамаңыз, басты мақсатқа назар аударыңыз. Қаржы саласында тұрақтылық байқалады.

ТАРАЗЫ Тепе-теңдік сақтауға тырысыңыз. Жұмыста жаңа ұсыныстар болуы мүмкін, оларды мұқият қарастырған жөн. Қарым-қатынаста түсіністік пен дипломатия қажет. Кейбір ескі мәселелер қайта көтерілуі ықтимал, бірақ оларды шешуге мүмкіндік бар.

САРЫШАЯН Бұл апта батыл шешімдер қабылдауға қолайлы. Интуицияңыз күшейіп, дұрыс бағыт көрсетеді. Қаржы немесе жұмыс саласында маңызды өзгерістер болуы мүмкін. Құпия жоспарларыңызды көпшілікке жария етпеген жөн.

МЕРГЕН Жаңа мүмкіндіктер мен білім алу кезеңі басталады. Сапар немесе оқуға байланысты жоспарлар жүзеге асуы мүмкін. Оптимизм мен сенімділік сізді алға жетелейді. Қаржы мәселесінде абай болыңыз, артық тәуекелге бармаңыз.

ТАУЕШКИ Жауапкершілік артып, жұмыс көлемі көбейеді. Сізге сенім артып, маңызды тапсырма беруі ықтимал. Сабыр мен табандылық табысқа жеткізеді. Қаржылық тұрақтылық сақталады, бірақ үнемшілдік артық болмайды. Жеке өмірде ашық сөйлесу маңызды.

СУҚҰЙҒЫШ Жаңашыл идеялар мен тосын ұсыныстар болуы мүмкін. Достар немесе әріптестермен бірлескен жобалар сәтті өтеді. Қарым-қатынаста шынайылық маңызды. Қаржы жағынан шағын табыс болуы ықтимал. Эмоциялық тұрақтылық сақтауға тырысыңыз.

БАЛЫҚ Сезімталдық пен романтикалық көңіл күй артады. Шығармашылық қабілетіңізді көрсетуге жақсы уақыт. Қаржы мәселесінде сақтық танытыңыз. Жұмыста сабыр сақтап, асықпаған жөн. Жақындарыңызбен жылы қарым-қатынас орнату маңызды.



DIDAR газетіне **ЖАЗЫЛУ ЖҮРҮДЕ**

Индекс	«Қазпошта» АҚ арқылы				Редакция арқылы				
	1 ай, теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге	Индекс	1 ай, теңге	3 ай, теңге	6 ай, теңге	12 ай, теңге
19071 (жеке)	872	2616	5232	10464	19071 (жеке)	686	2058	4116	8232
19073 (жеңілдік)	832	2496	4992	9984	19073 (жеңілдік)	616	1848	3696	7392
19072 (мекеме)			8003	16006	19072 (мекеме)			5520	11040

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«DIDAR» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген.

«DIDAR» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері.

Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
А.К. ДҮЙСЕНОВ

Контент-редактор
А.БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97

Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didargazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.

® белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.

Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет
«Дом печати» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Павлодар облысы,
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143.

Көлемі 5
баспа табақ.
Газет аптасына
бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №10

